



**АЛТЫН ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
СӘДУАҚАСОВА**

**МЕНІҢ
ӨМІРІМ
ЖАЙЛЫ**

Курметі Азаматте

Азаматте

Бүч өмірге сизге

керекі сөздер

мені күрметі

бастарыңызға

менің

менің

менің

менің

менің

менің

менің

менің

менің

МЕНІҢ ӨМІРІМ ЖАЙЛЫ

**Алтын Төлегенқызы
Сәдуақасова**

2022 ЖЫЛ

УДК 821. 512. 122
ББК 84 (5Қаз)
М 45

М 45 Менің өмірім жайлы. Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова -
Алматы қ.: 2022. – 120 б.

ISBN 978-601-354-055-9

Бұл кітапта Қазақстанда көп адамдарға танымал азамат – Сәдуақасова Алтын Төлегенқызының естеліктері – 40 жыл Солтүстік Қазақстан облысындағы Ыбыраев атындағы кеңсарында ауыл фельдшері болып жұмыс істеген кездеріндегі куә болған көріністердің жинағы - есте қалған оқиғалар, адамдар, қарым-қатынастар туралы.

Көп әсер аласыз деп сенеміз, егер сіз Қазақстанда совет уақытындағы қарапайым адамдардың қарым-қатынастары қандай болғанын білгіңіз келсе, немесе, тарих зерттеуші болсаңыз.

Ол кездің суығын да, ыстығын да танитын боласыз.

Пікір бөлісеміз десеңіздер, қош келдіңіз! 279999@mail.ru.

УДК 821. 512. 122
ББК 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-354-055-9

@ «Service Press» 2022

Тарих иесі

Бұл кітап - қырық жыл ауыл фельдшеры болып жұмыс істеген, Қазақстанда көп адамдарға танымал адам – Сәдуақасова Алтын Төлегенқызының естеліктері. Әрине, қырық жылда қанша айтарлық естелік жиналады!

Соғыс кезінде туып, совет өкіметінің уақытында жасап, «перестройкадан» өтіп, егеменді Қазақстан уақытына куәгер болып жүр! Бұл кісінің өмірбаяны – пендей байлық!

Біраз уақыт бұрын «естеліктерінді жазсаң – қандай тамаша болар еді!»- деп, айтатынмын. Неге десеніз? Мамам - Алтын Төлегенқызы көпті көрген! Көп жасаған! Адал жүрек адам! Ол кісі жұмысына беріліп жасаған. Жұмыстан түскі тамаққа келсе, үйде бір-екі кісі күтіп отырады қарануға. Кешке қарай үйге кісілер тоқтамай келе беретін, біреулер ауырып қалса. Сонда бұл кісі ішіп жатқан тамағын тастайтын, ауырып қалған жайы болса да, түн болса да, боран болып жатса да, шақырған үйге баратын. Әкем күнделігіне былай жазыпты: «...күні-түні, боран-жауын демейді, кім шақырса, соған алды-артына қарамай, әлі де солай кете баратын, ...тоңып-жаурап үйге келетін, кей уақытта аяқ-колы үсуге жақындап, көзі жасаурап, айтуға сөз болмай, аяғын шешуге шамасы келмейтін күндері болатын».

Біздің үлкендеріміз – бірінші, біздің туыстарымыз, скінші – тарих байлығының иелері! Олардан басқа бізге әкешеміздің жас кезінде қандай болғанын, өзіміз бала кезімізде қандай болғанымызды, туыстарымыз туралы, еліміз туралы, сол кездегі ел азаматтары туралы, ол кездегі ксеректі, маңызды оқиғалар туралы кім нақты айтып бере алады? Олар өз қарапайым басымен талай кездерді өткен. Өз көздерімен талайды көрген. Өз шешімдерімен, мақсаттарымен талай дүние өзгерткен! Бұның бәрі – кәдімгі тарих. Кітаптағы тарихқа қарағанда – қарапайым, жылырақ,

өзімізге жақынырақ, қызықтау тарих. Тура өзіңнің ата-бабаларың, көршілерің туралы. Тіпті, әке-шешенді да жаңадан танығандай боласың!

Сол себептен мен бұрыннан бері анамның естеліктері жазылып, басылып, елге оқымал болғанын арман еткенмін!

Бұл кітапта көп кісілер туралы айтылған, одан да көп кісілер туралы айтылмаған. Әрине, шағын ғана жинақта өмірінде болған көп оқиғаларды сыйдыру – күрделі. Бәлкім, басқа естеліктерімен тағы кітаптар шығар. Бәлкім, басқа адамдарға естеліктерімен бөлусіге серпін берер!

Жалпы, тек қана қарапайым адамдарға ғана емес, отан тарихын зерттеушілерге естеліктер – нағыз байлық, құны мол дүние. Қарапайым адамдардың естеліктері аз және зерттелмеген дүние десе, жаңылмайтын шығырмыз.

Осымен,

құрметты оқырман, сізге жағымды оқу тілеймін!

Пікір бөліссіздер, қош келдіңіз!
279999@mail.ru және әлеуметтік желілер арқылы
жазғаныңызға риза боламын!

Зәмзәгүл Әбілкәрімова

Халықтың көңілінен шығу

Мен Ыбыраев ауылының құрметті азаматшасымын. «Красный крест», т.б. медальдарының қағазы сақталмапты. Атасының арқасында мен 40 жыл ауылда жұмыс істедім. «Отличник здравоохранения СССР болдым. Грамоталар бар облыстан, республикадан. Менің министрім Түрегелді Шарманов мені 1 рет съезге катыс деді. Бардым. Қызылжарға Атасы өз жұмысымен барып, сол съезде Атасымен фотоға түскеніміз бар.

Осы халықтың көңілінен шығуыма өзім де талаптандым. Уақытында ауырған адамдарға қарап, күн-түн демей. Табельде жеті сағат деп қойылады ғой. Ал мен бүкіл өмірімді халыққа арнадым десем, өтірік айтқаным емес.

Менде мындай қағидалар болған:

1. Шақырым жерге уақытында бару.
2. Ауру адамды түрін көрмей «ана дәріні іш» деп айтпау. Кездескенде, не болмаса телефон арқылы емдеу түрлерін айтпау.
3. Шын көңілмен қабылдау. Шын көңілмен аурулармен қоштасу.
4. Врачтардың назначениелерін уақытында орындау, өйткені сол уақытта ауру адам сені күтіп отырады.
5. Ауру адам мен емделуші адам бір-біріне сеніммен қарау, сендіре білу, түсіндіре білу.

Емдеп жүрген адамың тәуір болып кеткенде, ауруханаға жіберген, апарған адамың сауығып үйіне оралғанда, роддомға апарған адам аман-есен нәрестесімен үйіне оралғанда, өте қуанышты боласың!

Медсоветтен шыққаннан кейін ертең жұмысқа барғың келмей қалады. Бірақ ертеңіне бұрынғыдай жұмысына келесің, жалғастырасың. Өйткені, бұл өмір! Адамның өмірімен ойнауға болмайды! Әрі ауыр жұмыс, әрі қызықты. Кейде түнде бір әйел босанса, таң ата тағы бір әйел босанатын күндер-түндер көп кездесті.

Туған жерім

Ақ-су

Біраз уақытым өтіп жатыр. Уақыттан асқан билік жоқ, уақыттан озған жүйрік жоқ. Адамға Алла бұйыртқан уақыттан қымбат сыйлық жоқ.

Аты-жөнім - Сәдуақасова Алтын Төлегенқызы. Мен Мейраш Әбілкәрім-ұлының зайыбымын. Бұл кісі 40 жыл ұстаз болса, ал мен 40 жыл фельдшер болдым Ыбыраев ауылында.

Мен Ақсу ауылында қарапайым жанұяда 1941 жылы 13 ноябрьде дүние есігін ашыппын. Әкем - Төлеген, шешемнің аты Күлкамила. Әкем – малшы, ал шешем - сауыншы еді.

Аштық жылы. Соғыс жүріп жатқан кез. Киерге киім жоқ кез. Біздер алты бала: төрт қыз, екі ер бала үшін суыққа тоңып, масақ теріп жүрген олар (бір уыс бидай). Осындай қиын кезде тусам да, әкем Төлеген, анамыз Күлкамила біздерді ашықтырмай, тоңдырмай өсіріп жеткізгені үшін бірінші Аллаға, екінші әке-шешемізге мың да бір алғыс рахмет айтып, күнде дұға оқып, иман байлығын тілеймін! «Ендігі жерде артынан баратын дұға» деп айтады молдалар.

Негізі үлкен тәтеміз Зада Төлегенқызының айтуы бойынша 22 февральда туыппын. Үлкен тәтеміз айтып отырады: «Сен туғанда 22 февраль күні. Бәріміз сүйінші сұрап, Қожақанан үйіне бардық. Ол үй үзім нан берді. Баян үйіне барғанда 20 тиын берді. Оны қарға түсіріп алып, іздеп таба алмай үйге келдік. Көп үйге бардық.» Көп ақша жинағанын, 20 тиынды қардан іздеп таба алмағанын, үйге келгенде етіктерінің табанына жабысып, үйге келгенін қызықтап айтып берген. Сол себеппен Атасы (Мейраш) екеумізді Алматыға Марат пен Жанар көшіріп алып кетіп, 2 жыл тұрғанымызда Мараттар 22 февральда бір рет, екінші рет 13 ноябрьде тойлайтынбыз. Кезінде әке-шешем бар

кезінде дұрыстап сұрап алатын едім. Қазір әке-шешем жоқ. Оларға әрқашан иман байлығын берсін деп отырамын!

Мен туған жылы қыс суық болды деседі. Көрші әйелдер қосылып, жылы киініп «масак» теруге шығады екен. Бір уыс бидай үшін күнде-күнде егін еккен жерге барып, төгілген бидай болса, масак болса бастары бар үйге әкеліп кептіріп, ұшырып, қол диірменге салып, бір-бір уыстап ұн қылып әкеледі екен. Масаққа кетерде, киініп, дайындалып жатқанда: «Апа, қар әкелме, бидай әкел десем керек. Сол жолы көп бидай кездеседі екен.

Ол кезде қол диірмен ауылда көп болмаса керек. Исақов Саден жездеміз кілтші болып істепті. Осы үйде үлкен қол диірмен болыпты, ұны жоғары сорт сияқты түседі екен. Саден жездеміз – Салиха-апаның жолдасы. Салихана - әкем Төлеген, Бейсекей, Асқар, Әбілмәжін, Борантай, Қасен деген ағаның жалғыз қарындастары. Мен Саден жездемізді көп көрген жоқпын, есімде бар аздап, ал Салиха анамызды жақсы білем. Ұзын бойлы, ақсары, өте таза кісі болатын. Үйіне барғанда сырланбаған сәкілерін қайта-қайта жуғызатын. Бие байлап, қымыз дайындайтын. Қымызы өте дәмді болушы еді. Мен училище бітіргеннен кейін қайтыс болды.

Мен неше жасымда екенін білмеймін, Ақ-суда әкем Төлеген үйінің Асқар деген інісі көрші тұрды. Жанымызда құдық болатын, суы керемет дәмді, тұшшы еді. Көшеде маңайдағылар бәрі-бәрі суды осы құдықтан алатын.

Осы Асқар ағаның үйінде (ағатай дейтінбіз) болыппын. Асқардың әйелі Несіп, Несіптің әкесі – Манатай-ата үшеуіміз тұрдық. Асқар ағатайым армияға кеткен. 3 жыл жүріп келіпті. Ағатайым келген соң, шожым шылғауынан маған көйлек тікпекші болып, өлшеп аламын деп жатқанда, мен «шожымнан көйлек кимеймін» деп, үйге кетіп қалыппын. Ол кезде мен неше жаста екенім есімде жоқ.

Ақсуда қыздар «бастан» деген жасайтын. Бір үйдің адамдары бір жаққа кетсе, сол үйде бастан қосамыз-әрбіріміз жұмыртқа, қаймақ, құрт, ірімшік, т.б. әртүрлі тамақ әкелеміз, отырамыз. Мағжан, Нәптән, Бақыт, Зейнұр,

көп қыздар. Самар деген атамның қызымен отырып сақина салу ойыны есімде.

Құдыққа суға барамыз. Әлі есімде. Қыстың күні Мағжан суды шелекпен алады да, әлгі суға пимасымен жерге қарға жабыстырады, әйтпесе маған жаңа пима әпермейді деп. Мағжан кітапханадан кітап алыпты «Донкихот» деген, өзінің қолын қоюдың орнына «Кихот» деп жазып қойыпты. Ерке қыз болып өсті.

Мен Ақ-суда оқуды жақсы оқыдым. Класс жетекшіміз Габдуллин Қайыржан географиядан берді бізге. Орыс тілінен Мусин Зекен сабақ берді. Класс жетекшіміз: «тәртіпті болындар, үлкендердің алдынан өтуге болмайды, кәрі адам су әкеле жатса, суын үйіне апара салындар, сонда жақсы адам болып өсесіндер», дейтұғын. Жұматаев Өсербай-ағадан мен оқымадым, Жумин Сабит сабақ берді. Саденов Бақтыбайды «Сен үйрет», - деп менің тапсырмамды оқығысы келмейтін балаларды бөліп-бөліп беретұғын.

Жазда біздің үйден алыс емес көл болды, жан-жағы шөп, орта кезінде де қамыс. Сол қамыстың арасымен бір шетінен екінші бетіне суды жарып өткенімізге қуанушы едік. Сол көлдің жанында көп адамдар кір жуатын. Ол кезде стиральная машинка ешкімде болмады, кірді қолмен жуатын, теркаға ысқылап.

Анам Күлкамила

Бұл өміріме, тағдырыма ризамын. Өзімнің таңдаған мамандығым бойынша жұмыс істеп, халықтың көңілінен шықтым. Осы өмірімнің осылай жақсы өрілуіне әкем Төлеген, анамыз Күлкамила Қожентайқызының мені өмірге әкелгеніне, аштық жылдары қиын кезеңдерден жол тауып, жалғыз мен емес, алты баланы өсіріп, өркенуімізге, жақсы тәрбиелегендері үшін мың да бір рахмет. Иман байлығын тілеймін!

Ауылдағылар Кокаш дейтін, мен «апа» дейтінмін. Мен тілім шыққанша апамның емшегін еміппін, апам

сұрайды екен «не істеп жатырсың?»- деп, мен айтыппын «сондай сусап бара жатырмын» деп.

Балалар, анам мені жақсы көріпті.

Біздің үйде менің анамның үлкен сүт машинасы болды, биіктігі менің бойымдай. Сүттен қаймақ, одан май жинап, ол майды қайнататын. Қайнатқанда «торта» бөлек, таза майы бөлек болады. Осы таза майды менің анам Күлкамила Қожантайқызы үкіметке флягімен жіберетін.



Бірде масақтан келген апамның алдынан шығып, мына сиырдың мүйізі, мынау қолы, аяғы деп жоңқаларды көрсетіппін, анам «Ойбай, сиыр жоқ десеңші! - депті. Мен ештеңе түсінбеппін.

Кешке қарай біздің үйдің сиырын қасқыр жепті, деп естідік.

Зәмзәгүл туғанда 40 күннен кейін әкем Төлеген, анамыз Күлкамила келді

нәрестені көруге. «Құтты болсын» айтуға келген ғой. Далаға шықтым, есік алдында Қажымұрат-ата отыр. Қойдың аяғы байлаулы. Атаның қолында пышак: «Бұл не?»,- дедім. «Құдаларға Мейрам осы қойды сой деді деп осы қойды әкелді»,- деді. Әлгі қойдың аяғын шешіп жібердім: «Бұларға қой керекі жоқ!» - дедім. Қой кетіп қалды «мә,мә» деп. Бұл қылығымды әкем де, анам да білген жоқ. Бірақ осы күнге

дейін өзім өкінемін. Екеуі қосылып келген емес осы күннен кейін. Әкем 1970 жылы қайтыс болды.

Біраздан соң, Зәмзәгүл құндақтаулы. Ақсуға үйге келіп биік төсектің үстіне ораулы баланы қоя салдым - ұялған түрім. Бір уақытта анам Күлкамила: «Бала қайда?» - деді. Енді өзі барып қараса – Зәмзәгүл, қозғала-қозғала төсектің іргесіне түсіп кетіпті. Егер «Бала қайда?» деп іздемегенде... Маған ұрысты анам "Төркініне барып баласын өлтіріп алыпты демей ме? Көретін жарығы көп болсын! Өмірі ұзақ болсын! Білімді, ақылды бол!" – деп, баланың бетінен иіскеді.

Менің есімде бірінші сыныпқа апам мені алып барғаны. Үстімде ақ кофта, көк сарафан. Есімде қатты жатталып қалыпты. Менің мұғалімім Омар деген шашы қысқа кісі болатын, Шалқар деген әйелі болды. Артынан Әзкен деген мұғалимадан оқыдым, жолдасы да мұғалім болды. Ол кісілер Өрнек ауылынан екен, оны бертін келе білдім. Екеуі де өлең айтады екен. Асқар ағатайымның қызы Ермек тұрмысқа Өрнек ауылына шықты. Сонда Әзкен мұғалимамды көрдім, ол кісілер зейнеткер екен. Омар мұғалімді содан кейін көрмедім.

Асқар-ағатайдың ұлы - Еркін мен бірінші оқып жүргенде туды. Әлі есімде Еркін-інімнің туған күні. Есіктен Несіп-шешеміздің (Еркіннің анасы) әкесі Манатай-атамыз «Кокаш, Кокаш, сүйінші!», - деп есіктен айқайлап кіріп жатқаны, «ат ұстайтын, ат ұстайтын» деп. Өте қуанышты еді ол кісі! Апама Күлкамилаға таң қаламын қазіргі уақытта - сол қиын кездерде «100 сомды» тығып жүріпті. Енді абысынының аяғы ауыр екенін біліп зелеткесінің төс қалтасынан шүберекке оралған ақшаны алып, атаның қолына ұстатты. Манатай атамыз балаша қуанып, шүберекті қолына қысып алып кеткені!

Анам Күлкамила ауырғанда Жұмабай деген інісі прокурор болып істеген, көп көмектесті деп айтып отыратын. Мен өзім көрген жоқпын ол кісіні. Қызы бар деп естігем, қазір бар ма?

Апам өте сезімтал болған. Ыбыраевта оқып жүргенде, бір күні күн боран, қыстың суық кезі. Мен сабақтан келе жатырмын, олар жұмыста, есіктің алды төбемен бірдей қар алып қалыпты. Көршілерге бармастан Жұмабаев Әскер, Альмишевтар тұратын төбеден шөп түсіретін жер барда. Сол жерден ішке кірейін деп сумкамды тесіктен түсіріп, өзім екі аяғым салбырап, иығымнан кенгелдім де қалдым. Бұлқынып, өзім қара терге түстім. Енді «өлдім ғой» деп ойладым. Қанша тұрғаным белгісіз, бір уақытта топ етіп түсе қалдым. Қуанғаным сонша! Алла таланың көмегі! Осы жағдайды ешкім білмейді. Ақсуда шешем жаман түс көріп, «қатты ауырып қалды ма екен» деп, Ленинге бара жатқан кісіге тапсырыпты менің жағдайымды білуге... «Жок, мен аманмын дедім. Артынан ойласам, әлгі шөп түсетін жерден түсе алмағанымды сезген ғой...

Мен Ленинде оқып жүргенде жыл сайын каникулға үйге бетімді үсітіп, жазылып мектепке келетінмін. Ақсуда оның үйде бір керемет айғыр болды. Апам мені осы айғырмен 40 минутта Ақсудан Ленинге жеткізуші еді.

Қарағай мектебінде

Жетінші классқа Ленин орта мектебіне келдім. Бір тоқсан оқыған соң шешем ауырып қалды. Петропавлда інісі бар болатын - Кожантаев Бекмағанбет, сол кісінің арқасында емделіп жүрді. Сол себеппен мен Ақсуға келдім.

Мені Лениннен Таушаров пен мектеп директоры Садықов Шияп-аға атпен келіп, Ленинге Ақсудан алып келінгі, әкемнен сұрап. Интернатқа орналастым. Бұл кісілерге де алғысым шексіз, о дүниенің рахатын көрсін! Квартирде тұрдым. Тоғжан – интернат тәрбиеші, келіншегі

Айша. Тоғжан, Үмітжан деген қыздары болатын. Айша мәтей жаз болса, Еңбек ауылына кетіп, сонда киіз басу, ашана тоқу сияқты өнері көп болатын. Бір мезгіл бос отырмайтын, қолында ұршығы, қыдырып, өзінің жұмысын өгіретін еді.

Айша тәте «Еңбек» ауылына кеткен болатын, аға үлкен балалармен мектепке отын дайындап әкелуге кеткен. Түнде келді. Уақытын ұмытыппын. Суын жылытып, «аға, тамақ ішесіз бе?» деп, сұрадым. Сұрауға келгенімде ерсілік-қарсылы әлі есімде жүре береді, «жоқ, ішпеймін» деді, «жата бер»,- деді.

Таңертең мен тұрғанда ол кісі үйде болмады. Мен мектепке сабағыма кірдім, біраздан соң есікті қағып мені шақырды. Есіктің сыртында Тоғжан аға «кеше мен интернатта болмадым, Мөкішев деген бала жоқ екен, сен үйге бар деді. Сумкамды алып, үйге келдім. Түскі тамаққа картоп аршып жатыр едім, үйге Қазыкен апа, тағы кімдер барын ұмытыппын, көп әйелдер бар, біздің үйге келді, менен сұрап жатыр Айша тәтенің қайда екенін, ағайдың қайда болғанын сұрап жатыр, бірақ Қазыкен апа айтыпты «бұған айтпайды ғой»,- деп мені көрсетіп, ал мен біліп тұрмын Мөкішев деген баланың жоқ екенін, бірақ аналарға айтпадым, ал Мөкішев дегеннің Қазыкен апаның баласы екенінде білмейтінмін. Біраздан кейін Айша тәте ортада, екі жағында екі әйел қолтықтап келе жатыр. Айша тәтей өкіріп, айғайлап, жылап, келе жатыр. Бір жамандықтың болғанын сол кезде ғана сездім. Осы мен тұрған үй қазіргі Альмишев Бақытжан тұрған үйге көрші тұрды.

Кейін Адырбай-Майраш үйлерінде тұрдым. Адырбай-аға бас бухгалтер болып істеді. Квартирде өмірде керекті дүниелерді, үйдегі тамақ пісіру, құлақ нан жаю, құрт қайнату, бауырсақ пісіру, оны дайындау сияқты жұмыстарды сол кезден бастап үйреніп алдым. Бұл кісілер күнде қонаққа барады, ал мен үй жұмысындамын.

Мен Ленинге оқуға барғанда анам қатты қуанды. Мен оқығанда мектеп ауылдың ортасында қарағайдан салынған еді. Мектеп директоры - Садыков Шияп-аға 20 жылдан артық басқарды. Ол кезде бұл мектеп республикада аты шыққан білімді мектеп қатарында болған. Университетке түскенмен бірдей еді, өте білімді ұстаздар болды. Завуч - Жахин Ғазез тіп-тік жүретін. Бектуров Темірғалидан орыс тілінен оқыдым. Зура Тлембаевнадан

химиядан оқыдым. Жанғали Құсайынов мұғалім болды. Жапатай келіншегі -Айтқалым ба, ұмытып жатырмын, өте ояны, маған ұнайтын. Зура Тлембаевна сабаққа келгенде аға көйлегінің жеңінде қатар-қатар түймесін санап отыратынбыз, 14 деп.

Ол кездегі ұстаз Қарабеков Шаймұрат ылғи қара шабарының қыры бір кетпейтін. Қалиахметов Ахметжан-на, Саден-ағадан мен сабақ оқымасам да, ол кісілерді көргенде тұра қалатынбыз. Ағылшын тілінен Қожаков Ермақан ағадан оқыдым. Мұқанов Жылгелді-ағадан қазақ тілінен оқыдым. Әсима-тәтей оқу бітіретін жылы келді. Математикадан Шалбай Исмагулович берді және класс жетекшіміз болды. Бұл кісіден физикадан оқыдым. Қағида Бақырбаевна, Ақбөпе атты мұғалімалар болды, бірақ бізге сабақ берген жоқ. Исанғали Кусаинов аға ұстаздық етті. Сол уақыттағы мұғалімдер өте сауатты, беделді, сабақ түсіндіргенде миыңа құйып беретін. Мен өзім жақсы оқыдым. Есіл-дертім - оқу.

Бірге оқығандар - Күркебаев Сайлау, Биканов Тұяқ, Шайзат Алқа-ағаштан, Саухимова Шайзат, Боканова Аман, Кусаинова Мағжан, Балахметова Бахыт, Курмангожина Тыныштық, Сүлейменов Бірлестік, Құрсақова Теңдік, т. б. Біз 10 бітіргенде жақсы оқыған балалар - Күләш Гайсина, Конин Мұрат, Биканов Тұяқ, т.б. Осы бітіргендердің ішінен Конин Мұрат, Рамазанов Сапар врач болып шықты, Курмангожина Тыныштық акушерка болып шықты, ал Гайсина Күләш екеуміз Қызылжардың фельдшер училищесін бітірдік.

Ольга Устиновнаның сабағында Галымов Мерген наныш отырмайтын. Теңдік Құрсақованың артында отырып алып, шашынан тарта беретін. Теңдік қол көтереді. «Что, Құрсақова?»- деп сұрайды, ал Теңдіктің «Покой не даст». «Садись, Құрсақова!» - дейді. Осылай әлсін-әлсін. Бергін келе Атасының құрдасы Какенге қосылып еді. Какен өйінен бұрын кетті о дүниеге. Қазір есіме аламын бірге оқығандардан қыздар да, ұлдар да көбі жоқ. Иманды болсын!

Он шақты баладан үлкен перемінде өлең айтқызатын. Тәртіп күшті еді. Линейкада тұрғанда Шияп мұғалім, әрі директор мектептің. Сөзі әдемі, әрі зор ол кісі. Сөйлегенде тыныштық орнайтын. Ол кісінің жүріс-тұрысы өте көрікті адам болатын, біздер тәрбие алып өстік. Менің «Денсаулық маманының үздігі» атануымның осы ұстазым Садыков Шияп ағаның арқасы. Бірінші, әрине, Алланың бұйрығы, екіншіден ұстазым – Шияп-аға. Иман байлығын тілеймін, балалары, жиендері, немерелері көп болып өсе берсін, көбейе берсін! Осы Шияп атасындай атасы бар немере-шөпшектерде арман жоқ қой деп ойлаймын. Естігенім бар, жаңағы немерелер мен шөпшектердің әжесі – Мисалым Мәтішқызы. Әжесі де ұстаз болған. Ол үйде тәртіп болған. Шияп-аға ұстазға келетін адамдар есікті қағып кіретін еді. Шияп-ұстаз 20 минут дем алатын уақытын ел адамдары біледі екен. Ол уақытта ешкім мазаламайды екен. Мисалым-әженің анасы да ақылды, тәрбие беретін адам болған екен. Шияп ұстазымның ағасы Шаймерден аға. Мен ол кісінің зайыбы, Әлпия апаны жақсы білемін. Ол үйде жұмыс барысымен барып, араласып жүрдім. Бұл кісілер үлкен адамдар, тәрбиелі адамдар болды.

1959 жылы онжылдықты бітірдім. Осы жылы көрші Жұматаева Бақытжан мен Әскер-ағаның үйіне ер бала дүниеге келді. Қанат деп ат қойды. Сол баланы көруге барғым келді. Бақытжан-тәтей «кел, кел» деді. Қызыл ала-ала носки сатып алып, Қанатты көріп кеткенім бар. Артынан да барып тұрдым.

Дәрігер болуды армандадым

Оқу бітірген соң арманым оқуға түсу болды. Шешем тағы ауырды. Мен үйде бие сауып жүріп, биенің тізесіндегі «күден алмай кетіппін. Әкем, көріп, менің не ойлап жүргенімді білген ғой деймін, «бар оқуыңа», - деді. Мен ертеңіне Петропавлға келдім. Бұл 30 тамыз болатын. Қайдан қалаға келгенім, есімде жоқ. Енді қарасам,

«Петропавловское мед.училище» деген жазуды көріп, ішіне кірмей соның жанында жүрсем болды деймін, армандап.

Оқуға бармай тұрып, дәрігер болуды армандадым. Ақсудағы көл біздің бойымыздай терең болатын. Сол көлдің жанында малдарға егу жұмыстарын жүргізетін ер адам болды, еңгезердей үлкен, байпақ қараторы адам болаты. Сол кісінің шыны ыдыстарын, пробиркаларын үйге алып келіп ойнаушы едім, қызығатынмын. Сол уақыттан бері менің сол кездегі ветеринарның врач сияқты врач боламын келген. Ол тілегімді Алла берді де!

Училищеге документтерімді 31 тамыз күні нағашым - Ашраф Мұқатайқызы екеуіміз келіп тапсырдық. 1 қыркүйек күні емтихан беріп, 2-3 күннен соң оқуға алынғандардың тізімі шықты. Мен және Ашимова Зағипа Салиасевна, Соколова Галя өтіппіз. Содан Зағипа екеуіміз күшіміз, паркке бардық, қыдырдық. Училищенің директоры Тоганов - қолы жоқ, сары кісі болды. Сима Израйловна Бенешовская, Крымская, Гончарова Людмила, профессор Конылов - мені оқытқан ұстаздарым.

Сөйтіп, 1959 жылы түсіп, 1962 жылы март айында өтіріп, апрель айында жұмысқа шықтым. Туған ауылымда алтын ай жұмыс жасап, Лесхоздың медпунктіні Боханов деген ер адаматтан, қабылдап, алдым.

Қалада оқығанда нағашым - Бекмағанбет Кожантаев, нағашым Ашраф мерекелерде маған киім әперетін. Бірде шетелдік аяқ киім алып берді. 1 май мерекесіне киіп барып, үйге қолыма ұстап келгенім бар. Жаңа дүние аяғымды қысып, артынан түзеліп кетті. Дұға оқығанда аузымнан тастамаймын! Бұл кісілер мясокомбинаттың дәл жанында тұрғы, өздері осында жұмыс істеді.

Ауылда өскен, мен қолымды далада жуып, сапатымды нағашым әкеліп беріп ескерту жасады. «Бұнда ашық көп өтеді - бұлай тастама! - деді. Сөйтіп, мясокомбинат колбасасын жеп, топ-толық болып үйге келдім.

Лесхоз

Лесхозға келердің алдында анам Күлкамила мені ойлап, «әлі жиырмада ғанасың, орыс қаласында қалай болады екен» деп, «уайымға салынбаңыз, онда менің однокласнигім Күләш тұрады» дегенім. Қазір Күләш Ахметбекова. Бірінші сол үйге келіп, Қошан әкеміз бен Қайни шешеміз жақсы қарсы алып, «осында тұра бер» деді. Бұл кісінің келіндері маған «золотой деп ат қойды. Мысалы, мені Иляш-жеңгей «золотой деп айтатын, себебі енелерінің аты «Алтын» болуы керек.

Медучилищеде үйренгенім бар, оған қоса Қошан-атамыз мені бәріне үйретті. Екінші институтым осы аға болды. Соның арқасында көп жетістіктерге жеттім. О дүниенің рахатын тілеймін бұл жаны жақсы адамдарға!

Жұмысты жақсы істедім, суықта тоңбадым. Директор - ақын Нуртазин Ахметжан ағаның салып берген үйі жартысынан көбі медпункт еді. Өте жылы болды ағаш үй болған соң. Осы Лесхозда үш жыл жұмыс істедім. Жұмыс істеуге медиктерге өте қолайлы жер, мал өсірмеген соң Лесхозда тек апрель айында посадка басталады бір ай. Ауыр жұмыс - апрель айы ғана.

Көп баланың кіндік шешесі болдым. Олардың ішінде - Жантлеуова Ляйла Кошановна 1963г. Астанада тұрады. Жуырда келіп, маған көп сыйлық жасады! Көп рахмет! Орман Күнтудың баласы, Ыбырайдың сестренкасының баласы, көбін ұмытып қалыпшын.

1962 жылы бір үйге бір сиыр ғана ұстауға деген заң шықты. Ақсудан маған бір ала қызыл сиыр әкелді. Нуртазин Ахметжан (Лесхоздың директоры) маған ақыл-кеңесін айтып, көп көмектесті. Отын бекер. Осындай жақсы кісілер кездесіп, жұмыс істеу қиын болған жоқ.

Магазинде Марк Григорьевич Юраш - ұзын бойлы кісі болды, Надя деген әйелі бар. Жексенбі күндері тәта Катя дейміз, аты Қайна – Ахметжан ағаның әйелі, Үміт апа, көршілер келіп шай ішеміз, қаймақ құртпен, өйткені менде сиыр бар, огород бар болатын.

Менің қарамағымда Сардонникова дача болды. Шнессін жеп, Мендыбаев Жанен ағаның үйінен Сара шешеміздің қолынан қымыз ішіп, Лесхозға кететінмін.

Ол кезде балалар коп ауырмайды. Орыс халқы көбісі балалары жазы-қысы далада ұйықтайды. Көп бала жоқ. Прививкаларын уақытында беремін.

Бір жылаған дауыс естіледі

Ол кезде отчётты ай сайын Ново-Покровкаға баретінбіз. Машина жүрмейтін уақытта өзімнің мініп жүрген атқа ертоқымсыз мініп барып келемін, еш жерім ауырмайды. Бірде бір мерекеден кейін Новопокровкаға отчётымды беріп қайтайын деп Аксуға барып қонып, ертеңіне отчётпен деп пландап тағы жирен атпен шықтық ертоқымсыз. Арқамда Зоя (бірінші сыныпта оқитын).

Лесхоздан шыға бере бір отчёттың қағазы үйде қалғанын есіме келді. Жолдағы ағаштың шетінен биіктеу бір төнершік тауып алып, Зояны сол жерге отырғызып кеттім, «мен қазір келемін», - деп.

Қайтып келе жатсам, бір жылаған дауыс естіледі. «Не болды? Міне, келдім! - деп және әлгі кішкентай қызға үрешіп жатырмын. Аксуға жете бере Бахтыбай Саденов жеріне тұрады. Қамшыны басып қалдым. Сол екен - отгородтың сыртында екеуіміз де құладық, бірақ екеуіміздің еш ең жеріміз ауырған жоқ. Жылқы жалын айылын төсейді деген осы шығар дедім.

Сергеевқадан автобус Лесхозға дейін бармайды. Заря совхозына дейін ғана. Осы Зарядан 3 шақырым жер неше рет Лесхозға дейін жаяу жүре беремін. Қорқу деген жоқ, жас болғансың ба қысы-жазы осылай. Ауданда семинар-жыналыс сағат беске дейін болады. Больницадан автостанцияға қалай жеткенімізді білмейміз, кейде үлгересің, кейде үлгермейсің автобусқа. Үлгермесем, тұраған жолға шығамын Заряға дейін. Қазір бір шақырым жер де жүре алмай қалдым. Шірікін, жастық шақ қандай жақсы!

Әңгімелесу

Мені ұзатарда әңгімелесуге барған - Исмагулов Есім жездем, Келдигулов Қапез аға (мен Лесхозда істегенде Заряда рабкооп председателі болды), Лесхозымның директоры - ақын-ағамыз Нұртазан Ахметжан, Жетписов Хамит аға-нағашымыз әрі жездеміз, Мәрә Қажымұратқызы - атасының немере апасы, Альмишев Хамза-аға. Осы кісілердің аты-жөнін айтып бетімді сыйпаймын!

Әзира шешем

Мен ол кісіні «шеше» дейтінмін. Атасы «шеше» деген соң, мен де солай атап кеттім. Ол кісінің алдына шығып кетуге ұяламын. Содан шешем бірінші барады, содан мен барамын.

Шешеммен екі жыл ғана бірге тұрдым. Сондай таза кісі болды.

Әзира шешеміз бес баламен қалғанда, атасы үш жаста. Әкесін - Әбілқәрімді - түнде «байдың баласы» деп алып кетеді. Ыбыраевқа көшіп келіп, түйемен посев және уборка кезінде механизаторларға май тартып жүріпті, әктенгенге дейін. Әзирә-шешемізге мың рахмет! Жатқан жері жайлы болсын! Иманды болсын деп тілеймін! Осынау аштық, киім жоқ кезде жалғыз өзі осы балаларының оқытып, азамат болғанын тілепті!

28 сентябрь больницаға Гүлнәрдің жолдасыммен роддомға барғаным (Малкен Баймышевнаның сиңлісі).

Шешем марқұм - Әзира Әлсейітқызы Зәмзәгүл туғанда Марьевкада көруге барып, терезеге бойы жете алмай айғайлап, «көрсетіндер деп «көрсетіндер дегенде, көрші әйел палатадағы көрсетті. «Зәмзәгүл бір көзін қысып алыпты деп үйге келгенде айтып беріпті құрметтеп, «құтты болсын» деген абысын-ажындарына - Зейникамал апаға (Темештің анасы), Сара Жылқайдарқызына, Абуова Күлзайраның анасы - Қапиза досына, Зейнипа Тұрғынқызына, Рақима (Жұмағалиқызы) - Күлпаштың

анасына, Шарипа Ақантайқызына, Зайни (Қабдулбариев Елибіржанның анасы), Мариям Нұрғалиқызына, Шамшияға (Алиожин Қазанның анасы), Қайни-апаға (Қожақметов Сақтаған, Мақтағанның анасы), Қапия-апаға (Ташет, Торсан, Мұхтар, Сәуленің анасы), Биғайша Оразтаеваға (Ажең, Шайкендердің анасы. Совет, Еркін деген ұлдары болған). Енді қолыма алып қарасам, көзі ашық. «Әжеңмен танысқан түрің бе бұл, неге көзінді жұмдың?» - деп, өңімелесіп жатырмын. Жанымдағы әйелдер де қостап кетті.

Зәмзәгүлге екі ай болғанда жұмысқа шықтым тостапқа медсестра болып. Сол жұмыстан келгенімше 9 айға дейін шешем-марқұм бақты Зәмзәгүлді. Бізге «менің 9 ай баққанымды 1 күн жылатпай баға алмадыңдар ғой дегені өңімелесімде. Біздер жұмысқа кеткенде печеньені суға ерітіп, мариямен сорғызып қояды екен. Топ-толық боп өсіп келді. Зәмзәгүл 9 айда 1 жасқа келген балалардан артық салмақ тосты.

Шешемнің замандастары болсын, үйге біреу келсе өңімелесіп кең көйлек етегінің астына тығып қояды екен. Тіл өңімелесіп деп. Анау қыз үйреніп алып, сол етегінің астында ұшықтап та алады екен. Сондықтан Зәмзәгүл - Әзираның баласы. Мен оның тетя-мамасымын.

Зәмзәгүлге 9 ай болғанда, 1967 жылы 67 жасында шешем Әзира дүние салды. Жатып ауырмады. Ауырып жүргенін сезбедік те. 9 июнде түсте бір жұмыртқа жеді. Екі күн ішті. Содан бастап құса бастады. Қайтатын күні қатар кезден ертерек 7лер шамасы. «Құсамын!», - деді. Мен өскөлімді тостым аузына, қолыма қанаралас құсық. Менің апам – Күлкамила - күтіп жатқан. «Жүр!», - деп апам менің қолымды жуды. 16 июньде шешеміз қайтыс болды.

Жолдасым Мейрам қалада оқып жүргенде, жиен аға Сапарбек пен жиен апай Жаңыл үйінде тұрған. Шешем қарын-қарын май беріп отырыпты. Сонда жалғыз сиырдан қынайды екен сол майды.

Атасы қаладан үйге келерде ылғи жұмсақ булочки алып келеді екен шешесіне. Бірде Мейрам үй саламын деп, қаладан темір-тесек, сүргі, т.б. алып келіпті, қапқа салып.



Сол қапты сенектің алдында қоя салыпты. Шешем сыртынан басып-басып көреді екен. «Қап-қатты дейді екен. Жобасы, ол кісі булочки іздеген ғой...

Олардың шым үйін мен көрдім. Артынан бұзды. Атасы екі комнатадан жаңа үй салыпты. Мен сол үйге түстім.

Шешем Мейраштың оқу бітіріп, адам болғанын көріп кетті.

Басына тасты Атасы өзі құйды. Сөздерін өзі жазды. Артынан, жерлегеннен кейін, қызы Күлзипа келді жетісі болып жатқанда. Атасы шешемнің қолындағы алтын сақинасын Күлзипаның қолына берді.

Иманды болсын! Қазір өзім молла болмасам да, Әлсейіт қызы Әзираға, Әлсейіт-ұлы Қожанға, Қожан-қызы Жұбайға иман байлығын берсін деп дұға оқимын!

Мейраш шешесі туралы жазған өлең:

Шешем менің Әзирә.

Әзирә емес, Азия.

Билесі көп әр жерден

Ырақ айтпайды шешем.

Нәсе десе – қорыққан.

Қорыққаны соншалық.

Бас бапаның анасы

Сөзін ойда ойлап қорыққан.

Арманы көп болған

Аларай аламын ба деп қиналып.

Өміріңізді қандай жете ме деп балаларының

Өміріңізге өз қолы айта береді қайталап.

Атасы. Мейраш

24 сентябрь. 2020 ж. Атасына 77 күн. Шіркін, өмір-ші! Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы, біреу ерте, біреу кешік бір құлайды! Міне, 77 күн өтсе де Атасы алысқа кеткен сияқты... 80-нен асса да, жолдасыңнан айырылу емес екен. Әсіресе қартайғанда...

Жолдасым - Әбілқәрімов Мейрам. Мейрам Әбілқәрім-ұлы 1997 жылы Қазақстан Республикасының «Ғылым беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. 1996 жылы Қазақстан Республикасының «Озық мұғалімі» белгісімен марапатталды. 1988 жылы Қазақ ССР №267 бұйрығы бойынша "Аға мұғалім" атағын берді. 1989 жылы И. Крупская атындағы СССР-дың ғылым академиясының алдындағы сыйлығына ие болды. 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Бұл кісінің шын аты - Мейрам. Кейін немерелер күштегелгеннен кейін, мен бұл кісіге "Атасы" деген ат бердім. "Мейраш" деп анасы Әзира Әлсейіт-қызы атап берген. Ауылдағылар барлығы "Мейраш" деп атаған...

Атасы екеуіміз 55 жыл бірге өмір сүрдік.

Документ бойынша, атасы 3 май 1938 жылғы деп жазылған. Кейін мектепте ұстаз болып жүрген кезінде, конторға документ тексеру жұмысы жүргізіліпті. Ауданнан адамдар келіп, күнімен айын ауыстырып - 3 мамырды 5 наурыз деп жазып жіберіпті. Тірісінде екі рет туған күнін тойлайтынбыз: 5 наурыз күні және 3 мамыр күні.

Нақты қай қалада туғаны белгісіз. Әкесі - Әбілқәрім Омбыда шойын жолда жұмысшы болып қызмет істеп жүргенде туыпты. Шешемнің айтуы бойынша 1936 жылы болу керек.

Мен де осы атасының арқасында Ыбыраевта 40 жыл фельдшер болып жұмыс істедім. "Отличник здравоохранения" алғаным да осы кісінің арқасы. Балаларға да, мұғалімге де карамадым, тек жұмыс-жұмыс деп. "Тыл" мықты болған соң ғой... Мен бұрын жұмыста қалай болғаным. Қазір жанымнан шығармаушы едім.

Мен түскен жылдары біздің үйдің алдынан Әуежендегі ағаштар бірден көрініп тұратын. Үйлердің арасы ол кезде ешқандай қоршаусыз, ашық болатын, әр жақтан кіре бересің. Біздің үйге, көрші үйлерге есіктің алдындағы бүкіл көрініс көрінетін. Самауыр қойып жатса, біреулер қой сойып, келіншектер ішек-қарын аршып жатқан көршілерге.



Атасына, ағаларымызға Орал қаласына барып, өзінің тамасын оқып, ауданның мәртебесін көтеріп, өз оқып өткірген мектебінің мәртебесін көтеру үлкен міндет. Балықтаманы оқып болған соң, юриде Қазақ ССР-нің еңбек өткірген физика мұғалімі, Қазақ ССР-нің атақты физика пәні программасына өзгеріс енгізген адамдарының болуы, Тарапандының білім жетілдіру институтының проректоры өзінің шығып, барлығы қолдап, қуанып елге келген. Жолы өзінің жігіттің жеңгесі шығар алдынан демекші, ағалары өзінің «жолың болсын!» айтып жібергенін әңгімелеп отыратын, «ракет ағаларыма!» деп.

Сол Орал қаласынан атасы 1989 жылы болатын Гресская атындағы СССР-дың Ғылым Академиясынан өзінің адалған сыйлығына ие болған еді.

Жолдас деген қартайғанда керек екен, әңгімелесіп отыруға. Атасы барында өте бақытты адам едім. Әңгімелесіп отырушы едік. Балалар өз бетімен кеткенде, өзінің ойыма атасы түседі... Қазір отырса ғой...

Әңгімесі кейінгі кезде көбейіп кеткен. Аштық көргенін, киімі дұрыс болмағанын, анау ұрды, бала болып өзінің қормегенін. Сенің келгенің жақсы болды ғой: дұрыс мамды, системамды, дәрімді уақытта бересің дейтін. Бірақ көрінбесем, мерт іздеп жүретін еді... Өтетінін біліп тұрған ме екен, бірақ мен сезбедім ғой.

Сергеевкаға келген соң Паркинсон ауруы біліне бастады. Емдедік. Болмады.

Ауылда қызық – қиын кезең болды ғой. Шөп машина кезінде бір топ адам шығады. Бір машина шөпті әр үйге тамадан тасиды. Түнгі 3-4 ке дейін. Сол неше кісі кезек-кезекпен әр үйге тасып бітіргенше жүретұғын. Әр үйге келетін. Шөптің машинаның төбесіне Атасы шығады екен. Әр үйге арналған шөп көлікке дұрыс басылмаса, ауып кететін деп қорқатын. Шөп әкелген үйдің әр бірінен тамақ өзінің шығатын.

Сиыр, қойымыз болды. Айтайын дегенім, жазғы тұры көптерінің шөп, сабандары бітіп, отындары таусылып жатса, бізде бір машина шөп, сабан қалып жатады.



Ауылда ішетін су болмады. Екі шақырым алыс жерден атасы суды флягамен әкелетін. Үйдің жанындағы құдықтың суы ащы болды, тек малға ғана. Жеміс-жидек дұрыс өспейтін. Шал-ақын аудан орталығында су тартқан болуы керек. Әділ – күйеу баламыз бізді райцентрге көшіндер деп

көшірді. Бірақ Ыбыраевтан көшуге атасы қуанған жоқ...

Руслан үйленерде Мури келіп қуантты: «Құдалыққа бару керек, - деді. Жаңаарқаға». Ол кезде Майкен-құда бар болатын. Атасы: «Мен барамын», - деп, шешті. Барғысы келгесін барсын деп бетінен қақпадым. Оған дейін құдалық десе өзінің дайын екенін айтатын. Бірге оқыған Толеш Ахметжановтың қызын ұзатуға барды Ерментауға. Күлбәрә Қасымқызының Гуля тұрмысқа шыққанда, Қызылордаға барғаны бар.


Жолда Әлім Төлебаев күйеу баламыздың әкесі марқұм тұрған жері шежіре тауып сөйлейтін ақылды адам мектеп ауылының тумасын Әйіп-ағамызбен бірге барған. Сол сапарын Атасы өзі өмірден өткенінше аңыз қылып айтып отыратын. Иманды болыңыздар дегім келеді!

Немерелерімнің атасы өлең тындағанды, өлең айтқанды ұнататын. Мен өлеңді нақышына келтіріп, айта алмаймын. Бірақ Атасы даусын көтеріп, «Алтын өлең айтады», - деп, хабарлайтын. Ертеректе ықылдап айтатыным бар ды. Ыбыраевта тойда кейбір жылдары әркім өз лебіздерін айтсын деген кәдімгі құдалықтағыдай.

Қызық сәт тағы туды, үлкен тәтенің туған күніне. Шапшабай Бикешпен Ыбыраевқа бардым. Жол түсіп, Шапшабаймен Бикешке рахмет, қайда барса жолымыз ерте болса қалдырмай апарып, алып келіп жүр. Қайда түрсе де денсаулық тілеймін! Балаларының, немерелерінің бақытын көрсін! Шөбере сүйсін деп машинасының боннадақтары, тек жақсылық, тойға жүрсін деп тілек ұстадым! Орынтай ет асып қойыпты. Етті Орынша, Бикеш, Тамия тортеуіміз бөліп алдық. Үлкен тәте «Туған күнге естеліктер, өлең айтыңдар», - деді. Менің есіме «Көк белестер» әні түсіп кетті. Тоқталмастан бір шумағын айтып бердім. Тұяқ көшесінде Атасы екеуіміз қосылып отырмыз. Қазір атасы жоқ. Мәңгілік еліне кеткелі жыл өтті барарды. Иман байлығын тілеймін! Қазір тірі болғанда сұрашыңдан да жақсы айтар ма едік бұл өлеңді.

Әлі есімде көк белестер,
көк белестер, көзге елестер,
Егін орған, серуен құрған,
Қызық күндер, қызық кештер»

Бірақ әрі қарай айта алмадым, атасының жоқтығы, отырған орны ойсырап тұрғаны бәрі-бәрі есіме түсті де. Бұл өлеңнің үш күплетін жатқа білетінмін. Бұл өлеңді екі жыл өткеннен кейін айтқаным басқаша... Жұптарыңыз қосылмасын, ер азаматтар аман жүрсін!



Handwritten text in blue ink, likely a copy of the poem or a note. The text is written in a cursive style and is mostly illegible due to blurring and fading. It appears to be a personal record or a draft of the poem.

Менің әнге деген өзім жақсы айта алмасам да, өте жақсы көрем тойларда. Ән айтып болғанша тыңдай білем. Бір кітаптан оқығаным бар еді. Қаныш Сәтбаев пен артист актер Қаукен Кенжебаев ағамыз екеуі де Баянауылдан екен. Қаныш Сәтбаев жұмысы көп болса да, уақыт тауып опера, театрға барып, «Қыз Жібек», «Абай», «Ер Тарғын», «Жалбыр» спектакльдерін көреді екен. Сол сәттерде көп адамдар ол кісіге сәлем беріп, өйткені, ол кісі көпшіл, ізетті, ілтипатты жан, жылы сезіммен иіліп, ықылас білдіреді екен. Осының бәрін біліп жүрген әнші Қаукен Кенжетәев екеуіміз бір жақтан болған соң ба, бізді ішке тартып, еркін сөз қозғап, ел жағын көп сұрайды екен. Кейде жақсы отырыстарда, бас қоса салсақ маған ән салдыратын. Біз сол пейіліне марқайып қалушы едік дегені. Қаныш-ағаның өзінен қиылып отырып, «Ақылбайдың әнін, Бүркітбайды, Жаяу Мұсаның әбден ұмтылып қалған «Башкүлбай» деген әнді айтқызып, мәз болушы едік. Ән әндеткен адамдарға қызығатынымын, кейде шіркін, осындай даусым болса ғой деп армандайтыным да бар.

Жас кезінде Атасы үйде көңілі түскенде күй тартатыны бар еді. Тіпті, жолдастарымен районға барғаны есімде. Бертін келе тартпай қойды. Оның есесіне маңайда той болғанда, үйдегі домбыраны сұрап алып бермей қойғаны. Ал, қазір Жомарт деген баламыз домбыра тартады. Өлең де айта алады. Соны үйде айт десем де айтпайды. Үйде домбыра дауысы шығып тұрғаны қандай жақсы. Домбыра сатып алып едім, Жомарт Қостанайда жұмыста болғанда үйге келгенде дықынлатып отырсын деп. Мен айтыс десе, әнмен әншіні аяғына дейін тыңдаймын. Әншілердің есеп беру, әсіресе күміс көмей әнші Айгүл Қосанованы өте жақсы көремін, тыңдаймын. Мақпал Жүнісованың концертін, Нұрлан Абдулиннің, Мөлдір Әуелбекованы, Нағима Есқалиева... Біздің Ыбыраев ауылына келген Мақпал Жүнісова мен Нағима Есқалиеваның дауысы ертеден таныс, зор дауыстар.



Алматының больницаларында, поликлиникасында көріндік. Ақшалы клиникасында да болдық. Үйде Садық пенен жігіт 1 жылдай емдеді. Қолы мен аяғының дірілдеп сөзкілдейді. 1 жыл ғана болды. Москвадан Әділ мен Зәмзәгүл неше түрлі қымбат бальзамдар, витаминдер жіберіп тұрды. Өздері келсе, ала келе тұғын.

Адия Қайырқызы система қойып кетті. Система біткесін жап жақсы болатыны есімде. Бұл жолы система бітті. Көзін ашпады. Ұйықтап жатқан сияқты болды. 2 сағаттай өткенде демі бітті. Жомарт осы күнге дейін далада жүргізіп походный стульчикты бірге алып жүріп қыдыртатын. Үйге тақтайға велосипед орнатып көмектесіп отырғызады велосипедке. Кейінірек көтеріп отырғызып жүрді. Түрлі-түрлі қимыл жасап жүрді. Тамақты да жақсы өзі ішетұғын. Бертін келе соңына қарай көмектесетін болдық. Бірақ соңғы үш күн бала йогурт ішті. Осы үш күннен кейін ауызын ашпай қойды. Ауызын ашса, дайын тұрдық. Қасықпен дайын блендерден өткен тамақты аузына құя саламыз. Есін біледі. Соңғы екі күн қалғанда сөйлемей қойды. Өтерін білді ме екен... Ал мен білмей қалдым ғой. Атасы 2020 жылы 9 шілде күні өмірден озды.

Атасы ренжімей кетті деп ойлаймын. Жатқан жері жайлы, иман байлығын берсін деп тілеймін!

Осы естелікті жазып отырып, жайдан жай көзімнен жас ағып отыр. Бүгін 5 декабрь 2021 ж. Күн жексенбі, сағат 15-ке 15 минут бар. Асхат Тарғынның ән-кеші өтіп жатыр екен. Анасына өлең сыйлап, гүл сыйлады. Содан кейін әкесін тұрғызып, әке-шешесін қауым-жұртқа таныстырып, әкесіне бөрік, шапан кигізді. Сол кезде Атасы есіме түсті ме, тіпті, өзім де білмей қалғаным. Әке-шешесін құрметтейтіні, тәубе. Біздің балалардай болса екен, сондай балалар, немерелер көп болса екен деймін. Әке-шешелерін өздерінен қуат кеткенде, ренжітпей, «Мәңгілік үйіне» шығарып салса екен деймін. Құрметпен, сыйластықпен. Мен осы өмірге ризамын. Неше түрлі той-домалақтар да, басқаша жағдайлар да кездесіп қалады. Осы күнге дейін болып жүрмін.

Әтәй

Қайным Жұмаш - өте жақсы адам болды. Мен түскенде ол әскерде екен. Әскерден келе жатыр деп естігенде магазин жақтан бұрышта Атасының әкесімен

тұрған - Әнәс Нұрқанов тұрған. Сол үйден келе жатқанын көріп, шешем екеуіміз жүгіріп келеміз.

Менің жаңа түскен кезім ғой. Үстімде жасыл, ала сусы койлск, қара костюмчик. Әлі шешемнің алдына шығқым келмейді. Ол кісі де жүгіріп келеді. Өзі 65 жаста болса да.

Келген соң, сенің атың «Солдат» болады дедім. Ата-ана саяты бойынша ол кісінің атын атамау керек-ті.

Кейін қайнім 1971 жылы февральда үйленді. Ол кезде екі комнаталы үйде тұрдық. Сол екі комнатада төрт әресек тұрдық және бес бала – Зәмзәгул, Жомарт, Марат, Мұрат, Нұрлан. Қайным Жұмаш пен Көпен - төргі үйде, ал олар ауыз үйде. Және осы ауыз үйде тамақ ішеміз, қойдың кошқаны, бұзау бар. Сонда қысылдық деген сөз бізде болған жоқ.



Мәриям Төлегенқызы Сәдуақасова
1971 жыл

Менің қолымда сенбі күні Мұрат туды. Жұмыстан келсем, больницаға баратын шамасы жоқ Көпеннің. Қайнім жаңа автобуска мінген - Тимирязевоға кетіпті. Үйде босанатын болды. Зейнипапаны шақыртып алдым. «Зейнипа, жылы су әкел» деп айтыппын. Ол кісінің аты «апатай» болатын. «Сен менің атымды атап қойдың!» - деп ренжіді. Содан кейін Мәрә-апа келіп «қайын атаңның атын балаңа қойыпсың» - деді. Мәрә-апаның әкесі көрші тұрады. «Ата» дейтінмін. Ол кісінің аты «Қажымұрат» екен. Мен Марат

деген баламызға ұқсас «Мұрат» деп қойғанмын. Содан шайға әлгі апаны (Мәрә Қажымұратқызы), қайын апаны (Зейнипа Тұрғынқызы). Көйлектерін беріп, айыппұл өтегенім бар. Ал мен Мұратты «Мури» деп атаймын.

Рахмет! Қайным Жұмаш: «Өзің қоя бер!» - деп, бір баласына ат қоймады. Нұрлан баламыз Атасы екеуміздің қолымызда туды. Русланды Нұрланға ұйқастырып қойғаным.

Бір күні Зәмзәгүлдің дневнигін көрейін деп қарасам, кітаптарының бұрышына «Гүлжан» деп жазыпты. «Сен кітапты шимайламаушы едің ғой», - дегенімде «маған «Гүлжан» деген ат ұнайды», - деді Зәмзәгүл. Біраз уақыт өткенде өмірге қыз бала дүниеге келді. Сосын әлгі кітаптың бұрышына жазылған Гүлжан деген ат бұйырды.

Камшат деп қойған себебім, Камшат Доненбаева радиодан, газеттен жарқырап шыға келді. Қыз да келді. 1750 г болып туды. Екі ай Көпен больницада болды. 2 кг 100 грамм болған соң, үйге келді.



Осы балаларының қызығын көре алмай кетті Жұмаш қайным, аты «Солдат», аты «Әтәй» және келінім Көпен.... Иман байлығын тілеймін! Балалары қазір бәрі үйлі-баранды. Бәрі жоғары білім барлар. Өздерінің бала-шағасы бар. Енді балалары үйленсін! Атасы, әке-шешесі көрмеген қызықты мен көретін

шығармын, Алла жазса!

Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова: Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова. Менің өмірім жайлы



Бүкіл өмірімді халыққа арнадым

Қорықпай кірісетінім бар

Сенбі-жексенбіде үйде отырмаймын. Уколдарын таңертең, кешке, жатарда беріп келем. Шаршамайтын едім.

Қайда барсам да, сумкамды қалдырмай ала жүретінмін. Сумкамның ауырлығы сонша! Кейде бертін келе қыста шанаға салып аламын. Сумкамның астына кейде қабық отын кепкен үйде бәрі бар, медпункт ескі, суық болды. Сумкамда: шприцтер мнгоразовые инесімен, дәрі әр түрлі ауданнан алып келем. Аурулар дәрі үшін ауданға жүгірмес үшін, пупок байлайтын лигатура, бинт, йод, зеленка, пипетка, эфир, банка қою үшін, тонометр, стетофонендоскоп, темір стерилизатор, тіс жұлатын, пинцет, жібек жіп в ампулах, әр түрлі корнцант, скобалар, инелер әр түрлі. Теріс ауытқулары болмай, сол адамдарға көмек бергенім үшін Аллаға рахмет!

Мен шаршадым демей, ұйқым қалды демей, таңертең тағы жұмысқа шығып жүрдім. Маған Алладан күш-жігер келіп тұрды. Әлгі табельдегі 7 сағат мен түсінбеуім сенбі-жексенбі күндері жұмыс емес күн деп саналады, ал мен үшін көмек сұрап келген адамға сумкам дайын. Соңдарынан жөнелем. Көп фельдшерлер осылай жұмыс атқарды деп ойлаймын. Көп аурулар, әсіресе, түнде, сенбі-жексенбі күндері кездеседі. Рваный жараны тігуге, сак болу үшін жол болмағанда, боранды күндерде, көктемде кейде бір үйден екінші қатар тұрған үйлерге жету қиын туғызатын, егер галошты, пима, етік кисен, галошың сазда қалып қояды. Галошты саздан алып шығу үшін ақсаңдап барасың, сол кезде қолың сазға батып, төрт тағандап тұрған кездерім есімде.

Менің медицинада қай жұмыс болмасын қорықпай кірісетінім бар: тіс жұлу, қарттардың істік тістерін егеу, көзге түскен нәрсені иненің сыртымен алып шығу, кірген шөгірді алып шығу. Кейбір адамдардың тырнақтары формасынан бұзылып тұрғанда ваншаға салып, қайта-қайта

кесіп, жұқартқанды, қыз балалардың құлағын тесу. Жаңа жараланған, кесілген жараны тігу, бұрын скоба қоятынмын, бертін келе өзіміздің ветеринарның врач Баймұратов Ерғазы марқұмнан, Теменова Сабирадан әртүрлі жібек жіптерді алып в ампулах, раналарды, құлақ тескенде жіптен сырға салып жіберуші едім. Менің оларды санамауым – өте көп болуы.

Өзімнің немерем Алматыдан екі жас болмай алып келіп, бір құлағын тесіп, құлағымдағы алтын сырғаны кигізіп, айнаға қараттым. «Екінші құлағынды да тесу керек, екінші сырғаны да беремін саған» дегенде Мадина: «Тез!» - деді ғой. Сонымен сол сырға Мадинаға бұйырды. Сабина немеремнің құлағын тесіп, киілмеген алтын сырға тағып жібердім. Маржан немеремнің құлағын тесіп, қызыл тасы бар алтын сырғамды салдым. Құтты болсын дейім!

Босанған аналар мастит болған көп кездесті. Көбі больницада емделіп шығып жатты. Көбі жылап, шыдап, асқындырар. Осындай іріндеген жараларды жаруға қорықпайтынмын. Көп адамдардың уколдан кейін жамбасы іріңдеп кетеді. Ол кезде одноразовый шприц болмайды ғой. Екінің бірінің жамбасында «абсцесс» болады. Бұл операцияны ауылдық жерде жасауға болмайтын, әрине. Бірақ мен көп «абсцесс» болған адамдарды емдеп жаздым. Бұл өте жауапты іс. Бұл операцияны Жантлеуов Қошан-аға Лесхозда үш жыл жұмыс кезінде мені үйретті. Ол кісі дипломы жоқ хирург еді. Іріңдеген жараның беткі пленкасы ауырмайды, оның ішіндегі ірің солқылдатып ауыртады деді. Сол пленканы стерильный инемен өткізіп алып, сол иненің үстінен скальпельмен кесу керектігін. Осы Қошан-ағаның көрсетуімен көп-көп адамды емдедім. Көбісі қазір бұл дүниеде жоқ. Көбісін ұмытыппын. Адай-ағаның келіні-Әмина - мастит болып емдеп, Мәрпуля-апа күміс жүзік бергені.

Мен фельдшер болып істеп жүргенде неше түрлі басымнан өтті.

Пенициллинді ол кезде төртке бөліп береміз. Төртінші укол жұмыстан кейін. Сол укол беруге келгенде, ол кісілер кейде қонаққа кетіп қалады...

Сол үйге іздеп барып төртінші дозасын беріп кетсем, үй иесі асқа отырыңыз төрге шығыңыз дейді. Мен қолымды жуып келейін деп, қашып кетемін. Бұл бір рет емес, бірнеше рет болған. Бертін келе біздің үйден алыс емес Рустамның (Байбатыров Саден-аға мен Мариям-апаның жиені) баласына жеті күн антибиотик салып бітіп, кетіп бара жатырмын. «Рустам»,- дедім «ертең Саян өскенде, мен қартайамын, сонда сен мені осы Саяттың тойына шақырасың ба?»- дедім. «Жок, тате, деді мен сізді «құрмалдыққа шақыра саламын», - деді. Мен рахметімді айттым...

Өмірлерін сақтап қалған көп

Өмірлерін сақтап қалған балашаға, үлкендері көп деп айта аламын.

Сералин Жанболат мектепке бармай тұрған кез. Онда Күлпаштың әкесі Жұмағали атамыз тірі. Мен есіктен кірсем, төргі бөлмеде жерде Жанболат жатыр, ал атасы оған қарап дұға оқып тұр. «Ата, бұныыз не сұмдық? Баланы орап алып, Сергеевкаға алып келдім. Байқасақ, ол бала шемішкені шақпай, жұта беріпті. Промывать еткенде бірыңғай шемішке түсіпті. Келген соң анасы, Күлпаш Жұмағалиқызы рахметін айтқан. Ал, Жанболат үйленіп, үлкен қызы – Елдананы - әжесі Күлпаш-марқұм «менің Еларнам» дейтұғын. Бірақ «Еларнасының» қызығын көре алмай кетті. Күлпаш иманды болсын!

Оспанова Әсел екі жасында үйінің жанында жаңбырға қойған толы бочокқа басымен құлаған. Мен келсем, Атасы Махмет аға: «Адам болмайды! Апармай-ақ қой!» деді. «Жок,- дедім, «өлмейді! Өлсе больницада өлсін, - деп, Сергеевкаға келдік. Келсек, Баян Макышевна дайын тұр екен. Мен де қатыстым. Желудок промывать еткенде ашық қолбаға неше түрлі түсіп жатқан. Әсел тұрмысқа шықты. Кішкентайлары бар. Астанада тұрады.

Роддомнан неше түрлі қиындықтарды көрдім. Ең қиыны Сағындық пен Фазиланың баласы Қанат туарда. Сағындық өзі грузовой машинасымен алып шықты түнге қарай. Сергеевкаға бұрыла бергенде, оң жаққа кетіп қалды. Алла тағала біздерді қорғап қалды - қар болмаса тоққалаң қалар едік. Мен жақтағы есікті зорға дегенде ашып, мен жолға шықтым. Пимамның іші қарға толды. Бұл ұмытпасам 19 январь 1977 года. Әйтеуір, Шыңғысов Газез-аға бәйбішесімен келе жатыр екен. Өсербай-ағаның үйінен қонақтан шыққан көрінеді. Больницаға әкеліп, Қараталға кетіп отырыпты. Ал мен болсам өзімнің сумкам ап-ауыр және Фазиланың қысқы киімдері, пимасы. Сырттан ішке қайтадан кірдім. Хирург Пустовит приемный покойда тұр екен. «Осылай роддомға кісі әкеліп едім мені Ибраевтың поворотына жеткізіп салыңызшы», - дедім. Ол:«Жоқ, болмайды!»- деді. Сосын кету керек. Аяғым су болып жатыр, манағы қар еріп. Жолға шықтым. Аяғымда пима. Қолымда 2 сумка. Ұстауға ыңғайсыз. Қарлы боран. Бетке періп жатыр.

Поворотқа жеткенше көзім көрмей қалды. Қардан шаршап та қалғандаймын. Енді өлген шығармын деп ойладым. Бір уақытта Ибраев жақтан жарық көрінгенде жылауға да шамам жоқ. Сағындық пен Оспанов Бекежан-ау деймін. Мені машинаға зорға мінгізді. Менде ешқандай күш қалмапты. Осы қиындығымды ешқашан ұмытпаймын. Әйтеуір, Фазила аман-есен босанып, Елиясов Қанат Сағындықұлы деген азамат дүние есігін ашқан.

Нуртазина Ажар тәтені Аягөз деген қыз туарда роддомға қалдырып, киімдерін алып, үйге Ибраевқа келе жатыр едік. Шофер Анесов Аманбай: «Машина сынды», - деп, тоқтады. Мир көшесінен Ибраевқа бұрыла бере. Ал мен машинадан түспей отырмын - бұл Ибраевқа барғысы келмей тұрған шығар деп, өйткені бұл шофер Сергеевкада тұратын. Бір уақытта машинаның суын ағызды. Бұл шынымен сынған шығар деп тағы қолымда екі сумка. Бұл күздің уақыты білем, өйткені Ажар тәтенің қалың пальтосы бар, өзімнің сумкам тіпті ауыр, ішінде дәрі салған пакет

стерилизатор, шприц инелерімен, тіс жұлатын, пинцеттер, груша, тонометр, бинттер, скобы, толып жатыр, ап-ауыр.

Ең қиын кезеңде жұмыс істедім. Семинар вторник күні болады. Медсоветте сағат 5ке дейін ұстайды. Біткесін ал жүгір автостанцияға. Кейде автобус кетіп қалады. Сосын поворотта тұрамын, кол көтеріп...

Смирнова Римма Михайловна келсе балалардың ішқырына дейін қарайды. Бұл детский врач балалардың, әсіресе, бір жасқа дейінгі балаларға көп көңіл бөледі. Соны фельдшерлерден талап етеді. Байгинжинов, Ахметов Саркеннің баласы 928 грамм боп туып сол балаға витаминдёр, алоз укол бердім. Сонда балада ет жоқ. Терінің астына барады. Сол баланың денсаулығын күнде сұрайды. Телефонмен кейде түнгі 1-2-де сұрайды. Өзі больницада дежурствода отырғанда есіне түседі, білем. Римма Михайловна Смирнова Набережные Челныға кеткен, сонда 2017 жылы қайтыс болды деп естігем.

Фельдшерлердің білімді болуы үшін көп атсалысты. Біздерді I категория, жоғары категорияға дейін дайындаған. Өзі бірге болатын. Осы кісінің арқасында мен «жоғары категорияға» өттім. Дайындалдым. П-образно отырады екен емтихан алатындар. Ал сен ортада отырасың. Бірінің жауабын айтқанша екінші врач сұрақ қойып жатады. Бір кезде «хватит деді Қоспанов Сартай. Мені шаршады деп ойлады ма екен. Әлі есімде. Өзім де білмей қалатын сұрақтар бола ма екен деп ойланып отырған болармын. Мед училищеде Петропавлда 1959-1962 жылдарда сабақ берген латын тілінен Людмила Гончарованы таныдым.

Орысша күшті сөйлей алмаймын

Жаксы білімды врачтар болды ол кезде. Бас дәрігер Курило Виктор Кузьмич, Валентина Апеневна Қаражигитова, хирург Уалихан Базарович Қаражигитов, Қуатбек Нуржанов, Қусаинов Болат, Қусаинова Альбина Амиржановна, Алина Кияловна – гинеколог, т.б.

Курило кезінде тәртіп күшті болды больницада. Фельдшерлерге медпунктерінің маңайын, ауылдың маңайын таза ұстауға, жыл сайын ағаш егуге қатысуымызды, семинарға әр сейсенбіде болатын, мед советке дайын болып келіңіздер дейтұғын. Виктор Кузьмич шамасы жасы көп емес. Бізді ұрсатын: «Вы только умеете рожать! Возле медпункта растет полынь!». Мен жақсы істегендіктен, комиссия болса, Ибраевқа алып келетін. Әлде районға жақын болған соң ба.

Ол кезде жұмыс істеген Қаражігітов Уалихан Базарович, зайыбы врач, ұйымдастыру қабілеті өте күшті менің сіңілім сияқты - Валентина Апеневна Қаражігітова. Өзім он жылдықты қазақша бітіргесін, орысшаға аздап кемдігім бар ғой. Бірде Апеневна: «Курило 50ге толады. Соған сені шақырады»- деді. «Ой, Апеневна, мен орысша күшті сөйлей алмаймын ғой, сіз маған «речь жазып беріңіз деп өтіндім. Ол кісі «Жарайды!» деді.

Құттықтау күні Сергеевқаға келдім. Инфекцияға кірдім- Валентина Апеневна жоқ. Ол стационарда деді. Онда да жоқ. Актный залға келеді ғой деп, есік жақта күтіп отырмын. Дайын сөзді оқи қоямын деп отырмын. Апеневна көрінді. Жүгіріп, алдынан «әлгі қағазыңызды беріңіз» дедім. Апеневна ештеңе дайындамапты. Маған айтқаны: «Өзің бірдене айта саларсың, менің уақытым болмады»,- деді. Мен ойланып қалдым, «енді не айтамын» деп.

Актный зал толып отыр. Алдыңғы қатарда Кусаинов Болат, Ергалиева Альбина Амиржановна, Қаражігітов Уалихан Базарович, одан кейін Смирнова Римма Михайловна, Валентина Ивановна Дмитриенко, Николай Леонидович, зайыбы Раиса Михайловна (сөзге шешен, тоқтамайды ғой бастаса), Баян Макышевна, СЭС-тың бастығы, бұлардан төменірек есікке қарай фельдшерлер, мен де отырмын. Менің фамилиямды атамаса екен деп. Семинар, медсоветте, мені анадайдан көретін, өйткені орамалмен отыратын мен ғана, қыс болсын, жаз болсын.

Кузьмичті алдыңғы қатардағылар бәрі шығып «поздравляем, поздравляем» деп, әйел врачтар бетінен сүйіп жатыр. Бір уақытта «фельдшеру Ленинского ФАП» дегенде атып тұрдым да, жаңағы алдымдағы әйелдердің айтқанын мен де қайталадым. «Виктор Кузьмич, поздравляю Вас с 50-летием. Вас целуют. Вас я тоже хочу поцеловать. Вас я никогда не поцеловала,- дегенімде залдағы отырған медработниктер бәрі шапалақтап, «ха-ха» деп күлісіп қалды. «Желаю долгих лет жизни и всем сидящим крепкого здоровья и долгих, долгих лет жизни», «мен болдым»,- дедім де, түсіп бара жатырмын. Бәрі шапалақтап, шығарып салғаны әлі есімде.

Тісті орнына салып қой!

Галина Петровнамен көп жұмыс істедік, тұрмысқа шығып, кеткенше. Онымен істегенде біздің ФАП ылғи бірінші орын алып жүретін район бойынша. Тәртіпті, ұқыпты, таза болатын. Бір нәрсеге уайымдамайтын. Мен бір мезгіл қиналып қалсам: «Уайымдама, бәрі жақсы болады!» - дейтін ылғи. Қазір үйренген жерінде, Ыбыраевта тұрып жатыр. Алена, Расул, немерелерінің қызығын көрсін! Денсаулығы зор болсын!

Галина Алексеевна жоқ болса, шай да ішпейтінбіз. Күтетінбіз. Жақсы жұмыс істедік.

Бірақ біраз оқиғалар болды Галина Алексеевнамен байланысты. Бір күні вызовтан медпунктке келсем, бір апай отыр. Алексеевна оның ауырған тісін емес, сау тісін жұлып алыпты. Әлгі апай менімен, тіпті, амандаспады. Районға жазамын, деп, отыр. «Ұрысшы Галяны». Мен Галяны ұрсып жатырмын, апайдан кешірім сұрап жатырмын. Қатты қателік кетті, деп. Әйтеуір, апай кешірді. Орнынан тұрып, кете барды – ауылға баратын көлік күтіп тұр екен. Сонда менің есімде жоқ. Галя айтуы бойынша, мен оған былай деппін-«Галя, жұлып алған тісті орнына салып қой!».

Тағы бір кезде Шакиров Рафкат-марқұм келіпті де, шишка бар деп жалыныпты. Галя сол отырған жерінде

шишканы кесіп алыпты. Мен, келгесін: «Ты что? Өліп қалса ше? Біздің жұмыс - профилактика, прививка беру. Мұндай жағдайда районға жіберу- біздің міндет!» «Өзім білмедім-қалай істегенімді!» - деп, түр. Не істейсің? Әйтеуір, Құдай сақтады! Рафкат аман-есен болды. Қазір Галя Петропавлда тұрады. Денсаулық тілеймін Иван екеуіне!

Маған балалардың ақшасын кетірме

Мен пенсияға жақындаған кезде «инсульт» ауыру көп болды. Уақытпен санаспай, уақытша уколын беріп отырдым. Менен кінә болмасын деп жексенбі күні де үйде отырмаймын. Өзім ауырып қалғанда болмаса. Грипп болып, мұрнымнан су сорғалап жүріп, вызовқа барамын. Соның әсері білем, қазір «запaxты мұрным сезбейді. Сонда устімде пальто. Үйге тоңып келем. Әйтеуір, Атасының аркасында үй жылы.

Инсульттен кейін көп адамдар тәуір болды. Мысалы, Молдабаева Балқия. Бұл кісі без сознания жатты. Мен сонда сол үйде қонып жүрдім. Келіндері - Бикеш Қабиденқызы мен Оля - Орынтай Қапезқызының сол кісіге көп қарағанын, көмегін көрдім.

Серғалиев Фазыл аға, Разиға Уапова бауырым тәуір болды. Құрдасым Мәрзия Таласбаева тәуір болды инсульттан. Кейін көше аралап жүріп, халін білейін деп кірсем, «вареники дайындап жатыр екен. Обед болып қалды. Ал немересін Күлизатты залға есігін жауып қойыпты. Ол қыз шыға алмай, жылапты. Сол кезде қыздың әкесі - Науқан кіріп қалыпты. «Маған ұрсып жатыр, қызына болысып» деп, Мәрзия маған «жаловаться» етті,»жайсымыздікі дұрыс деп. Досым, иманды бол!

Куляш Есімсеитова қайтты. Балалары дәрісін бәрін әкелді, бірақ амал не? Сол кезде Жұматаева Бақытжан маған айтады: «Егер мен бұлай инсульт болсам, егер адам болмайтынымды білсең, маған балалардың ақшасын кетірме дегені. Ол кісі 2017 жылы желтоқсанда 80 жасқа толғанын тойлады.

Балалар ауырса

Бір бала ауырса өзім қорқамын, больницаға апарып салғанынша. Больницаға апарып келгенде, өзім қуанамын, емдейді ғой деп. Ауырған балаларды үйде емдеуге қорқатынмын. Егер үйге емдеуге жіберсе, сол пенициллинді төртке бөліп беретінбіз, уақытын өткізбей салатынмын. Ал жағдайы нашарлай бастаса, больницаға алып баратынмын.

Медпункте отырғанымда, Тұяқбаева Ақық келді Алмагүл деген қызымен 11 айлық. «Қалі нашар, больницаға бару керек» дедім де, мен прием жасап жатырған кілтке салынатын комнатаны кілтке салдым да, Ақықты үйіне киініп келуге жібердім. Машина шақырдым. Больницаға апаратын машина да, Ақық та келді. Сөйтіп, Алмагүл - менің қызым болып қалды. Қазіргі кезде осы қыз Алмагүл тұрмыста, өзінің кішкентай балалары бар. Ал анасы болса қазір бұл дүниеде жоқ. Иманды болсын! Жолдасы Серікбай біздің Атамыздың құрдасы еді, марқұм. Телефон соғатынмын, «біздің малдарымыз өлейін деп жатыр, тез сабан жеткіз, ячменнің сабаны болсын», - деп. Көп кешіктірмей сабанды әкеліп тастайтын еді. Иман байлығын берсін!

Тағы бір вызов. Роддом кеше ғана ремонтқа жабылған екен. Роженицаны Семиполканың больницасына апарып келгенше жарты күн өтті. Әрине, роженицалар ол жаққа барғысы да келмеген, бірақ бару керек. Үйлерінен қатынайтын кісілерге де қиынырақ. Тіпті көліктері болса да, болмаса тіпті қиын. Ремонтқа жабылуы бір ай. Жылына бір рет жабылады. Уақыт келіп қалса, бұрын Ново-покровкаға да апарғанмын. Сарсекеева-Ережепова егіз ұлын сол Ново-покровкадағы роддомда дүниеге әкелген.

Ол кезде Колязов деген врач болған. Ұлты орыс болса да, қазақша білетін еді. Қазір ол жерде сштеме де жоқ, бұзылып қалған. Өткен-кеткенде қараймын: «мына арада родильное болып еді» деп.

Уақыт өтеді, уақытты ұстап тұра алмайсың. Қазір ауданда жаңадан поликлиника ашылды. Бұрынғы больницада аурулар жатып емделеді. Сәбилер өмір есігін ашып жатыр, ауырған балалар емделіп тәуір болып шығып жатыр, хирургическое отделениеде жұмыс істеп тұр. Баяғыдан сол больницаның көп жыл басқарған главный врач Курило Виктор Кузьмичте, балаларға жаны ашитын главный детский врач Смирнова Римма Михайловна бұл өмірде жоқ.

Алла сақтай көр!

Өзім жұмысты қатты істеймін. Қарап жүрген балаларым жыл сайын саны өседі. 15-ке дейінгі балалар саны -710-713-715 өседі. Мектепте орысша, қазақша он жылдық болды. Балалар 715 кісі 15 жасқа дейінгі. 308 семья болды. 1600-1700 адам.

Отчет кезінде балалары аз фельдшерлер тез отчетын беріп кетеді. Мен отырамын, балаларымды санап, ол кезде әрбір жылда 40-тан аса балалар туатын. 1977 жылы 43 бала болды. Ол кезде «Сетка» деген бір отчетная форма болды. Туғаннан 6 айға дейін, 6 айдан бір жылға дейін, деп әрі қарай кете береді. Осы сетка дұрыс шығу керек. Қанша бала туды, қанша бала көшіп кетті, қанша бала көшіп келді. Отчетты үйге әкеліп, Жомарт, Мараттарға санатып, қайта-қайта карандашпен сыртына жазғызып қоятынмын.

Виктор Кузьмичтың кабинетіне киіммен кіруге болмайтын. Бірде доверенностька қол қойдыру үшін кірдім. Үстімде су жаңа көк кремплин пальтом бар. «Иди, раздевайся деді. Есіме қайдан қалай айтқаным білмеймін: «Виктор Кузьмич, у меня муж умер, я сильно тороплюсь,- дедім. «А я не знал, - деді де, қолын қоя салды.

Кабинетінен қалай шыққанымды білмей, есігін жауып, арқамнан тіреп тұрып, «Алла сақтай көр! Тірі күйеуімді өлтірдім-ау деп. Алдымда Курилоның секретаршасы: «Что случилось?»- деп сұрады. «Я убила мужа»,- дедім. «Как, как это?»- деп жатыр. «Нет, муж

живой, живой»,- деп кетіп қалдым. Сол жолдасым Мейрам Өбілкәрімұлы 9 июльде 2020 жылы өмірден өтті. Бәрі, бәрі осы жолдасымның арқасы, балаларымның арқасы, әсіресе, Зәмзәгүлдің, 40 жыл жұмыста болғаным.

Әр түрлі шақырулар болды

Әр түрлі шақырулар болды, бірі-біріне ұқсамайтын.

Сумкамды алып, сәті түсіп клубқа келдім. Көшеден Күләш Алғожина абысынымен Зоя екеуі бара жатқанда «орын ала беріңіздер деп айғайлағанмын. Олар орын алып қойған екең. Көп отырған да жоқпын. Ақжигитов деген 5-6 баласы бар зоотехник тұратын. Сол кісі клубтың есігінен кірер-кірместен айғайлап, «осында медик бар ма, іздеп таба алмадым» деп айтып үлгерді. Мен қайда кетсем де, қайда болатынымды ескертіп кететінмін. Ол кісі үйге барған - үйде жоқ болып, клубқа келіпті. «Балам ауырып жатыр, тезірек келіңіз» деп. Концерт қалды...Ал зоотехник «Рахмет» деп те, «Кешіріңіз» деген сөзді білмейді білем. Бірер жылдан кейін Өрнек еліне көшіп кетті.

Еркін о дүниелік болып кетті. Осы Еркін мен Шолпанның Бүркіт деген баласы да о дүниелік болды, иманды болсын. Бүркіт менің кіндік балам еді.

Тағы бір күнде арамыз алыс емес бір бала ауырып жатыр. «Аппендицит шығар деп Қайни шешесі келді үйге. Бала мектепке бармаған кезі, 4-5 шамасында ғой деймін. Қолымды шекесіне қойдым. Денесінде қызу жоқ, жатқызып ішін көрейін деп, өйткені құсық, ештеме жоқ, мочевой пузырьдың үсті қап-қатты, дәретке отырғың келе ме деп сұрадым, бала «ия» дегенді білдіріп, басын изеді. Горшокты көтеріп тұрмын, ауырлап барады, жерге қойдым. Бала енді жатамын деп, көрпесін жауып кеттім, үйге келдім. Мен енді қайта келсем, міне, қызық - ауырып жатқан бала магазинге кетіпті, 40 минут күтіп отырдым. Бала келді. Ешқандай ауырған да жоқ, температурасы да жақсы.

Тыныс - Атасы шамалас жас жағынан. Бұл кісінің әйелі қатты ауыратын. Мен көмектесіп жүрдім. Бірінші

Алла көмектесетін! Сонда шақырғанда менен бұрын сол үйде Разиға болатын. Разиға Қабай қызы менің қайын енем де Қабайдың қызы еді (Әзира Әлсейітқызы). Разиғаны менен бұрын шақырғаны жақсы көргендіктен ғой деп ойлаймын. Мен: «Разиға, менен бұрын келдің, не көмек көрсетіп жатырсың?»- деп ойнаушы едім. Қарап тұрсаңыз бұл «Моральный» көмек қой. Әйтпесе, Разиғаның үйі-күйі бөлек. Неше рет келсек, сонша рет Разиғаны көретінмін. Сендерге, бөлелер, иман байлығын тілеймін!. Жамал, сіз де көп ауырдыңыз, иманды болыңыз, о дүниенің рахатын көріңіз! Көп ұзамай Серік Уапов, Тыныс та кетті, Кажиакбаров Боранбай да.

Ыбыраев ауылы

Жексенбі дегенді білмеймін

Ленинге тұрмысқа шыққасын алты ай әр жерде жұмыс істедім - Қаратал ауылында, Мектеп ауылында фельдшері отпускіге кеткенде, садикте істедім. Карл Федорович Бельгер кеткесін, мен ФАПқа ауыстым. Сонда пенсияға шыққанға дейін істедім. 60 жасымда 2001 жылы пенсияға шықтым. Жылқы сойып мектептің спортзалында 300 кісі шақырып тойладым да, Москваға кетіп отырдым. Пенсияға документті Атасы тапсырды.

40 жыл жұмыс істеп қысы-жазы, жексенбі дегенді білмеймін. Осы Ыбыраев ауылында әрбір үйде 1-2-3 баладан кіндік баламыз бар. Шаловтың үйінде үш, Султановтың үйінде екі.

Садикте істеп жүргенде, бір керемет боран күні Әбуов Ерғазы-марқұм, келіп, шақырды. Келсем, бала туатын уақыт. Мұқзида-шешелері бәкісін беріп, мен кіндігін кесіп алдым. Ертеңіне Бельгер келіп, маған ұрсып кетті: «Енді өзін прививкасын жаса!» деп... Ауданға бара алмайсың - күн керемет боран.

Ерғазы аға бала туғаннан кейін анасы Қапизаға барып, «Біздің үйге іштен бір жігіт келді!» - депті. «Сүйінші!»- демепті. Сонда анасы Қапиза: «Осы боранда адасқан қандай жігіт?», - депті.

Ең кенже кіндік қызым мен 60 жасқа толғанда отпуск с последующим увольнением деп заявление бергеннен кейін туған қыз - Калиева-Толепбергенова Ділназ Жеңісқызы болатын. 2014 жылы 13ке толды.

Әсем Қасымова-кіндік қызым, тұрмысқа шығарда, ілуге маған кілем берді. Сол дастархан басындағы әйелдерді үйге алып келіп кілемді жуғаным есімде Апрель айы болса керек. Біздің үйден шыққан әйелдердің біреуі үйіне жақындай бергенде, еріп жатқан суға құлапты. Аяғы тайып кетіп, құлап жатқан жерінен тез тұрудың орнына «мне

хорошо деп, екі алақанын суға шалпылдатыпты... Мен өзім көрмедім. Жанындағы әйелдердің айтуы.

Кіндік қыздарым, ұлдарым өте көп. Кейбіреуі ертіп апарып көйлек-шапан кигізген. Тәуба! Алладан өз балаларым, кіндік балаларыма дені сау болып, үлкен азамат, азаматша болып өссін екен деймін!

Бірге тумасақ та, туғандай болған

Бірге тумасақ та, туғандай болған інім Манабай елге асыл азамат еді.

Шал ақын ауданы, Ыбыраев ауылына совхоз директоры болып келген кез. Қызы Салтанат 6 ай ол кезде. 18 июль 1981 жылы дүниеге келген. Осы қызды ауыра қалса емдеп, шешесі Нұрила Сәдуақасқызы да ауыра қалса, Ыбыраевқа емделу үшін кететұғын. Нұрилә-шешем мені «үлкен қызым» дейтұғын.

Жанболат ұлы 1971 жылғы, 1 апрель менің Марат деген баламызбен бір класта оқып бітірді. Одан кейінгі ұлы Сәкен 1975 жылы туған. Үшінші ұлы Жақсылық 9 майда 1979 жылғы, менің қызым Кәмшат екеуі бір класта оқыды. Манабай інімнің зайыбы, мен келінім Күләш Байгереевна 1949 жылғы, 18 март. Ол келген жылы бала тәрбиесімен үйде отырды. Негізгі мамандығы – есепші бухгалтер.



Манабай інімнің совхозда істеген жылдары атқарған жұмыстары көп. Дом культуры салды. Столовый салды. Ыбыраевта тұратын жалғыз басты зейнеткерлердің үйлерін дұрыстап, шығатын есігінеп көшеге дейін асфальт салғызды. Совхоздың адамдарына, барлығына деуге болады, тойларына, өлім-жітімдеріне көмектесті. Совхозда ол кезде қара мал, қой шаруашылығы, құс шаруашылығы, ақ-песец. Өткен күндер мен айлар жанымызды жұбаттыға санасак та, біз үшін асыл жанның орны өзгеше екен. Мейірімге толы ашық дидары, ақжарқын кең жүрегі, кең пейіл мінезі көз алдымызда, көңілімізден өшкен жоқ! Алайда, тағдырдың жазуына не дауа?

Зейнет жасында болса да қоғамдық істерден қалған жоқ. Бүгінге дейін ардагерлер кеңесінде, әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия мүшесі ретінде аға буын өкілдерінің небір көкейкесті жағдайларын шешуге атсалысқан адам.

Манабай-інім совхоз директоры болып тұрған кезде наукастарды ауруханаға апаруға көлік сұраймын, бір рет те бетімді қайтарып көрген емес. Бірде Баймұратов Ерғазының зайыбы Зейнепті роддомға апару керек болып, конторға барайын деп шыққаным сол еді, Манабай Сергеевкаға кетіп бара жатыр екен, қолымды көтеріп, «Зейнепті роддомға жеткізу керек», – дедім. «Ее, онда шыксын, менің де Сергеевқада жұмысым бар», – деді. Зейнеп «Мен ол кісімен бармаймын, ұяламын», – деп безектейді. Сөйтіп, Манабай «О, ғаламат!», – деп, өзі машинадан түсіп қалды. Роддомға Еслямов Асқармен жетіп, Зейнеп ұл туған еді.

Содан кейін дежурный машина қойды. Кешке қарай гараждан звондайды «мен дежурныймын» деп. Біреу ауырып қалса, не болмаса роддомға бару керек болса, звондай қоямын. Машина жетіп келеді. Оған дейін өзім іздеймін ауруларды районға апаратын көлікті. Кейбір шоферға звондасам, «арак ішіп қойып едім» деп барғысы келмейтін кездер де болған.

Ауруханаға бару үшін тәулікке кезекшілікке шығатын шопырлардың графигі болады. Әсіресе, түнгі

уақытта шақыртқанда бүгінгі түні қай шопыр шығатынын білесің – бірден телефон соғасың, шақырған үйге ол да жетіп келеді. Осы үшін көпке Манабайға рахметімді айтып жүрдім.

Кейін аудандық аурухананың бас дәрігер Курило Виктор Кузьмичке барып, аудан басшыларымен жолығып, депутат ағалармен сөйлесіп, Ленин фельдшерлік-акушерлік пунктіне су жаңа уазик алып берді. Бұның үлкен көмегі тиді – біраз уақыт бала өлімі, үйде босану сияқты жағдайлар болған жоқ. Бұрындары семинар, жиналыстарға бару үшін автостанцияға жүгіретін едік. Автобус 5.10-да кетеді. Кейде қалып қойып, Ыбыраевтың бұрылысында тұратын кездер де болған. Медсовет жаңбырлы күні де, боранда да бола беретін. Енді көлік бар – қай уақытта басталатын болса, сол уақытқа барамыз.

Уазикке алғаш рет Есімсеитов Амангелді шопыр болып отырды. Машинаны күтіп ұстады, іші сырты таптаза.

Бірақ бұл да көпке бармады. Амангелдіден кейін әр түрлі жастар отырды. Жас болған соң, кейбіреуі «жастығын» істейді. Ол кезде қаймақ, сүт, айран, ірімшік – бір сөзбен айтқанда сүт өнімдерін Қорған қаласына апарып сататын. Бірде естуімізше, біздің Уазик сол Қорған қаласына дейін жетіпті, түрлі кездесулерге барыпты онымен, тіпті балық аулауға да барыпты. Совхоз басшылары да оны әр жаққа жұмсады. Машинаға тыным болған жоқ. Сөйтіп-сөйтіп, Уазик тұрып қалды. Бірақ, көлік болмай қалды деп науқастар бір рет те шағымданған емес.

Қызым Зэмзәгүл Мейрамқызы 10 класс бітіргеннен-ақ қол ұшын созып, қолдай бастады. Үздік бітіріп жатқан қызымыз ұстаздарына рахметін айтып, «сіздердің самайларыңызға түскен әрбір ақ шаш үшін қарыздармыз» дегенінде, Манабай інім жылап тұрыпты деп естідім өзім.

Зэмзәгүл оқуға түстім деген телеграмманы алдымен Манабай ініме жіберіпті. Әкесі маған телеграмманы әкелгенде сол кезде почтада істеген Дарья Ивановна

Ковалева: «Телеграмма почему-то Манабаю пришла», – деп айтып қойды.

Палатқа құрып, ауылды, туған-туыстарды шақырып, той жасадык. Қонақтан кім келетінін толық білмесем де, көршілердің келетінін біліп сол кісілерді қарсы алуға дайындалып жатырмын. Ас пісіп тұр, бауырсақ, салат дайын, лимонад, арақтың түр-түрі мен коньяк, сарғыш коньяк та бар, бағасы 6 сом 37 тиын болатын. Сонда бір шынының сыртына «Будем пить за студента МГУ» деп қол қойған адамдар – Манабай, Қаратай, Зарап.

Бертінге дейін сондай коньяктарды сақтап келген едім. Манабай қолын қойған коньякты залдағы «стенкаға» тығып қойғанмын – Ыбыраевта тұрғанда кілті болатын. Жомарт баламыздың жолдастары жиналып, оны ішіп қойыпты. Бір нәрсе іздеп жүріп, әлгі коньяктың бос тұрғанын көрмеймін бе. Жомарттан сұрасақ, ол «білмеймін» дейді. Оның осы күнге дейін аузына арақ түгіл, сыра да алмайтынын білеміз ғой. Қол қойылған екінші бөтелке де бос тұр екен. Содан шыныларды суға салып, қол қойылған қағаздарын алып, басқа коньяктарға жапсырып қойдым. Бірде Астанадан аяқ астынан құдалар келіп қалсын. Осы коньякты алып шықтым. Манабай інім, сезді ме, «мынау менің қолым емес сияқты деп сезіктенген болатын.

Ол кезде оқуға баруға билет алу қиын болатын. Сол күннен бастап Зәмзәгүлдің билетін де алып беретін, кейде апарып салатын, кейде алып келетін. Боранды күндері қалаға дейін апаратын күндері болды.

Сол тоқсаныншы жылға қарай бүкіл ауылдарда мектеп оқушыларында «паразит» көп болды. Планеркаға мені де шақыртып, «ал айт, «паразит» азайды ма» дегенде, «жоқ, азаймай тұр», десем, орнынан тұрып, «бұл пәле бізде жоқ еді, бұлар Жанаталап жақтан железобетонный көпірден бізге қалай өтіп кетіп жүр?» – дегені бар.

Ауырғанда Манабай қатты ауыратын. Дене қызуы көтеріліп, жиі-жиі ангина болатын. Больницаға барғысы келмей, үйде емделеді. Жайшылықта да тынышсыз адам,

ауырғанда тіпті мазасыз болады. Күләш Байгерейқызының еңбегі зор – ауырғанда жаны қалмай күйеуін күтеді, айтқанын екі етпейді, оның үстіне қонақтарын да қарсы алады. Мұндай «абаждай» денелі кісіні күтіп-бағу скінің бірінің қолынан келе бермес. Мені әлсін-әлсін шақыртады. Көмегімді беріп жүремін. Ол кезде дәрі өте көп – қайсысын алсаң да өз еркің. Көп қолданатынымыз – пенициллин, оны төртке бөліп беру керек.

Бірде балалардан «ауырды» деп, тағы шақыртыпты. Барсам, «Зәмзәгүл бір жігітпен танысыпты, ұйғыр жігіт екен», – деді. Есікті жауып кетіп қалдым. Соңғы кезде жиі «ауыратын» болды. Барсам, «Зәмзәгүлді сол жігітке беру керек», – деп қайта-қайта айтады. Алдында қызым ауылдың азаматы, нағашымыз Жукенов Амангелдінің үйіне барып жүрмін дегені бар-ды. Сол Амангелдінің үйіне Москваға «Біздің қызымыздан аулақ жүрсін ана жігіт. Мен оны көрмесем де, ол да біреудің алтын баласы шығар, бірақ өзіміздің жақта да жігіттер жетіп артылады. Қызымызды қазаққа береміз», - деп хат жолдадым. Москвадан Амангелді мен Айман құдашадан еш хабар келмеді. Уақыт тұрмайды ғой – күндер өтіп жатты. Бір кезде Манабай қатты ауырып жатыр деп тағы шақырды. Өзім енді ғана вызовтан келіп, әлі шешініп те үлгермеген едім. Машина келіп тұр, қарасам, Еслямов Асқар ағатайым екен. «Тезірек жүріңізші, тез кел деген» – деді. Күн жексенбі. Үйдегілерге шай да құйып бермедім. Асқар ағатайым әкелді де, өзі кетіп отырды. Есіктен кіре «Жоғары шық», – дейді Манабай інім, ауырғаны көрінбейді. «Отыр, мәселе бар», – дегенде, Зәмзәгүл туралы сөз болатынын бірден түсіндім. Салтанат сөмкемді ашып, ішіндегілерді алып шығарып жатыр, стетфонедоскопты құлағына салып, кукасына «дыши» деп қояды. Сумкамды жинап, «қол жуып келейін» деп, қашып кеттім. Содан тағы келдім Манабайдың үйіне. Бұрынғыдай сыпайылық жоқ: «Той жасайсың ба, жоқ па?!», – деп төтесінен қойды сұрағын. Күләш Байгерейқызы бәйек болап жатыр: «Тұра тұрсаңшы, жылыңсын да», – деп. Тағы қайталады: «Той жасайсыңдар ма, жоқ па? Болмаса, өзім

жасаймын!», – деген сөзі әлі есімде. Үндемей, шығып кеттім. Үйге келіп, Атасына айтып едім, Атасы бәрін біледі екен. Келісімін де берген сияқты. Сонымен, не керек – келістік.

Той мектептің актовый залында болды. Оны әдемілеп, безендірдік. Қонақтарды сағат 3-ке шақырдық. Зәмзәгүлдің класс жетекшісі Әмина Рамазанқызы, осы мектептің мұғалімі Вера Каримовна, ел-жұрт болып көмектесіп, той да басталды.

Мұхамед-құда мен құдағиым Ризвангүл Қадырқызы, қажылыққа барып келген кісілер екен, намазды Әсте қаза қылмады. Тойдан кейін ауылдың үлкендерін құрмалдыққа шақырдық. Тойда Әділдің Москвада тұратын ағасы Рафхат болды. Алматыдан Әділдің әке-шешесінен басқа, Ризвангүл-құдағидың інісі - Тұрсын Қадырұлы мен қыздары, Әділдің қарындасы - Арзыгүл келді. Бүгінде құдамыз, құдағиымыз, Тұрсын-құда да бұл өмірден өткен. Иман байлығын берсін!

Сөйтіп, Манабайдың ықпалымен той да өтті. Бұл 1991 жылдың қарашасы болатын.

Осының бәрі Манабайдың кісілік келбетін айқындайды. Ініме рахметімді білдіріп отырмай. Жатқан жері жайлы болсын, иман байлығын берсін деймін!

Жан едің пейіл де бай,
ойың да асқак!
отырмыз, аңсаған соң
уайым бастап.
Өзіңмен бірге болған жалғыз күнге
берерміз 100 күнді де айырбастап.
Өкпеге де, өлімге де қимайтын,
қолда құдырет болса
жаныңды бергендей
ара түсетін адам болады ғой!

Бөлем

Атасының (Мейрамның) құрдастарын қатты сыйлайтынмын. Оларды құрметтейтінмін, жақсы араласқанды жақсы көретінмін. Бұл - Уапова Разиға, Суттенова Ракила Қасымқызы, Галымов Кабыш, Ахметбеков Какен, Абдрахманов Кабыш, Илькович Владимир, Тұяқбаев Серікбай. Бұл өмірде жоқтарына иман байлығын тілеймін! Алланың нұры жауса екен деймін әрдайым!

Разиға - сондай жүрегі үлкен, кең пейілді адам еді. Бірде Ибраевта Жұмаш пен Копен-қайным тұрған үйінің сыртын түсіріп кірпіштерін сылап қайтадан кірпішін қалайтын болып балшық басып жексенбі күні сылауға кірістік. Екі үй жарысып жатырмыз - Жаров Бекен үйі де сылауға кіріскен.

Біздер обедке отырарда үйде май жоқ екен. Разиғаның үйі қарама қарсы тұрады. Мен Разиғаның үйіне кірсем, кухнясында 3х литровый банкаға май салып қойыпты, әдейі маған дайындағандай. Разиға өзі әйелдермен үйді сылап жатыр сарыбалшықпен. Шайда әлгі әкелген майды салып бердім. «Май тәтті екен, - деп далаға шықты әйелдер. Мен әлі айтпадым әлгі жеген май «сіздің үйдің майы» деп.

Біраздасын айттым, ал Разиға болса күлді де қойды. «Мен айтпасаң да, білдім», - деді.

Біздің жақта құдағиы Қайрия-тәтенің үйіне келгенде біздікіне соғатын. Өткенін көрсем дайындалатынмын олар келеді деп. Енді терезеге көзім түсті - екеуі колтықтасып кетіп барады. Серік пен Разиғаға терезені сындырғанша тарсылдаттым. Бұрылып келді. Есікті кілттедім, аяқ киімдерін тықтым. Ет жеп болған соң самауырындағы су біткенше құя бердім, құя бердім. Тамаша отырыстар болып еді. Сонда Разиға айтады «тым болмаса далаға шығаршы» деп жалынады. Бірге шығып, тағы үйге қуып, кіргізем. Ал үйінде шаруа бар-ау, ол естен шығып кетеді. Олар мүлде ренжімейтін.

Апалы-сіңлідей араластық. Ол айтатын «екеуміз «бөлеміз» деп, мен оған айтамын «сен менің немерелерімнің атасы Мейрашпен бөлесің» десем, «жоқ» деп болмайтын әдейі. Ол негізі біліп тұрса да, «Бөлесің» дейтін.

Қыстың күні қол аяғы тоңбайтын, мен оған қара тесік-тесік ажурный перчатка сыйладым 8 мартқа. Сол перчаткамен 40 градус аяздарда қолы тоңбайтын. Осы қасиеті немере-жиендерінде бар ма екен? Қыздарын Танзила, Амина, Сәулелерін көптен көрген жоқпын. Берік деген баласы иманды болсын, өмірден озды.

Разиға қайтыс болғанда, таңертең ерте келдім. Сонда жолдасы Серіктің солқылдап, мені құшақтап жылағаны есімнен кетпейді. Екеуі қонаққа бара жатқанда қолтықтасып жүретұғын. Шіркін, өмір-ай! Разиганы жек көретін адам болған жоқ десем, артық айтқаным емес. Разиға, Серік, сендерге иман байлығын тілеймін! О дүниенің рахатын көр, Разиға! Тілегім осы ғана, балаларың аман болсын артта қалған! Туған әпкемдей болған едің!

Қолында үлкен балта

Суттенова Ракила қазір Шалақын ауданында қызы Бахыт Разиденқызы мен күйеубаласы Сәтжан, жиені Арнұрмен әп-әдемі тұрады. Инсульт алғаннан кейін қазіргі таңда шүкір Аллаға өзі жүріп тамаққа барады, өзі жүріп Серік Разиденұлының Қызылжардан әкеп берген таяғының көмегімен үй-ішінде жүріп тұр. Жағдайы жасалған. Тек көзінің нашар көруі. Немересі Арнұрды күтіп отырады сабақтан келгенше түс кезінде. Ал Арнұр болса нағашы әжесінің айтқанын екі етпей елгезек бала болып өсіп келеді, көрпесін жауып, телефонын сұраған нөмірін алып береді екен. Сабағын жақсы оқиды, домбыра тартып үйреніп жүр, кісіге жақын.

Теть Раяны (Ракила Қасымқызын) жақсы көремін - атасының құрдасы, екіншіден, Зәмзәгүл Күләтай Разиденқызымен бір сыныпта оқыды Ыбыраевта. Ал

Назгүл Разидденқызы өте бауырмал. Қарағандыда Руслан Жұмашұлы мен Әлия Майкенқызына үйлену тойында жүгіріп келіп амандасуы маған жақсы әсер етті. Ыбыраевта Назгүлмен көрші тұрдық. Арман деген баласы мектепке бармай тұрғанда ақ көйлек «галстук» тағып жүретін. Мен ойлайтынмын «мықты, сәнқой жігіт боласың ғой» деп. Аллаға шүкір! Астана қаласында тұрып жатыр. Күләтай Разидденқызы үйлі-баранды. Ардақ деген баласы осы Нағашы апасының Бақыт Разидденқызы немересі Арнұр бәрі тұрып жатқан кезде сол үйге бір барғаным бар.

Сол Ардақты Күләтайдың ұлы дегенде маған өте жақын адамдай әсер етті. Әп-әдемі қызмет істеп жүрген, сол үйдің әртүрлі жұмыстарына қол ұшын беріп жүргенін де көрдім. Бір түрлі сырт көзге жағымды. Сол Ардақ ана күндер, айтпай кетіп қалыпты, ал нағашы апасы болса (теть Рая) қатты уайымдап отырды телефонмен: Ардақ әлі жоқ деп, Ардақ әлі жоқ деп аман-есен болып келгенін күтіп жүрді.

Теть Рая - өте мықты, ойы-қыры бірдей адам. Жолдасы қайтыс болғаннан бері, Разидден-ағаның жоқтығын білдірмейді. Ердің де, әйелдің жұмысын бір өзі атқарып жүрді. Директордың секретаршасы болып істегенде, биік өкше туфли киіп, заманға сай жұмыс істеді. Ол орысша да, қазақша да судай таза сөйлей біледі. Қызы Бақыттың әңгімелескенде сөйлеген сөзі осы анасынан жұққан ғой деймін.

Бірде ет алуға барғаным есімде. Теть Рая (Рақила) - завсклад. Күнде совхозда мал бар (қара мал) ет әкеледі. Теть Рая өлшеп алады, сосын қағаздарымен келген адамдарға ет шауып береді. Заты әйел болса да, қолында үлкен балта: кімге 3 кг, кімге 5 кг квитанция бойынша шауып береді және 3 кг өлше өлшемесең де болады дейді кісілер әртүрлі келеді ғой. Олар алып өлшегенде тура 3 кг боп шығады.

Сөйтіп тұрғанда ет келді, саны сандай, қолы қолдай. Жұмабаев Жаңбырбай, Абуов Мейрам, Баймұратов Ерғазы - бәрі бірге келді. Рақила-тәте: «Санды ет бөлетін төпершікке салшы», - деді Жұмабаев Жаңбырбайға. «Не,

сен көтере алмасаң, несіне завсклад боп тұрсың?» - деді. Сол кезде Рақила-тәте санды көтеріп алып, төпешікке дәл-дәл етіп қоя салғанда, Баймұратов Ерғазы-марқұм: «Вот это да!»- дегені әлі есімде. Ол сан ең кем дегенде 30 килограмм. Мұнда көп адам жиналып қалыпты, мен де етімді алып үйге беттедім.

Ұйымдасқан ұтатыны белгілі, ең бастысы біз береке мен бірлігімізді, ынтымағымызды жоғалтып алмауымыз керек. Немерені аймалап жантаю да бір бахыт қадірінді жоғалтпай, қартаю да бір бахыт. Мені үлкені де, кішісі де бүгінге дейін «теть Алтын» дейді, сол сияқты Рақила Қасымқызын да «теть Рая» дейді білетін адамдар.

Жолыңды ақтап қойдым

Мәриям Торсанова. Бұл кісі – әрі құрдасым, сырласым, досым болған. Ыбыраевта тұрғанда, жиы-жиы кездесетінбіз. Ертеректе уколға келеді – күлкіге қарық қылады. Қыдырма Жаркентке санаторийға кеткенде- «Таудың етегімен жүрме – жылан шағып алар!» «Таудың басына шықпа – басың айналып, құлап кетерсің!»- деп, хат жаздым дейтін. Ал Қыдырма үйге келерде: «Әй, мен саған асфальттан үйге дейін жолыңды ақтап қойдым!» - дегені бар еді. Газет-журналдарды көп оқыды. «Керек жерін қиып алып қоямын»,- дейтін.

Шал-ақынға келгелі, көп араласып қоймадық. Ал телефонмен күнде сөйлесетінбіз. Бір барғанымда, бір немересі бар екен. Екеуімізге шәй құйып бергені бар. «Осы менің немерем»,- деп, айналып, толғанып отырушы еді. Соңғы барғаным бір жұма бұрын. Амандастым, қол беріп. «Қолымды ауырттың!» - деді. Қолы жұп-жұмсақ екен. Баласы Ақан жанында болды. «Мама, мама» - деп жүрді. Онысы маған ұнады.

Тез өмірден өтіп кететінін білмедім ғой! Естіген соң, кешке қарай қақпағынан кіре бере айқайлап жыладым. Кеше неге келмедім??? Қоштасып қалар едім...

Амандасқанда, қатты қысатын

Кәкен - Атасының құрдасы, ал Теңдік Құрсақова менің сыныптасым. Какен-марқұмның еш жамандығын көргеніміз жоқ. Ауданға көшіп келген соң жақсы араластық. Біздің үйде, оның үйінде болдық. Бірақ жаңа ғана таныстық кездесуіміз көпке ұзамады. Ол дүниенің есігін ашты. Иман байлығын тілеймін!

Какен-марқұм амандасқанда, қатты қысатын. Қолында сақина болмағаны жақсы. Сондықтан қол беруге асықпайтынмын, қашып жүретінмін. Кешірім сұраймын Какеннен кейін ұзамай. Теңдіктің «гипертония» ауруы бар болатын. Қайнысы Маркен қайтыс болғанда, жылап-жылап мұрнынан қан кетіп, өзі қорқып, қан басылса, тағы жылайды. Жылауға тұратын еді ғой, Маркен-марқұм. Соны мен түсіндіріп, «қан кеткеннен қорықпа», «давлениясі» бар кісіге қан мұрыннан кетсе, «опасно емес» деп, содан тынышталады. Бірақ, қартайр кезде, оның тағы басқа аурулары шықты. Соның бәрі қосылып, Теңдік о дүниеге кетіп қалды. Иманы жолдас болсын!

Көршілер

Алыстағы туысыңнан жақындағы көршің артық. Көршілеріміз Ыбыраевтағы күшті, рақымы мол, ұйымшыл болды. Көршілерімнің бәрі жақсы, бір тілектес болдық. Ол көршілер: Сара-апа, Рақым-аға, Жұпар-замандас, Қожахмет-аға мен Зейнепа Тұрғынқызы, Әбу-аға, Қапиза-апа, Тайшық-аға, Қайни-тәтей, Сәден-аға, Мәриям-апа, Ахметжан-аға, Мәрпулә-апа, Қайрия-тәтей, Ерғазы-аға, Хамит-аға, Мэрэ-тәтей, Кейкуат-аға, Сапура-татей, Қазан, Зоя, Жұмабай-марқұм, Алма, Амангелді, Әлия, Абай-марқұм, Гулмарай, Зекеш, Куляш, тағы басқалар.

Дәл жанымызда Рақым-аға мен Жұпар-замандас тұрды. Қазір ол кісілер жоқ! Иман байлығын тілеймін! Рахым - аға - өте кішіпейіл, жолынан жығылмайтын адам еді. Мерекелерде бірінші келуші еді, "құтты болсын" айтып.

Аскан немересі мен біздің Ануар апрельде туған. 8 күні болса - бізде, 11апрель күні - Рахым-аға үйінде тойлайтынбыз.

Жұпар қазір тірі жүру керек еді. Бұл менің ойым. Бейнетті көріп, кетіп қалды...Жексенбі күні ылғи «самауырға шай қойдым, келе ғой» деп бір келетін, «жасап қойдым» деп тағы келуші еді. Өте тату тұрдық.

Шөп шабу кезі. Әбу-атамен зайыбы Қапиза, ат жегіп, шөпке шығады. Атасы (Мейрам) велосипедпен барады, шабындықтары бір жер. Бір күні Әбу-ата қой сойып, қасына шақырыпты.

Саден-аға ұстаз, Мариям-апа - өзгеше адамдар. Аға - соғыс ардагері. Мариям-апа әбден қартайғанға дейін осы Тұяқ көшесінде келіндердің жұмысын атқарды. Жылқы



сойғанда ол кісі күтіп отыратын «қарын түсті» деген сөзді. Ұзын көйлегінің етегін ышқырына 2 жақтан қыстырып алып, іске кірісетін. Мен депутат болып сол үйде, «встречаға» келсем, көршілер түгел келген екен. Бір уақытта «Сүйінші! Сиыр бұзаулады!» - деді. Бұл бұзаудың атын «Депутат» деп қойдым деді Мәриям-апа.

Хамит-аға - Атасының нағашысы әрі жездеміз, өйткені Мәрә-апа атасының апайы болады. Ол үйге қонақ

көп келеді, біз көп рет сол үйдеміз. Атасы разы болып, ылғи да айтып отыратын. Солардың қымызын бөліп ішетінін айтып отыратын.

Жоламан - Атасының картожник замандасы. Қарт ойнағанда, жеңілуді білмейтін. Күлпәш - Жоламанның зайыбы - Атасымен бір сыныпта оқыпты. Жазда үйдің шатырында қатар-қатар жататынбыз», - деп еске алатын Күлпәш, «бірақ еш жамандық ойламаушы едік» дейтін. Жоламан болса, қазір Жанболат баласымен тұрып жатыр. Бұрынғыдай көңілі жоқ, бұрынырақ айғайлап «жаныма келсең болмайма, жылқылар жусап жатқанда, - деп өлең айтушы еді. Бұрын Күлпәш екеуі қосылып айтушы еді..

Зекеш Ыбыраевта тұрғанда, үйдің жанынан өтетұғын. Мен үйге келе жатқанда ол кісі Нұрқанов Анас ағаның үйінен бері келе жатады. Анамыз Күлкамиланың айтқаны есіме түседі де, «үлкен кісінің атын атама, алдын кесіп өтпе, үлкен кісіге көмектес, орын керек болса, орнынды бер, үлкен кісімен жағаласып сөйлеме», тағы-тағылар. Күтіп тұрмын. Ол кісі асықпайды. «Күткенің үшін рахмет, көп жаса»,- деп, батасын беретін. Тағы бірде мен тұрмын, Атасы келе қалды:«Не тұрыс?» Мен: «Ата келе жатыр ғой! Көрмеймісің?»- десем, шек-шілесі қатып, күліп, «ол ата емес, менің түйдей құрдасым», - деді. Сол-ақ екен, келесі кездескенде алыстан «Пока,пока» дейтін болдым!

Енді бір Атасының құрдасы - Ескендиоров Сәкен. Оның ана-мынаумен жұмысы жоқ. Көп ауырды. Мен оған районнан ақшасыз берілетін дәрісін врачқа кіріп жаздыртып алатынмын. Ылғи рахметін аямайтын!

Атасының тағы бір замандасы - Сайлау Мұхамеджанов қызыл машинасымен Сергеевкаға келсе, сокпай кетпейтін. Бұл тәртіптік еді. Екі жылдан кейін зайыбы Зәуре де дүние салды. Әйтеуір, қайтардан бұрын Бикеш қызының үйінде болғанда халін білуге барып, қоштастым. Қолы жұп-жұмсақ болды.

Балаларын көргенде - ерекше қуаныш

Бір дастарханда отырғандар бір-бірімен орысша сөйлеседі. Немерелері жандарына келсе, оған да орысша түсіндіріп жатады. Тіпті, жұрт алдына шығып алып, «мен тілегімді орысша айтайын ба?» деп сұранатындары да кездеседі. Радио-телевизордан «Қазақстанда қазақша сөйлейді, қазақ тілінде бала-шаға да қазақша сөйлейді» деп жатады. Бұл әрине өтірік. «Тілін білмейтіндер емес, тілін білігісі келмейтіндер – Мәңгүрт» деген мақал қазақта бар. Бұл дегеніміз өз тіліне, жеріне, дініне жауапсыздықпен қараулары. Қадір-Мырза-Әлі ағамыз айтып еді, «Өзге тілді білуге шектеу жоқ, ал өз ана тілінді білуге кез келген адам міндетті» деген.

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте.

Сондықтан, кез келген ортада үлкенің бол, жасың бол, қазақ қазақпен сөйлесу парыз. Басқа ұлт өкілдері қазақша сөйлескенде, қазақша ән салып тұрғанда қуанасың. Ата-анасы қай тілде сөйлесе, баласы да сол тілде сөйлейді. Сондықтан садикте, әрбір үйде қазақша сөйлесейікші.

Ыбыраевқа көрші аға мен Жұпар үйіне Роза келін түсті (Қанат деген баласының зайыбы). Келгенде қазақшаға көп шорқақ еді. Көрші ағамен Жұпардың биелері құлындап, ол кезде, «биенің ырымы»- «көтен» деген ырым болды. Бертін келе азайды. Адамдар байыған сайын қалтырауық дегендей, көп ырым-жырым болмай қалды. Көрші аға ешқандай жолдан, ешқандай ырымды бос жібермейтін. Келіні Розаға (Разия) көрші-қоланды биенің ырымына шақырып кел десе, ал Роза барған үйлерінің есігін ашып, «Идите к нам на ж..у» деп шақырып келіпті. Тұяқ көшесінің адамдары куә. Қазір Роза жақсы келін, жақсы ана, жақсы ене болып отыр. Терезесінің алды гүлге, оғурцы, помидоры, морковы өсіп жайқалып тұрғаны. Ыбыраевқа келгелі жылда осылай. Еңбекқор, бауырмал келін. Ал жолдасы менің

баламдай, Қанат, дәл әкесінің мінезі. Әкесіне, шешесіне тартса, бала деуге болады. Жуырда бір-екі ай болды білем, баласы үйленді. Шымкент шахарынан алды. Тойында болдым. Той жақсы өтті. Мұғалима қыз екен. Қанат пен Розаның балалары бақытты болсын! Жиен, немерелері бар. Тағы да көбейсін деп тілеймін. Көршің артық дейді ғой, қазақта, алыстағы туыстан. Сондықтан Аға мен Жұпардың балаларын көргенде ерекше қуанышта боламын!

Қайрат пен Бейнегүл - ерекше. Қайрат - кіндік баламыз. Жаңа-талапқа құдағи болып ертіп апарды. Жақсы дем алдық. Содан бері Өмірзақ пен Үмітеткен - менің бір жақсы көретін інімдей боп кеткен. Сол тойда күлдіріп бәрімізді кеше ғана қыркы өткен Зәуре әпкесі мантиға тұзын дәмділеп салған екен. Соны білген інісі Өмірзақ «Сусаған шығарсындар, шай ішіндер, шай ішкілерің келсе, «манти» жеңдер», - деп әзілдеп. Ал Өмірзақтың зайыбы Үмітеткен өте күшті. Сабырлы, ақылды, әрі әдемі адам. Қазақ айтады ғой, мамандық тандауда, жар тандауда адаспау керек деп. Өмірзақ совсем адаспапты.

Ол кісілердің амандасқаны қандай ерекше. Жанаталаптан құдалық жалғасып, Сергеевкаға келдік. Габбасов Аманжол үйі қонақ асын берді. Аманжол екеуіміз бір класта оқыдық Ыбыраевта қарағай мектепте. Бұл үйдің шайы етке бергісіз. Етті баяғыда бөліп-бөліп алғанбыз. Енді шайда пирог әкелді. Қай пеште пісті екен? Ұзындығы метрден артық. Аманжолдың анасын көзім көрді. Молодежныйда тұрғанда күн боран, бір баласына көңіл айтуға барғаным бар еді. Үмітеткен туралы көп айтуға болады. Мұғалімдердің бастығы боп жүргенде I звонокта, ақырғы звонокта бертін келе немерелерім үшін шашу шаштым. Шашу шашу маған ұнайтын. Соңғы рет көргенім Мұратбек деген немеремді I сыныпқа ертіп барғаным.

Мұратбектің анасы - Жеңіс те менің кіндік қызым еді. Ошақ пен Шарбан нағашы-ападан туған. Мұратбектің әкесі - Алгожин Зекештің баласы. Зекеш-марқұм мен Атасы түйедей құрдас. Зекештің балалары Атасын бәрі «Батя» дейтұғын. Сол Мұратбектің тұсауын Атасы кесіп, бізге

қуаныш сыйлаған. Қазір Мұратбек Отан алдындағы міндетін атқарып Қызылжарда тұрып жатыр. Бауыры Рауан екеуі ертең-ақ үй боп кететініне куәмін, сенемін.

Мұратбекті І сыныпқа барарда үйдің жанындағы әр түрлі гүлдерден қосып букет дайындап бергем, енді қарасам, әлгі букеттің жартысын Рауанға беріпті. Рауанның қолынан тартып алып, Мұратбекке бердім. Линейкада тұрмыз. Мұратбектің алдына Рауан шығып кетіпті. «Ой, менің балам артта тұрмау керек» деп, Рауанды артына, Мұратбекті алдына гүлімен шығарып қойдым. Қазір ойлап қарасам, екеуі де менің немерем ғой. Бұлардың Гүлсім деген әпкелері бар. Өттең үшеуінің де әке-шешесі өмірден озған. Иман байлығын тілеймін. Сол Мұратбектің І сыныпқа барғанында бір уыс «Красная шапочка» кәмпитін мұғалімдердің арасына шаштым да, бір уысын Үмітетеннің қолына бердім. Әйтеуір, Өмірзақ пен Үмітетен Көктерекке барарда, қайтарда, Атасы екеуіміз көлік іздемейтінбіз. Бұл кісілер Сергеевқада тұрғанда да көріп қалса үйімізге әкеп жүрді.

Өзіміз де Сергеевқаға көшіп келсек І кесе шайға шақыра алмай жүрдік. Сол кездерде ортада Өмірзақ пен Атасы кездесіпті. Атасы айтқан, үйге жетуім керек еді. Өлімнен ұят күшті деген мақал бар. Мен ұялғаннан: «Жоқ, мен әлі үйге бармаймын», -деп Өмірзаққа өтірік айтайын дегем. Содан кейін көп ұзамай шайын бердік. Өздері де көп ұзамай көшіп кетті. Машинасының доңғалағы тек тойға зымырасын! Екеуіңізге мықты денсаулық тілеп, шөберенің қызығын көріңіздер деймін.

Бір үйге бір машина керек. Жомарт машинасын сатып жіберген. Әлі машина ала алмай жүр. Сондықтан, бір жаққа барғың келіп тұрса да, бара алмай қаласын. Сұраудың өзі қандай қиын. Сіз барасыз ба? Орын бар ма? Ала кетесіздер ме? Қай кезде шығасыз? Барып-қайтып, әкеліп жүрген құдамыз, өзіміздің ауылдың баласы – Азамат биыл Астанаға балаларына немерелеріне көшкісі келіп жатыр. Ал біздер сіздерден көп рахмет көрдік. Бұл Нағашыбай Хамзаұлы мен Бикеш Қабиденқызы, сіздерге мықты

денсаулық тілеймін, немерелеріңіз бар, шөбере көріңіздер. Сіздер бақытты болуға лайықтысыздар!

Әкел, тығып тұрсың!

Тереземіз терезесіне қарсы қарап тұратын Сара-апамыз, Жұмабай-жиенім мен келіншегі Алма-ұстаз. Жұмабай-жиенім - үлкен шебер адам еді. Омыртқаны бұзғаны, кірпіштей түзу! Бірінің еті біріне ауыспайтын. Келген кезімде Жұмабайдың атасын көзім көрді. Огурцыйды сыртымен жеп отырғанын көрдім. Жұмабайдан Мейраш «соғым сойып берші», - деп өтінгенде бірнеше рет «уақытым жоқ», - дейді екен. Мен «ертең соғым сойып бер», - десем, «Жарайды» дейтін.

Сара апа ауырғанда 39-40 градус, беті қызыл болып ауыратын. Есен немересі үйленетін жыл. «Тойларынан кейін өлсем жарар еді, - деді маған. Бәрі менің қолымда емес қой. Той жақсы өтті. Дінмұхамет Димаш ағамыз дүниеге келді. «Сара апа», - дедім. «Енді қашан өлесің, той өтті. Шөбере туды. Енді «что мешаает?» - дедім. Апайым болған соң ойнай беретінмін әзілдеп. Әзілді көтере білетін. Сонда Сара-апа: «Енді жазда өлейін», - деді. Ақыры жаз бұйырды. Иманды болсын!

Бұл жолы Жұмабай Қапанов жиеніміздің арбасы жегулі тұр екен. Кішкентай иті арбадан қалмайды. Лохматый иті бар. Атасына тамақ әкелдік. Сауленің (Мұхтар Байбатыровтың әпкесінің) 2 баласы бар (есімдерін ұмытып қалыппын). Бәріміз отырмыз. Сол кезде трактормен Сейфолла келгені бар. Самауыр қайнап тұр. Апарған жұмыртқа, құймақ, каша рисовая май салып ыстықтай атпен тез барғансоң суымапты.. Далада тамақ күшті кетеді ғой. Бәріміз көңілді болдық!

Қысқа дейін кезек бағасың. Не болмаса жалдайсың. 2000 теңге және тамағыш апарасың, шылымын апарасың. Бұл жолы Марат жалғыз бағып кеткен. Кешке келгенде бір қошақай ала келді. Ол қошақайдың иесі Сара-апамыз екен. Үйде Сара-апа ғана отыр екен. Марат: «Қошақай әкелдім.

Қара қой қоздап қалды Қарасудың жанында», - депті. Сара-апа: «Нешеу?» - депті. «Апа, жалғыз», - дедім десе. - «Әкел скіншісін!» - депті. «Апа, біреу болды!» «Әкел, тығып тұрсың!» дегенде, кетіп қалдым!» - деді Марат.

Бұл қара қой ана жолы жазғытұры қоздапты қорасында. Келіні Алма «қара қой қоздауы екі» десе керек. Сонда Сара апа: «қара қойдан айналайын» депті. Сол қара қой осы жолы жалғыз қошақай әкелген ғой. Егер 2 болса - қошақайлар кішірек. Ал мына қошақай үп-ұлкен. Бірақ Сара-апаның көзі көрмейді анық.

Әрбір кезек кезегімен қызық өтуші еді.

Ә, міне, жазылып кеткенім!

Мәрпуля-апамен көрші тұрдық. Өте шебер кісі еді. Бертін келе денсаулығы нашарлап, укол қоюға барғанымда бір жағында өзі, бір жағында іс тігетін машинасы, бір жағында түбіті, бір жағында тоқыйтын спицалары тұратын.

Ахметжан Қалиахметов – үлкен, білімді ұстаз адам. Бұл кісіні «Адай-аға» дейтінбіз. Сол уақытта Адай-аға да укол алып жүрді. Сонда Адай-аға екі орындық дайындап қоятын. Үстіне газет жайып қоятын. Менің дәрі алып жүрген сумкамның астына бір газет, отыратын стулға бір газет. Мен үйге кіре бергенде: «Мәрпуля, бар, уколыңды ал!» - деп, бірінші жіберетін. Сосын өзі алатын.

Адай-ағасына Марпуля-апа мені шақырды телефонмен: «Алло, мен Мәрпуля-апа ғой. Адай ағасы ауырып жатыр!» - деді. Адай-аға жүректен ауыратын. Дәрі салған сумкамды алып, арамыз алыс емес-ті, тездетіп келдім. Басын орамалмен байлап алыпты, амандасты. «Басым ауырып, температурам көтеріліп тұр», - деді. Сумкамнан өз градуснигімді алып, қолтығын орамалымен құрғатып, градуснигімді қойдым. Температурасы 36,7 градус. Қайтадан, сілкіп-сілкіп градуснигімді, екінші рет қойдым. Тағы температурасы көтерілмеген. «Аға,- дедім «өтірік» ауырып тұрсың ғой, жүрегіңіз дұрыс соғып тұр, тамырыңыз да 72, температураңыз жоқ, - дедім. «Қане! - деп

маған сенбей, менің градуснигімді алып, марқұм-аға өзі қойды. «Аға, алыңыз градусникті 5 минут күту керек, сізде 10 минут тұр. Өзі алып, өзі қарады. Термометр 36,7 градус көрсеткенін көргенде: «Ә, міне, жазылып кеткенім!» деп, басындағы орамалын алып тастады. Маған «Тез келдің ғой!» - деді. Мен енді не айтайын...

Үйге келдім Адай аға үйінен. Жомарт деген балам: «Аға мұғалім тәуір болды ма?» - деп сұрады.

Бұл кісі шөп шапқан кісі емес. Мәрпуля-әжеміздің шапқан шөбін әкелуге көмектесетін.

Адай-аға мен Мәрпуля апамыздың жоғары оқуын бітіріп келген баласы болғаны есімде. Қызметін бір ай атқарды ма, атқармады ма... Сол күні Адай-аға да, Мәрпуля-апамыз да біздің үйде болған. Тарайтын уақыт жақындап қалған кез еді. Екеуіне хабаршы келіп, алып кеткені. Артынан естідік, Адай-ағаның баласы суға кетіп, қайтыс болғанын. Ел болып қайғырдық қой! Барлығыңызға иман байлығын берсін!

Адай-ағасы ойлағанын жайлап айтпайтын, тікесінен қоятын. Асан немересі туғанда «Әмина, келін, енді хватит!» дегені. Алланың берері көп қой. Әсем деген әдемі қыз келді, Асан ағасынан кейін.

Маған жол тиіп, Асанның қыркынан шығару рәсімі бұйырды. Дәл шашын алайын деп жатқан кезде жарықтың сөніп қалғаны. Сонда, Адай ағасы айғайлап: «Тұра тұрындар, басын кесіп аласындар баланың, отырындар!» дегені. Бәріміз отыра қалдық, күлкіміз келсе де күле алмаймыз, қорқамыз ол кісіден.

Қонаққа шақырады. Сағат 1-ге десе 10 минут кешіктірмейді, айғайлайды: «Мәрпуля, тамақты әкеліндер!» деп. Сонда Мәрпуля-апа дайын болып тұрады ылғи.

Кабиначынан түсе алмады

Тайшық Қожакметов бізге жиен аға болады дейтін Атасы. Тайшық-ағаның зайыбы – Қайни-апа құмалақшы

кісі болды. Соғым сойғанда қуырдаққа Тайшық-ағаның өзі келіп, шақырушы еді.

Кейкуат Асылтаев - менің жездем, әрі ұстаз болған. Оның зайыбы - менің әпкем Сапура Байтасқызы. Екеуіміз де Ақсуданбыз. Есімде қалғаны Болат баласы Алматыда емделіп жатып, қайтыс болғанда, елге әкеліп қойды. Кейкуат Жұмағалиұлы өзі барып, Ыбыраевқа алып келіп, машинаның кабинасынан өз бетімен түсе алмай отырғанын көріп едім. Өте қайғылы жағдай болып еді. Атам деп жыласа да, ботам деп жыламаса екен, халық. Иман байлығын берсін Алла Тағалам!

Кесе қоятын жер қалмайтын

Жұмабаев Абай мен келіншегі Күлмәрәй үйінің жанында жүрмейтін бір техника тұрды. Немереміз Әнуар, далаға шықса болды, сол техниканың үстінде отырады. «Дызың-дызың», - деп, жүргізбекші. Күлмәрәй тамақ беріп қоятын көрнеді Әнуарға.

Қонақ шақырғанда дастарханда кесе қоятын жер қалмайды.

Абай-көрші де өмірден озды биыл. Атасы (Мейраш) қайтқанда «шыдай алмадым!» дегені бар. Такси жалдап, жаназасына Петропавлдан келген! Иманды болсын!

Бәрін білетін

Тағы бір қадірлес, араласып жүрген адам - Тамара Абуова. Бәрін білетін. Қонақ күтуді де, тігуді де, қорамонша салуды де. Бір бірімізге қонаққа келіп жүруші едік. Алматыдан келе жатқанда, қалада қарсы алды. Тамақ пісіріп қойыпты. Жақсы әңгіме-дүкен құрдық.

Әттен ерте кетіп қалды. Естігесін, ертерек жетейін деп, барып қалғаным Аллаға мың рахмет! Содан кейін түк көрінбейтін боран болды. 8 март күні Тамараны жер қойнауына аттандырдық. Иманды болсын! Балаларына көп рахмет! Тамара-анасын, Әскер-әкесін еске алып, ас беріп

жатады, Қаламқастың басқаруымен. Қаламқасқа мықты денсаулық тілеймін!

Әй, қайыршы, сумқаң толды ма ?

Қабыш Сергеевкаға бара жатсам, жолда тұрады. Үйі сол жақта, оң қатарда. Үйінің жанынан мен оған жұдырықты түйіп өтем - өш алған түрім. Көшеде мен жаяу келе жатқанда Қабыш немерлерімен арбамен кетіп бара жатып, маған айғайлады: «Әй, қайыршы, сумқаң толды ма?» - деп. Соны жаттап алған немересі тағы бір кездескенде: «Әй, қайыршы, қабың толды ма?», -деп, айтатын болды.

Сумкамды қалдырмай ала жүрем. Сумкамның ауырлығы сонша, кейде бертін келе қыста шанаға салып аламын. Боранды күндерде, көктемде кейде бір үйден екінші қатар тұрған үйлерге жету қиын туғызатын. Егер галошты пима, етік кисең, галошың сазда қалып қояды. Галошты саздан алып шығу үшін ақсаңдап барасың, сол кезде қолың сазға батып, төрт тағандап тұрған кездерім есімде. Жанымда, әйтеуір, ешкім жоқ па деп, көріп тұр ма деп, жалтақтайсың. Атасының құрдасы - Қабыш болса, қорсе, бүкіл елге жаяды. Көмектеспек түгілі, сол жерде қарап күліп тұруы мүмкін. Қазір о дүниеде. Оған иман байлығын берсін!

Бір күні түстен кейін рабкооп жақпен жұмысқа шықтым, көретін І жасқа дейінгі балалар бар болған соң. Маған қарсы келе жатыр екен. Мен, тездетіп, сол жағымда Тажибаева Шаку үйі тұр. Сол үйге жетіп, қрючоғын сала қойдым да, «ух» деп, дем алдым. Шаку-марқұм біздермен шамалас. Аздап үлкендігі бар. Әдемі, сәнденіп жүретін. Көшенің көркі. «Не болды?» - деп, менен сұрайды. Мен оған: «Терезеге қара, Қабыш деген сұм тұр ма?» - дедім. «Тұр» - деді. Мен де тұрмын. 20 минут тұрған шығармын. Ол кеткесін, Шакуға рахмет айтып, мен де кеттім жұмысыма.

Погребіне түсіп-шығуы

Ол кез арақ ішетін кез. Бесбармағың болып, арақ қоймасаң, өзін жақсы күтті деп есептемейтін. Сондықтан үйде ылғи арақ үзілмейтін. Қонақтың күндіз келе ме, түнде келе ме - білмейсің. Кейде қонақ келгенде арақ бітіп қалатын уақыт болған. Атасы-марқұм өзі ешқашан араққа бармайтын. Әсіресе, түн мезгілінде. Таңатар Келдіғұловтың үйіне барамын. Көғаршын марқұм болып кетті. Погребіне түсіп-шығуы оңай болмаса да, бір ретте «арақ жоқ» деп айтпады. Иман байлығын тілеймін!

Бергін келе Көғаршынның ауырып жүрген кезі. Әжептәуір ауырды. Сол кездің өзінде көп балалар, немерелері, жиендері, әйтеуір, мен барғанда 7-8 баланың жүргенін көрдім. Қазір Көғаршын жоқ болса да, Аягөз де дәл Көғаршын сияқты қонақтарын қарсы алып, шығарып салып жатады.

Елі Жаңажолдан

Атасы, менің немерелерімнің атасы - Мейраммен Ғалым-аға Малдыбаев екеуі елі Жаңажолдан. Сондықтан Ғалым-аға Атасын жақсы көріп, тойларынан бірде-бір қалдырған емес. Жаңажолда той болғанда да, мектептің атын Ағаның атына бергенде де.

Ғалым-ағаның зайыбы - Зураш Ерғалиқызының әкешесімен көрші тұрдық. Келген кезім. Ерғали-ағадан ұялып, қораның ішімен өтемін дегенде, есік түсіп кетіп, бір қаңылтыры мұрнымның үстін жыртып, үйге қан-қан болып келгенім. Әлі күнге бері боп қалған орны бар.

Ол үй сырттан кіргенде жер. Осы жерде аяқ киімдерін, галоштарын тастап, 60-70 см биіктетілген сәкі. Оның үсті төсеніш – сырма, алаша. Оның астында киіз. Бетінде көрпелер төселген. Осы арада тамақтанады.

Ағаның бөлмесі бөлек болатын. Мен ол бөлмеге барып көрмедім. Зураш-тәтенің анасымен сөйлесіп, әңгімелесетінмін. Бүкірейіп жүретін. Зураш-тәте - өте көрікті, сымбатты, ақсары адам еді. Балаларын жақсы тәрбиелеп, оқытты. Жиындарда ән салушы еді, бүкіл жұртты тамсандырып. Құмалақ салатын қасиеті бар - айтқаны дәл келетін. Шал-ақынға көшіп кетсе де, інісінің үйіне (Рақым-Жұпарға) келгенде, бізге соқпай кетпейтін. Кішіпейіл адам еді.

Үлкендер мәңгілікке кеткенімен, көргендері, үйренгені көп балаларының ортада өз орындары бар. Әлия Ғалымқызының жазған мақалаларын «өте жақсы» деп бағалар едім. Шал ақын ауданында Шәкірбай Ғалым-ұлына еске алу асы берілді, атасы екеуіміз болғанбыз. Шәкірбайдың тұяғын көріп, қуанып қалдық! Тірі болғанда, күшті, мықты дәрігерден ем алғанда қандай жақсы болар еді. Енді Шәкірбайдың баласына мықты денсаулық тілеп, әкесінің жолын берсін, мықты адам болсын деймін! Шәкірбайға, Абай Ғалым-ұлына, әке-шешесіне иман байлығын берсін деймін!

Екінші бір ағамыз - Ғалым Қадралин. Әрі бұл кісі нағашымыз. Әзира Әлсейітқызы Қабай ауылының қызы еді. Әке-шешесін жақсы білемін, ел сыйлаған, көпті көрген кісілер болатын. Ғалым-ағаның інісі Әліммен, қарындасы Сарамен бір сыныпта оқыдым. Әлімге рахмет черчение сабағында көмектескені үшін. Атасы екеуіміздің күміс тойымызда дружка болды.

Ғалым-аға - білімді ұстаз болды. Атасына көмек қолын соза білді. Республикалық семинарға бара жатқанда үйден шығып, Қызылжарға келеді. Атасы семинар Орал қаласында болады екен, сол қалаға бару үшін бір айдай доклад дайындады. Ол кезде мектеп директоры - Шекен Қасымұлы. Қалада Ғалым Қадралин аға кездесе кетіп, үйіне апарып, қондырыпты, поезға шығарып салыпты.

Үшінші - Ғалым Хамзин жездеміз. Қайын әпкем Күлбәрәның жан жары еді. Анда-санда қалаға бара қалғанда соғатынбыз, жақсы қарсы алатын. Бірде жаздың күні Ыбыраевта тұрғанда біздің үйге келе қалды. Жанында Талғат Исмағұлов. Күтіп отырғандай, плов дайын тұрған. Сол қаладан жездем келеді деп білгендей өте жақсы пісіпті. Сол дастархан басында мені мақтаған: «Міне, пловты осылай пісіру керек» деп. Иман байлығын берсін жездемізге апайларыммен, Серік ұлдарына!

Ініңді көбірек айтасың

Әлім мен жиеніміз Сауле келгенде қуанып қаламыз. Енді Бота мен Мәнәп Сағдиұлы бірге бір ауданның орталығында тұрғаннан кейін, олар өте ыстық. Мәнәп-інім ауырып жүрсе де, жолы кеп тұрған нәрсе болса, естісе, ауырып тұрса да, келіп құттықтап немесе көңілін білдіреді.

Бота Мәнәпқа көмектесіп, жағдайын жасап жүргеннен кейін денсаулығы жақсарып келеді. Больницада Мәнәп ініммен бірге болып дәрісін дайындатады. Рустам Мәнәпұлы пенсияға шығып қазір, бұрын милиционер, қазір әкім болып істейді. Бота мен Мәнәп балаларының қызығын көрсін, шөберенің қолынан су ішсе екен дейім! Қызы Шолпан да қол үшін беріп жатады, шаруасына көмектесіп. Сол үйінде жүргенін көремін, кішкентайлары өсіп келеді. Бота да Шолпанның балаларын бағып, көмек қолын созып жүреді. Біресе баласына барып, біресе Ақтаудан келе жатады. Астанадан келе жатады, не бара жатады. Аман болсын! «Ініңді көбірек айтасың» деп қызғанатыны да бар. Бұл енді жарасымды жағдай ғой.

Талғат Есімұлы, Мәнәп Сағдиұлы (інім ғой), Қабдрахман, тағы кім болғаны есімде жоқ, кіріп келді. Мен тұтас қазды пісіріп, шығарып қойғанмын. Құлақнан, күні бұрын уақытым болғанда ысып, кептіріп қоятынмын. Газға құлақ нанды пісіріп, сарымсағын салып, «бешбармақ» ортаға үлкен табакпен Атасы апарып қойғанда, «қалай тез пісті» деп таң қалғандары бар. Мәре-сәре болып кетті.

Талғат тағы бір келді, Мәнәп бар. Кірген бетте «бүгін Мәнәптың туған күні» - дейді. Бір жаңа пиджак тұрған, әйтеуір. Мәнәпқа бұйырды.

Сәдуақасовтар әулеті

6 тентек

Ағамыз қазір қартайып келеді. Кезінде «Сәдуақасовтар әулеті» деген кітап шыққан. Авторы - Байтұяқ Жанымбетов. Және «Еңбекпен есейген ерлер» кітабы шықты. Және республикалық журналдарында Сәдуақасовтар туралы көп мақала шыққан. Сәдуақасовтар әулетінің аты Ақ-судан асып ауданға, облысқа, одан республикаға жайылып, тың төсінде еңбекпен көзге түскен ежелгі тарландар қатарынан көрінді. Атақты әулеттен тараған айтулы механизаторлар - Малғаждар Төлегенұлы, Көпей Төлегенұлы, Қасым Бейсекейұлы, Еркін Асқарұлы, Бәтәй Саденұлы, бал бармақ сауыншы – Күлбарам Қабиқызы.

Малғаждар ағам, жеңгем- Күлбәрәм Қабиқызы, Бәтәй інім, Қасым інім ауыл клубындағы драмалық үйірмеге қатысқан. «Ақансері-Ақтоқты», «Шұға», «Құдағи келіпті» спектакльде ойнады. Көпей-інім марқұм дойбыдан республикалық жарыста күміс медаль алған, дойбыдан мастер спорта болды. Тоғыз құмалақшы болған. Алты-жеті спорт түрімен Еркін-інім марқұм шұғылданатын, облысқа танылған.

«Сәдуақасовтар әулеті» деген кітапта былай жазылған. «Балалары да кезінде кедейдің кербезі атанып, көкіректерін көтерс ұстап, әкесі сияқты еті тірі болып өсті. Кезінде «6 тентек» атанып, төңірекке аттары шыққанмен, олардың біреудің ала жібін аттағанын көрген де, естіген де жоқпыз. Бертін келе, міне, көріп отырсыздар, Сәдуақастың немерелері, «әке көрген - оқ жонады, шеше көрген - тон пішеді» дегендей тәрбие көргендіктерін танытып, осы Ақсу ауылының бетке ұстар азаматына айналды- Баян Қанафин ақсақалдың бұл айтқан сөзінің жаны бар. Кешегі коллективтендіру кезінде ел ішінде болып жатқан өзгерістерден Сәдуақас балалары да тыс қалған жоқ. Жастай сырқаттанып, ерте қайтыс болған баласы Қасеннен басқасы сол жылдары жаңа заманға құлақ түріп, тең құрбылары.

Боранбай деген баласы оқу іздеп, Ташкент асып кетсе, Бейсекей деген ұлы өзі сұранып қызыл армия қатарына кетеді. Кейін әскери міндетін өтеп болған соң, ауыр индустрияны дамыту наұқанына үн қатып, Қарағандыдағы қауырт қимылға құлшына ат салысады. Елде әке шаңырағына ие болып, «Ақсу» колхозына мүшелікке кірген Төлеген Сәдуақасұлы, зайыбы Күлкамила Көжентайқызы екеуі мал бағып, қаймақ жинап, сүт өткізіп, одан май айырып өкіметке таза майын флягымен жөнелтіп отырған. Адал еңбек етіп, жаңа дәуірдің алғашқы жаршысының, жанашырының бірі болды. Әуелде қиындықтың зардабын Ақсу колхозы да көп тартты. Шаруашылықтың күш-көлігі жетіспеді. Құрғақшылық болып, егін өнбей, шөп шықпай қалды. Бұл табиғи қиындық осынау ұлы істің, колхоздың, баянды болатындығына дудамал болып жүрген кейбіреулерді түңілдіріп тастағаны да бар емес пе? Сонда осы Ақсу колхозында небәрі 14-ақ үй қалып, қалғандары «жұмақ» іздеп, жабыла көшіп те кеткен. Колхоз шаруашылығын шашпай, шығармай туған ауылына тұлға болып қалған бұл шағын шаңырақ жаңа дәуірдің болашағына сенді.»

Төлеген-әкем соғыстан кейінгі жылдары, апам Күлкамила екеуі колхоздың маңдайына біткен 86 сиырын бағып, аянбай еңбек етті. Олар үшін науқан кезінде бір сәт көз шырымын алу жеткілікті. Сол кезде Малғаждар-ағам шөп шауып, ат үстіне мініп, көпене тартатын кезінде шаруашылықтың іргесін қаласып, колхоз жұмысы десе ішкен асын жерге қоятын, әкесі де мұны солай тәрбиелеген.

Сол жолы жеке шаруаның бие, сиырына дейін жетіп, лавагрейкамен үлкен-кішіміз бар күні-түні астық бастырғанымызды әлі ұмытқан жоқпын, апам дейтұғын. Күндіз әкем мал бағып, апам сүт салып, қаймақты қолмен былғайтын екен, қаймақты үлкен қазанға құйып қайнататын екен. Тазасын үкіметке тапсыру үшін. Қос басында содан сусын, қатық жасап, егіс басындағыларға жеткізетін де, ұйқы-күлкі көрмей арасында біз де қолқабыс беруші еді. Кезінде жоқшылықтың дәмін татқан адам мол астықты көре

тұра немқұрайлы қала алмайды екен. Сонда оларды ешкім де үгіттеп, жұмысқа шақырып жатпайтын. Әр дән үшін арпалысып өздеріне өзі қамшы салып жүретін екен.

Сұлтанәлі Қаратаев «Мәдениет және тұрмыс» журналының арнаулы тілшісі былай жазған: «Отағасы,



биыл үш балаңның мектепке баратыны есінде ме? Олар бүгінгі отырысқа дайындалып келіпті, мынаны келіндер «атасы табыс етсін» деп отыр, мектеп формасы ғой, жылы сөз айтып тапсыр! - деді Күлбэрәм-жеңгем қолындағы түйіншектерді жан-жарақ Малғаждарға беріп жатып. Еркін Асқарұлының қызы Алмасы, Көпей Төлегенұлының қызы Айнасы, Қасым Бейсекейұлының қызы Айманы есіктен қатар кірді де, тұра қалып «Әке жырын» айта жөнелді. Үй ішіндегілер тебіреніп кетті. Ән бітісімен ағайынды жігіттер балалардың бетінен сүйді. Ал, Малғаждар қолындағы мектеп формасын үлестірді.

- Сенің үшеуіне де ұқсас атты ана Күлбэрәм Қабиқызы әжелерің қойған. Үлкейгенде мына әкешелеріңдей үздік еңбек етіндер. Мектепте жақсы оқыңдар! Оқу басталатын күні, бірінші сентябрь күні, бір-бір уыс бидай өсіп тұрған сабақтарына алқызыл лента тағып әкеліп беремін, - деді Күлбэрәм Қабиқызы. Сонымен

мектепке барасындар. Сол байлаулы бидай бауын сендер 8 сынып бітіргенге дейін сақтаймыз – деп түйіндеді сөзін Күлбэрәм. Осы жігіттердің тұңғыш балалары Зарап, Арап, Таңаш мектепке барғанда да осындай кәде жасалған-ды. Сәденов Зарап, Сәденов Арап, Байсалбаев Таңаш оныншы сыныпты бітірген соң, әскерге кеткенге дейін, тракторшы, шофер болып орақ науқанына араласты. Сонда совхоз әр гектардан жоспардағы 14 центнердің орнына 21 центнерден өнім алып, мемлекетке 99 мың 545 центнер астық тапсырған еді.

Сол күні Сәдуақасовтар әулеті ұзақ отырып тарқалды. Үлкен үйдегі шам түні бойы жарқырап жанып тұрды.»

Сол ерлер қазір жоқ - Бейсекей, Төлеген, Әбілмәжін, Асқар. Бұлардың балалары - Еркін, Көпей, Бәтәй, Қарындас, Зайра да өмірден озды. Бұл балалар кезінде механизатор, комбайнер, учетчик, жеке кәсіпкер болған. Иманды болсын!

Малғаждар ағаға, үлкен тәтеге, Асыл әпкеме мықты денсаулық тілеп, ел бірлігі сақталып, жеріміз тозбай, тамырын тереңге жайса екен дейім!

Үлкен тәте

Бірде дүкенге бара қалдым. Жолым болып, бір әдемі алтын сақинаға көзім түсті. Үлкен тәте дейміз. Қазіргі уақытта бәрімізден үлкен. Бірге туған бауырым 90 жасқа толатынын ойлап, сатып алдым. Бұл үлкен тәтеміз 90-ға толуға әлі бір жыл абдыраның түбіне қарай салып қойдым. Күндер өтіп жатты, уақыт деген бір орында тұрмайды, ұстатпайды ғой.

Зымырап, үлкен тәтенің туған күні де келіп қалды. Абдыраны ашып, әлгі алтын сақинаны алып шықтым да, ойландым. 90-ға жетпей мәңгілікке кетіп қалса, өкініп жүрермін деп әлгі сақинаны сыйладым әпкеме. Ол кісі қуанып, баладай, батасын берді. «Менің артымда қал» деп, қайта-қайта және айтты: «Егер мен олай-былай болсам, мені Социал ауылына апарындар», - деді. Мен ештеңе айта алмадым. «Социал» ауылы - үлкен тәтенің түскен жері еді.

Мен ойланып қалдым, кім біледі «заман қандай, заң қандай» демекші, мен өзім де қартайып келем. «Алла біледі», - дедім ішімнен. Топырақтан тысқары бола тұрса деп Алладан тілеп жүрем. «Екі дүниеде мен саған ризамын, артымда қалсаң болды», - дейді.

Үлкен тәтенің 90 жылдығы жақындағанда тағы дүкенге бардым. Не нәрсе сыйласам екен деп енді бұл жай жас емес, бұл жасқа келген де бар, келмей кеткендер қаншама. Сондықтан ойланып, тағы бір алтын сақина алайын деп қазақша жүзікке ұқсас жүзік сатып алып қойдым. Ертең тойға барғанда саламын деп, сң алдымен шашу дайындадым. 20 теңгеліктен жинап жүргенмін, соны толықтырып, оңға-солға себу үшін жақсы болды. Шашуымды шаштым. Сыйлығымды бердім. Қуанып, бетімнен қайта-қайта сүйді. Рахметін айтты. Бауырым-ау, сол отырғаннан кейін тағы тұрып құшақтап, бетімнен сүйді. Бет жететін ғой. Сүйе берсін! Өйткені, үлкен тәтенің разы болғанының көрінісі бұл. Той жақсы өтті. Өлең де шырқалды.

Туыстықтың ақ туын биік ұстайық. Сонымен, Үлкен тәтеміздің 90 жыл торқалы тойын қызы Орынтай (Оля дейміз) кафеде жасады. Ауыл адамдары, бауырларым Еркін Асқарұлы, Көпей Төлегенұлы, Жүсіп Әбілмәжинұлы жүктерімен келіп, әрқайсысы жүректен шыққан тілектерін ақтарған күн еді. Үлкен тәтенің баласы – Танаш-Күлмәй, баласы Еркебұлан, келіні Арайлым, шөберелері бәрі келген еді. Аксудағы ағамыз Малгаждар да келген балаларымен. Қызы Марал, күйеу баласы Адай болды. Бірге түскен Социалда Баткен-апаны шақырғанбыз, бірақ ол кісі келе алмады. Бұл кісі де үлкен тәтемен жас жағынан да шамалас. Үлкен тәтені құттықтап, үлкен қызы Зияда келді. Ол күні бұрын Ыбыраевқа келіп, тойдың жақсы өтуіне үлес қосқан, тәттілер пісірген. Шайға тәттілер пісірген Мәрзия қызы.

Лесхозда фельдшер болып істеп жүргеніме екі жыл. Үлкен тәте балаларымен келіп тұр, күн жексенбі. Мен: «Қайда барасың, қай жақтан келе жатырсың?» - деп, сұрау жоқ. Сіңлісіне қонаққа келген ғой деп, қуанып жүрмін. Шай

ішіп жайланған соң: «Алтын, - деді. Менің қалай келгенімді білмейсің. Мен Соколовкадағы үйімнен қашып келіп отырмын», - деді.

Мен Қапез-жеземнің мінезін білем, соңғы кездері өзгеріп кетті. Соколовканың самогонын ішіп, тауысамын деп жүріп, отбасын ойрандатты, ұрыс-керіс соңғы кездері, қол көтеріп жүр деп естігенім бар-ды. Қорқып кеттім - қазір Қапез-жездей келіп қалса «не істеймін» деп. Жүгіріп, нан таситын Верхоляк деген жігітіне бардым: «Маған көмектесші! Ақсуға апамды жеткізуім керек!» - дедім. «Жарайды! Бір сағаттан кейін келем», - деді.

Қапез-жезем иманды болсын! 3 қыздан кейін күрт өзгерді, араққа салынды. Әйтпесе, Ақсуға Қапез-жеземнің көшенің басынан келе жатқанын тұрғындар бәрі білетін. Аты жып-жылтыр, қашауасы қандай әдемі, аттың сауыт-саймандары, шлиялары доғасына дейін күмістелген, шашақтары бар. Құйындай зулап есікке келіп, бірақ тоқтайтын, әлде атының мінезі сондай ма екен.

Сонымен Ақсуға үлкен тәтені, Зоя мен Оляны (Зияда мен Орынтай) апарып тастағаннан соң, олар ауылда қалды. Ол кезде бәрі бар. Әкем Төлеген, шешем Күлкамила көздері бар, бай кез болатын. Әкем-марқұм айтыпты: «Жетер! Енді ешқайда бармайсың! Өйтем, бүйтем, деп, бірнеше рет жалынып келіп, алып кетті. Енді бітті осымен!» - депті. Артынан естігенім бар, Қапез-жезем бірнеше рет келіп, кешірім сұрапты. Бірақ үлкен тәтем барғысы келмеді.

Үлкен тәте бірнеше жыл анамның ауырған қабак шытпай күткені үшін ананың батасын берген ғой деп ойлаймын осы жасқа келуі. Сол үйдің жұмысының барлығын атқарды, шөбін шауып, отынын әкеліп. Үлкен тәтем сол үйдің бүкіл жұмысын істеп, әке-шешеміз о дүниеге аттанғанға дейін осы үйде болды. Менің алтын жеңгем Күлбәрәм дойкада, аға трактор-комбайында - уақыттары жоқ. Көпей-інім де механизатор. Үйдің бүкіл жұмысын - нан пісіру, тамақ пісіру, шөп шабу, отын-сухостой жинау - бәрі үлкен тәтенің мойнында болды. Совхоздың анда-санда баз сылау уақытша жұмыстарына

көмектескені болмаса, тұрақты жұмыс істей алмады. Өйткені, анамыз Күлкамила төсекте көп жыл ауырып жатты, сол анамызды күткен осы бауырым үлкен тәте болды.

Үлкен тәтеміз көбіне сырттағы жұмыстарды, ер адамның істейтін жұмыстарын ұнатады, жақсы істей алады. Шөп шапқанда тоғайдың арасынан Жаңасу ауылының ел ағаларының бірі Бәтетай деген кісі «Бір шайтан көрдім ақ киімді», - деп айтқаны. Ол біздің үлкен тәтеміз. Әкеміз қайтыс болғаннан кейін ақ көйлек, ақ кальсонын киіп алып, шөп шабады екен - әрі ыстыққа жақсы, әрі өзіне ыңғайлы болған соң.

Ақсуда жас талдан есігі бар огуречник тоқып қияр еккені бар, есігін құлыптап қойыпты. Огурцыйы керемет, жайқалып өсіпті. Ақсудың балалары сол огуречниктан огурцыйын ұрлапты. Ол кезде ауылдағылар көбі огурцы екпейтұғын.

Қандай жұмыс болсын ерінбейтін, шие піскен кезде асау биені жегіп алып, арбаға абдраны салып алып, аюлы ағаш кайдасың деп, абдра толғасын ғана үйге беттейді екен. Абдра дегенің 4 бұрышты жәшік. Соған шелекпен әкеліп сала береді екен. Тіпті, оның сыйымдылығы 4-5 шелек болса керек. Қай жерде шие өсетінін, ағаштардың бәрін білетін.

Әке-шешеміз қайтыс болғаннан кейін, конторға бөлек шықты. Осы үйде Таңаш баласы Күлмайға үйленді. Тойдан бұрын біз келдік. Келсек, тоқаш та пісірмей отыр. «Неге бауырсақ пісіре бермедің?» - десек, «Алла жөнін береді!» - деп, саспай отыр. Сөйтіп, Алла жөнін берді, тойы жақсы өтті. Немере көрді. Таңашынан 2 шөбере көрді. Таңаштың келіншегі Күлмай ауырып жүр. Тәуір болып кетсе екен! Таңаш «Заря» совхозында тұрады. 15 октябрь 2021 жылы 60-қа толды.

Немересі Альбинадан Қайрат деген ұл өсіп келеді. Немересі Еркебұланды анда-мында шақырыстарда, Еркебұланға кәдімгі жүген кигізіп, шалбарынан өзі ұстап жүретін. Бала деген бір жерде отырмайды ғой. Сол үшін

соннан қуып жете алмайтын болған соң мектепке барғанша жүгендеп алатын оны. Автостоянкадағылар да, көршілері де білетұғын. Сол жігіт Еркебұлан үйленіп, екі кішкентайы бар. Бірі - ұл, екіншісі - қыз. Еркебұланның келіншегі Арайлым - ұстаз, әжесіне жақсы ән салып берді. Мен Арайлымға призға он мың теңге бердім.

Үлкен тәтенің Ыбыраевта тұрып жатқанына 14 жылдан асып барады. Орынтай қызы екеуі қаз-үйрек асырайды, тауықтары бар. Орынтайдың жұмыста болған кезде, қолы босамай жатса, қолтабасын аяған емес.

Немересі Расул үйленгенде Әсет немересі машинасымен үлкен тәтені Астанаға апарды. Расул мен Эльвираның үйленген тойын көріп, жаңа құда-құдағиын көріп келгені - бір қуаныш. Аллаға мың да бір рахмет! Расулдың екі кішкентайын көрді. Тәубә!

2021 жылы үлкен тәтеміз 92 толар шақта Алматыға тағы тойға барып келді. Мен қуанышымды бірден үлкен тәтеге телефон арқылы айттым. Мен: «Немерем Мадинаны ұзатуға барамын, Алла жазса! Сен барасың ба?» - дегенмін. Сол күннен бастап ол дайындалыпты: «Әкел ана уколынды!» - депті («Коронавирусқа қарсы сенің прививқаң жоқ, поезға отырғызбайды!»- деген екен қызы Орынтай). Сол күннен бастап көйлектерін пакетке салып, прививкасын алыпты.

Расында да, бәріміз қорықтық - жолды көтере ала ма деп. Ол көйлектерін жинап: «Мен неге Алматыға бармаймын, Астанаға бардым емес пе?!» -депті. Өзінің «Алла жөнін береді» деген нақыл сөзі. Расында да, июль айы ыстық ай. Аман-есен барып, Мадина қыз ұзату тойында болып келді.

Шүкір Аллаға дейім! Мен өзім үлкен тәтені сондай жақсы көрем! Өйткені, өзі керемет бауырмал адам, өзгеше адам. Өйткені, анамызды қабақ шытпай бақты. Отбасындағы адамдарды жұмыстарынан қалдырмай, барлық жұмысты бір өзі атқарды. Рахмет айтамын!

Біздің үйде әке-шешеміз бар кезде түскі тамақ кезінде үлкен жер стол болатын. Қатар-қатар отырғанда 18 адам отыратынбыз. Шіркін сол уақыт...

Үлкен тәтеміздің үлкен қызы Зияда Тимирязево ауданында тұрады, екінші қызы Орынтай қазіргі уақытта анасымен бірге Ыбыраевта тұрып жатыр. Орынтайдың жолдасы Қарпық Әлмішұлы қайтыс болғалы 13 жылдан асты. Содан бері бірге тұрып жатыр.

Ыбыраевтағылар үлкен тәтені бөтен адам деген жоқ - құрметтейді, машиналарымен алып кетіп, әкеліп тастайды той-томалақта. Күлзайра Әбуқызы «Брежнев» деп ат қойыпты үлкен тәтеге. Үлкен-кіші адамдар амандасса, бетінен сүйіп, екі қолын беріп амандасады, кең пейілді жан.

Үлкен тәтенің үшінші қызы - Мәрзия Самара қаласында. Келін баласы – Айгуль, немерелерінің – Руслан, Дамир қызығын көріп отыр.

Көзімнің жасын төгіп

Бейсекей - әкемнің туған інісі. Оның баласы Қасым. Шешеміз Зарипа Құбайдоллақызы - бұл кісілер Қарағанды жақта жүріп, елге келгеннен кейін мен қатты араласып кеттім. Зарипа-шешеміз мен келгенде қатты қуанушы еді. Ақсуға келген соң, Қасым үйленді. Алтыншаш атты келініміз үй ішіне, ауылға әдепті келін атанды. Қасым ағаларымен механизаторлар қатарын көбейтіп, совхозға өз үлесін қоса білді.

Бейсекейді – «ағатай» дейтінбіз, Зарипа-ападан бұрын дүние салған. Бейсекей-әкемізді Ақсуда жер қойнауына тапсырды. Немерелерін көріп, қуаныштарын көріп кетті. Шешеміз Зарипа артында қалып, келіннің күтімін көрді, немерелерінің де қызықтарын көріп, тұрмысқа бергенін көзімен көріп кетті.

Зарипа-апаны өте жақсы көруші едім. Мен Ленин ауылы (қазіргі Ыбыраев) жұмыста жүргенімде естідім - шешем Зарипа ауырып қалыпты. Дәл сол кезде Ақсуда Асылбекова Батиханның шешесі де ауырып қалыпты.

Автобус жаздыртып алып, Ақсуға келдік шешелеріміздің қал-жағдайын білейік деп. Серкеш-ағаның үйінен амандық білген соң, көрші тұратын Қасым үйіне келдім. Зарипа-апаның жағдайы жақсы болмады, қорықтым, көпке бармайтынын сездім.

Үйге Ыбыраевқа келген соң, Атасына айттым: «бір қой сойып, қапқа салып қояйық», - дедім. Өйткені машина табыла ма, жоқ па деп. Атасы қарсы болған жоқ. Ертеңіне бір қойды сойып, жақсы семіз шықты, мойнына дейін қапқа салып, аузын байлап қойдық. Үлкен рахмет Атасына. Атасына жатқан жері жайлы, иман байлығын берсін - сөзімді жерге тастамағаны үшін!

Үш күннен кейін, Зарипа-апаны қоятын күні таңертең ерте Жанұзақ диспетчерден хабарласып тұр: «Зарипа дей ме, біреу қайтыс болды», - деп тұр. «Бұл Зарипа емес, менің шешем сияқты, әкемнің інісінің әйелі - Зарипа апа ғой!», деп, сұранып, қабымды қолыма алып, автобустан Ыбыраевтан Сергеевқаға бұрылыста қабымды құшақтап, жолда тұрмын. Күн боран.

Чапаево (Мерген) ауылынан Асыл-апалар өтер, соған ілігу ойымда. Екіншісі -Жүсіп Баширов - әкім Благовещенкода. Жолда мені ала кетер деп, біраз тұрдым. Тоңайын дедім. Және Ыбырасвтағылар өтіп жатыр, «мынау әлі тұр ма деп айта ма» деп Қараталдың поворотында қапты сүйреп, тағы тұрдым. Заряға да ешкім өте қоймады.

Заман-ай! Шешемді соңғы сапарға шығарып сала алмай қаламын ба деп қорықтым. Бір уақытта Қараталдан бір машина келе қалды. Тоқтаттым, жалынып, «осылай, бір шешем дүние салып жатыр еді, мен жете алмай тұрмын. Көмектесші! Менің Манабай-ініме айтыңызшы, өтінемін!» - дедім. «Жарайды, айтайын», - деп, кете барды.

Манабай-інім бірге тумасақ та, туғандай болған. Семьясымен Сергеевқаға көшіп кеткен болатын. Аллаға сыйынып тұрмын «Манабайға кездесе жарар еді» деп, «қалаға, бір жаққа кетіп қалмаса жарар еді» деп, «түсіндіріп айтса жарар еді». «Рахмет!» - әлгі жігіт барып айтқан екен. Жарты сағаттай уақыт өткенде Таупық жетіп келді ғой.

Қуанғаным сондай, дүние тұрғанша тұрсын деп, ініме де, Таупыққа да рахметімді айтып жатырмын. Ақсуыма да келіп қалдым, шешемізді шығарып салуға дайындалып жатыр екен. Әйтеуір, шығарып салуға үлгердім Манабай-інімнің арқасында. Ағатайыма, Зарипа шешеме, Манабай-ініме иман байлығын берсін!

Күн боран соғып тұр, машинадан қалсам, ертең жұмыс. Үйге жету оңай емес. Көзімнің жасын төгіп, келген машинамен кетіп қалдым. «Зарипа-апа, мен сізді жақсы көруші едім, сізге иман байлығын берсін!»- деп, машинада келе жатып бетімді сыйпадым. Осыған да тәубе дедім де ішімнен «әйтеуір, жеттім ғой, шығарып салдым ғой Манабай інімнің арқасында». Міне, Манабай-інім де бұл дүниеде жоқ, иманды болсын, жатқан жері жайлы болсын дейім!

Ағатайымның тұяғы - Қасым мен Алтыншаш ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерелерінің қызығын көріп отыр. Ақсудан көшіп, Бескөлде үй тұрғызып, тұрып жатыр. Қасым мен Алтыншаштың үлкен қызы Айман ауылда, Ақсуда мектепте мұғалім, жолдасы Орақ Қажығалиұлымен. Ағамыз Қажығали мен Торша жеңгемізге келін боп түсті.

Екінші қыз Самалы Ыбырасвта тұратын Есілбайұлы Мекештің (Мереке) баласы Ержанға тұрмысқа шығатын болды. Алма-марқұм ақылды, жақсы адам еді, әттен ауырып, аурудың көп тауқыметін тартты. Ол кезде Алма-марқұм болған, иман байлығын берсін. Уколдарын менде уақытында беріп жүрдім, бірақ ешқандай көмек болмады. Бір баласының құдалығын шақырғанымыз бар Амангелды құда мен Алтын Таевна құдағиымыздың қызын алғанда. Қазір жап-жақсы семья, үлгілі қалада тұрып жатыр деп естідім. Мекеш құдамен сөйлестім, құдалардың бір-бірінен артықшылығы да, айырмашылықтары да жоқ, барлығы бірдей. Ендеше алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба да солай жүреді, дедім. Сөйтіп, кит кигізетін болып шешілді. Мен Атасымен ақылдасып өзіміздің сыйлығымызды өз жағымызға бердік. Мен өзімнің әдемі қырлы «обручальное

кольцомды» да бердім. Жолыңа жұмса деп, Алтыншаштың қолына бердім. Менің екі арада жүргенім біздің жаққа ұнамады ма білмедім, өйткені Самал мен Ержанның тойына шақырмады, барындар деген ешкім болмады. Баяғы қазақтың жолы. Туыс болған соң жамандық тілемейсің ғой. Балалар Ержан мен Самалдың бақытты болуын тіледік.

Қасым-інімнің екі тұяғы бар. Бірі Айдар, екіншісі Қайдар. Екеуі де әке-шешесіне, туыстарына көмек қолын аямауда.

Басқаша көзқарас танытты

Атамыздан туған балалары – Боранбай, Қасен, Төлеген, Бейсекей, Асқар, Әбілмәжін, бір қыз - Салиха. Осы әкелерімнің ішіндегі ең аққұба жүзді ұзын бойлы, көпжасағаны осы Әбілмәжін-әкеміз.

Әкемнің ең кіші інісі – Әбілмәжін-әкеміз қазіргі Шалакын ауданының Ақсу ауылында 1911 жылы туған. 1939-1940 жылдары Кеңес-фин соғысына қатысады. Ұлы отан соғысына Ленинград маңында кіріседі. Майданға 29 жасында қатысып, соғыс жылдары Кутузов орденді 314-ші атқыштар дивизиясында құрамында шайқастарда қатысады. Соғысты Австрияда 120мм миномет батареясының топ командирі болып аяқтады. Бұл кезде ол Қызылжар қаласында құрылған 314-атқыштар дивизиясының 1074-ші полкінің сержанты еді. Ленинград қаласын қорғаудағы ерлігі үшін III дәрежелі «Даңқ орденімен марапатталған. Бұдан кейін I Украин майданында әскери қызметін жалғастырып, Чехословакия қаласы - Праганы азат етуге қатысады. Көптеген басқа қалаларды да жаулардан тазартады. Сол ұрыстарда көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін I дәрежелі «Даңқ орденін иеленеді. Германияны жеңгені үшін, Украинаны азат еткені үшін «Еңбек ардагері, Жуков медальдарының және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Украина қалаларын алғаны және азат еткені үшін Бас қолбасшының Алғыс хатына ие болады. Соғыс және еңбек ардагері бірнеше рет жергілікті

кеңестік депутаты болып сайланған. Әбілмәжін әкеміз 96 жасында дүниеден озды. Бұл 5 август 2012 жыл болатын. Елге оралғаннан кейін бірден бейбіт өмірге араласып, жол жөндеуші болып абыроймен еңбек етті. Теміржол бойында қырық жылға жақын жұмыс істеді.

Әбілмәжін Баширов соғыстан кейін разьезде тұрған. Ол кезде Зура-шешеміз («тәте» дейтінбіз) бар еді. Ал, мен Петропавлға медучилищеге түсіп, каникулда барып келемін деп бардым. Тәтеміз алдымнан қарсы алды, менен кімсің деп сұрамады, ал мен бірден «Алтын Төлеген қызымын дедім. Ол кісі «О, үлкен болып қапсың ғой, күйеуге беруге болады!» деді. Жамандай қорқып, тіпті, мені осы арада күйеуге беретіндей, ертеңіне кетіп отырдым. «Неге кетіп бара жатырсың, каникул деп едің ғой», - деді. Менде үн жоқ. Солай кетіп қалған жайым бар.

Бәшіров Жүсіп Әбілмәжінұлы - немере інім. Әкемнің ең кіші інісі – Әбілмәжіннен туған. Мінезі, жүріс-тұрысы әкесіне тартқан сияқты. Онжылдықты орысша бітіргеннен кейін, біздің үйге Ыбырайда тұрғанда келгені әлі есімде. Қазақша қалай үйренем, қазақша жақсы сөйлей алмайтынын айтқан еді. Оған: «Жолың болсын! Ниетің болса, тез-ақ үйреніп кетесің! Тек денсаулығыңды күт!» - дедім де, қазақша-орысша сөздік бергенім бар.

Одан кейін Покровкадан агроном болып оқу бітіргенін естіп жүрдім. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан деп мақалдың айтылуы тегін емес қой. Өмір жолында жақсы білімді адамдар кездескенін өзі айтып отырады. Ең жақсысы әскерге барып келгені өте жақсы болғанын, тынық мұхитта ойдағыдай отан алдындағы борышын өтегенін ерекше еске алады.

Қабдуахит-аға да еңгезерлі кесек тұлға болатын. Шәмшия-апаны да көзім көрді. Кезінде жақсы адамдар болды. Осы кәрілері бар балаларды армияға алмайтын. Ал, Жұсып болса, өзі барып, аман-есен келгені.

Содан кейін Жүсіптің еңбек жолы басталды. «Путь Ильича» кеңшарына агроном болды. Көп ұзамай, бір бөлімшенің бастығы болды. Кісіні таный білетін Ніл

Болатбаев-ағамыз - обком төрағасы Жүсіпті көріп, таныды Жүсіпті. Жана құрылған «Аралағаш» Жүсіпке де, балаларға да онай болған жоқ. Балаларына орыс мектебіне, интернатқа көрші ауылдарға баруға тура келген еді.

1983 жылы «Новороссийский» шаруашылық бірлестігіне ауысты. Егін орағы кезінде облыс басшысы З. Степанов келе қалды да, бүкіл бригадаларды аралап көріп, таң қалады. Егіншілік ең төмен анаптарды арамшөп басып кеткен деген жалған лақаптан кейін келгені екен, көру үшін. Өз көзімен көрген Степанов-мырза «Мына жігіт! деп Жүсіпті көрсетеді және жігіт деген сөзді қазақша айтады. Жүсіптен: «Тәжірибе станциясынан көмек бар ма?» - деп сұрайды З. Степанов, басшы. Жүсіп: «Жоқ», - деп жауап беріпті. Ендеше олар тәжірибені сіздерден алсын, үйренсін деп Жүсіпті нұсқайды. Содан кейін Шалақын ауданының агрономиялық қызметін басқарды, көп ұзамай облыс басшылары Жүсіптің ойын орнықтырмай «Северный, «Бұлақ кеңшарына директор болып бар деген, екеуінен де бас тартқан Жүсіпті, үшінші рет Қ.Калиев өтініш білдіргенде, барды.

«Интернационал» кеңшарында өзімен бірге еңбек еткен Қ. Калиев меселін қайтара алмаған бұл әскерге бармай тұрып Тимирязев ауданындағы Ленинский кеңшарын басқарды, бес жылда орта шаруашылықтан озатқа айналды. Мал шаруашылығы мерзімінен бұрын орындалды, 20-дан астам мал фермалары салынды. Су құбыры тартылды, малшыларға демалатын үйлер тұрғызылды, ауыл шаруашылық асыл тұқымды мәртебесін эне-міне алғалы тұрған шақ еді.

«Революция» деген сөзді ұнататын Жүсіп егіншілікке де талайларды таңқалдырды. Шаруашылық қырымдарындағы жұмыс талдай техниканың күшімен атқарылды. Бұл кеңшар әр гектардан 30 центнерден өнім алды. Бұл 1992 жыл еді. Мол астықты тасымалдаған түнде автокөліктердің шеріне көз жетпеуші еді.

Жүсіптің күлі Ленинград құрсауы деген сол құрсаудың көзі тірі куәгері әкесі Әбілмәжін Ладога көлінің

үстімен Ленинградқа кару-жарак, азык-түлік тасыған автокөлік керуені туралы айтқаны ойына орала келетін. Жыл қорытынды шыққанда Жүсіп басқарған «Ленинский кеңшары марапат атаулының 70 пайызын қанжығасына байлаған еді. Ол кезде облыста басшы Гартманның мақтауынан құр қалған жоқ. Көп ұзамай, Жамбыл районының басшылығына тағайындалды.

Бұл 1994-1997 жылдардағы теңгенің мөрінде көруге зар болған уақыт еді. Осы ауданды өгіздей өрге сүйреу қиын болғаны анық еді. Өмір бойы мақтау алып келген ол Гартманнан бірде аудан атына сын айтылғанда В. Гартманға жетіп келіп түсіндіріп айтқаны әлі есінде. Мысалы бүкіл аудандағы малбасы Ленинский кеңшарымен бірдей болса, ал жылқы жөнінен кеңшар малының жартысына да қалай артта қалмассын?! Нәтижесінде республикалық трансферттен қаржы бөлінді-ау!

Осы ауданда есімде қалғаны Шынар сіңілімді ұзатқанда еріп барғаным, осы тойға көлік жіберіп алдыртқаны әлі есімде. Жүсіп Әбілмәжінұлы, сізге әрқашанда денсаулық бере гөр деп, Күләш келін жанында болсыншы тілеймін! Ел ағасы Шайкин мен иығына ғана келетін келіншегі дәл қарсысында менің отырғаным бір жиында. Еңбегің жана берсін, балаларың бақытты болсын деп отырамын!

1995 жыл да Жүсіп үшін қиын болды. Қыс қар алып қалған жолдарды ашу үшін бұрынғы кеңшарынан 50 тонна солярканы қарызға алғаны есінде. Ешнәрсені назарынан тыс қалдырмағанның арқасында ол көктемгі егістің мүлтіксіз өткізілуіне қол жеткізді. Нәтижесінде егін де жайқалып шықты. Астықты шірітіп алмау үшін Қайранкөл элеваторына беру жөнінде шешім қабылдады. Мұнысы табылған ақыл болып шықты. Элеватор болса астықты сақтау және сапасы жөнінен облыс көлемінде бірнеше орынға ие болды. Сол кездегі облыс басшыларының сайлау жүйесі жаттандылықтан да еді деп қане кім айта алады? Көргенінен жаңылмайтын соқыр сияқты олар Жүсіп Әбілмәжінұлына Водхоздың бүкіл билігін берді.

Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген ең ұзын су құбыры қаржы жоқтығына байланысты жөндеу көрмегендіктен істен шыға бастағанында Жүсіпке оңай болған жоқ. Сол кезде облысқа Д. Ахметов басқаруға келіп жатқан кез болатын. Облысты сумен жабдықтау бағдарламасын тапсыруы. Облыста бекітілген бұл бағдарламаны Жүсіп 5 министрлікте бірдей қорғады.

Мәселен, түскі аз кезін пайдаланып, қаржы министрі С. Мыңбаевтың кабинетін қалай ұмытсын?! «Бүкіл Қазақстанға 7 миллиард 700 мың теңге бөлінеді, ал сіздің 600 миллион теңге сұрап отыруыңыз өлшемге сыймайды ғой деді министр. Тұрғындары тығыз орналасқан, табиғаты ерекше, жері құнарлы Солтүстік Қазақстан сусыз қалса, Торғайға айналатынын Жүсіп министрге қызыға айтты, министр болса күйіп-пісті де қалды. «Жарайсың деді артынан. Қаламызды да, даламызды да шырақ жандырған Даниал Ахметовтың «Голден Грейні де ғаламат күшін көрсетті ғой, қаңсып отырған облысымызға жанармай эшелонмен жеткізілді. Павлодардың 900 жаңа тракторы эшелоннан түсірілді. Ең бастысы нәтиже айтсаңызшы. МТСтар пайда бола бастады, танаптарға гербицид те, минералдық тыңайтқыштар да шығарылды. Ауыспалы егіс жүйесі енгізілді, жоғары сапалы тұқым себілді, тағысын тағылар. Осындай корпорацияда еңбек еткеніне Жүсіп өкінбейді. Екіншілік мәдениетін арттыруды көдеген сол кездегі жоғары талаптың бәсендеп кеткеніне ғана күйінеді.

Әрбір әкімнің көлеңкесі сияқты бірге қорбандайтын инвесторы болады ғой. Сондықтан бір кезде «Голден грейн көзден ғайып болды. Туған жерге тамырын жайған бәйтеректей Жүсіп Әбілмәжинұлы корпорациясымен бірге кеткісі келмеді. Ал жаңа әкім А. Смирновтың қабылдауында болғанында ашыла сөйледі. «Сіздер әкімдер кімсіздер, кетесіздер, біреудің тағдырын быт-шыт қыласыздар. Мен су шаруашылығында аяңсыз жүрер едім ғой, енді міне еңбекке орналастыруыңызды өтініп тұрмын. Көп ұзамай орналастырам деген әкімнің өзі де көпке ұзаған жоқ. Басқа қызметке кетті, оның орнына келген жаңа әкім

басшыларды таңдағанда басқаша көзқарас танытты. Әйтеуір, тағдырдың жазуы, қисаймай, Жүсіп болса орман және аң шаруашылығы инспекциясында орынбасар болып еңбек етіп жүрді. Жүсіп қиядағышы көретін қыран көзімен алысқа қарайды. Жануарлар әлемі мен орман қоры ұзақ мерзімге жалға алған кәсіпкерлердің психологиясының өзгермегенін байқайды. Көп кессе, көп ақша болатынын білетін, олар ағаш отырғызуды ойламайтын.

Бір ғажабы - бүркіттің балапандары екеуден аспанданады екен. Түсіндік, пендесіне бұйырғаны да осынша ғана. Алла тағала бір ұлын алып та қойған, қарындасы Зайрадан да айрылып қалды. Одан кейін Серік деген күйеу баласы тағы кетті. Немере ағалары о дүниеге кетіп жатыр, сонда да Жүсіп шүкіршіліктен жаңылған емес. Немерелерін бір көрмесе отыра алмайды. Зайыбы Күләш Жүсіптен бері елжірейді.

Күнде-күнде келіп тұрды

Асыл-апай. Бұл кісі - менің бауырым. Менен үлкен - 28 август 1939 жылы туған. Жас кезінде пысық болды іске. Таза болды. Токта жұмыс істеді. Бертінге дейін сиырларын сауып, сепаратордан өткізіп, айран үйтіп, құрт қайнатып, қой бағып жүрді.

Апай биыл Бескөлге қоңыс аударды. Енді апайды көп көре алмаймын ба деп, қорқамын. Ұлкен тәтені көп көрмесем, телефонмен түрін көргенге ризамын! Ал, Асыл-апай телефон ұстамайды. Сол бір жері қиындау.

Ерте тұрмысқа шығып, қазіргі заманда балалалары, немерелері, шөберелері бар. Шүкір Алла! Тек жездеміз Мәдениеттің жоқтығы...

Қызылжарда бір жыл ауырып жатқанда, Асыл-апайдың қызы- Әлия Камила қызымен келіп тұрды. Ал Ғалия деген қызы жұмыстан кейін күнде-күнде келіп тұрды. Оңай емес! Түсінемін! Сонда да күнде-күнде келіп, әңгімелесіп кететін. Ертең жұмыс, тамақ ету керек, балалардың сабақтарын тексеру, киім жуу, ол кезде кір

ауатын автомат машина жоқ. Сондай жақсы көремін Галияны. Үлкен рахмет! Денсаулық берсін бәріңізге!

Бәрімізге ат қойды

Күлбарам Қабикызы - менің алтын жеңгем еді. Менің Күлбэрэм-жеңгем - үлкен ағамыз - Малғаждардың зайыбы. Бәрімізге ат қойды. Мені – Қалқажан, Асылтасты – Саяжан, Еркін інімді – Мырза жігіт, Көпей інімді – Төрем, Қасымды – Жантөрем дейтін. Солай қайын інілерінің бірін атын атамайтын еді. Келгенде қарсы алатын.

Ыбыраевта тұрғанда қысы-жазы келіп тұратын. Бір керемет суықта келгені әлі есімде. Және Баку-Шаку немерелерін бірге ала келетін. Бұл екі қыз мектепке әлі бармаған кез. «Күлбэрэм, өздерің ғана неге келмейсіңдер?» - дегенім бар. «Осындай суықта кім шығады? Әсіресе, балалармен»,- десем. «Неге?»- деп, күледі. «Бұлар тоңбайды, кигізге ораймын. Оның ішінде тұлыпқа ораймын. Киімдері бар»,- деп. Осылай келе беретін.

Депутат інім

Ал Несіп-шешеміздің анасының аты Күлшараз екенін білемін айту бойынша. Ал былай есімде жоқ. Манатай-атаның екі қызы болған. Бірі - осы Несіп («аптай» дейтінбіз). Екінші қызы - Ақбөпе, бертін қайтыс болды. Жаңасуда тұрғанда, жаназасында болдым. Иман байлығын берсін, ылғи бұл кісілер дұғадан қалған емес! Жездеміз Тақым деген кісі ертерек дүниеден озды, иманды болсын! Артында бала-шағалары бар.

Ақсу ауылы. Осы Шал-ақын ауданында (бұрынғы Октябрь) менің жанұям, әке-шешем, бауырларым мен Еркіннің жанұясы араларында үй жоқ, көрші тұрды. Дәл жанында құдық болатын, құдықтың суы терең, сұп-суық, тұщы болатын. Ауылдың көбі осы құдықтан ішетін еді. Еркіннің әкесі - менің әкелерімнің кішкентайы. Менің анам Күлкамила Қожантайқызы осы әкемнің інісін - Асқарды

«кішкенем» деп, ат қойыпты. Ал біздер Төлеген-ағасының балалары Асқарды «ағатай» дейтінбіз. Асқардың зайыбы - Несіп Манатайқызы.

Еркін Асқарұлы 1947 жылы 1 сәуір күні дүниеге келген Аксуда. 8 жылдықты бітірісімен Еркін Покровка техникумына түсіп, зоотехник мамандығын алды. Еркін Асқарұлы жас маман жігерлі Ново-Покровкада комсомол ұйымының хатшысы етіп сайланды. Еңбек еткен жылдары жастарды спортқа тартты, командасы ауданда, облыста жеңімпаз атанған. Білікті азамат көп кешікпей профсоюз комитетінің басшысы етіп тағайындалды. Ол көпшілік жұмыстарын жоғары дәрежеде өткізгені соншама! Тік жарыстар ұйымдастыра білді, мәселен механизаторлар мен мал шаруашылығы еңбеккерлерінің арасында Еркін Асқарұлының ұйымдастыру қабілетінің арқасында кеңшардың үгіт бригадасы ауданда ең үздік атанды. Еркінді іскер басшы ретінде трактор-егіс бригадасының бригадиры етіп тағайындады. Ол кезде Еркін 36 жаста еді, Еркіннің бригадасы көп кешікпей жердің әр гектарынан 35 центнер астық өндірді.

Жеті жыл өткесін, Еркінді аудан жұртшылығы зор сенім артып, 12-ші шақырылған Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа ұсынып, бірауыздан сайлады. Бұл 1990 жыл болатын. Егемен Қазақстанда экономикалық реформалар жүрген кезеңінде ауылдастарын жұмыспен қамтамасыз етті, жеке шаруашылықтарын дамытуға көмектесті, тұрмысы төмен жанұяларға әлеуметтік көмек көрсетті.

Аудан орталығында, өзінің туған ауылы Аксуда мешіт салуға жәрдемдесті. Еркін өзінің селолық округінде, ауданда болып жатқан оқиғалардың әрдайым бел ортасында жүріп араласты. Келініміз Салима да совхозда бухгалтер болып жан-жарының жұмысына өз үлесін қосты. Жанұясында үш қыз тәрбиелеп, жоғары білім әперді. Алма, Әлия, Айгүл атты қыздарынан аталап-әжелеп кеп тұратын жиендері баршылық. Еркін отбасының ұйытқысы, мейірімді әке, сүйкімді ата, сенімді дос, ауданымыздың

әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосқан адам болған.

2020 жылы 26 желтоқсанында бұрынғы Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы декларация мен тұңғыш Конституцияның жобасын қабылдауға атсалысқан, елге танымал азамат, бауырым Еркін Асқарұлы Сәдуақасов дүние салды. Еркін Асқарұлының отбасына, туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады!- деп Балтабаев Өмірсерік Назымбетович, Рахат Смағұлов, Әмрин Тамамбаевич, Жанат Оспанов, Крамша Мұқанов, Найманов Хамит Әбілқасымұлы, Веряскин Яков Емельянович, Досан Садықов Шияпұлы, Тұрар Сейтжанович Оразалин, Владимир Иванович Шпет, Манабай Қажымұратұлы Үмітбаев, Ильяс Тоқымбетов, Бекет Қаратайұлы Жүсіпов, Самат Қойшыбайұлы Ғабдуллин, Шарипов Қабдусалам Шарипович, Манап Сағдиұлы Құсайынов, Серік Қабиденұлы Шаинов көңіл білдірді.

Салима - қазір зейнеткер. Немересі Жұлдызды құтты орнына қондырды – үлкен той өткізді. Баласы Әділбек пен қызы Алма мен күйеу баласы (өз баласындай боп кеткен) Ақанмен Бескөлде тұрып жатыр. Әттең, жан-жолдасы Еркін Асқарұлының жоқтығы...

Атасы Көпейді жақсы көруші еді

Атасы Көпейді жақсы көруші еді.

Байтерекке Көпей-інім үй тұрғызамыз дегенде, мен қорқып едім, бірақ Көпей алдынан қорықпайтын жан еді. Маған: «Қорықпа, бәрі дұрыс болады», - деп еді-ау. Айтқанындай, үй ойдағыдай тұрғызылды. Залы қандай тамаша. Ваннайыне дейін... Әттең, сол үйдің жылуын, жарығын көп сезіне алмағаны, өмірден озды. Осы үйге қол ұшын берген Қасымның ұлдары Қайдар мен Айдар, көп рахмет. Інілеріме қолдарың әрқашан жүріп тұрсын, талмасын, барлықтарыңызға мықты денсаулық тілеймін!

Көпейдің зайыбы Шолпан - есепші, завсклад, завхоз болып жұмыс атқарды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған жан. Айрат атты баласымен, Гүлдария Қуанышқызы келінімен, немерелері Алина биыл мектеп бітіреді, Алла жазса. Үлкен оқу орнына түсіп кетсе деген менің тілегім бар. Гүлзар немересі ауырып жүр, ал ең кішкентай немересін - менің кіп-кішкентай сіңлімді қатты жақсы көремін. Әлі мектепке барған жоқ. Көпей мен Шолпанның алыс емес, жанында Жанат деген баласы, келін баласы Ләзім. Келін баласы екеуі де мектепте – ұстаз. Жанат Көпейұлынан немерелері бар. Мирас Жанатұлы - әкесінің қолқанаты, мектеп бітірген жоқ әлі.

Қызы Жанар Көпейқызы, жолдасы Серік Жаңасуда тұрып жатыр, үш бала тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы - Көркем, медуниверситетте оқиды, Қызылжарда. Менің коллегам. Менің жолымды беріп, «Отличник здравоохранения» атағын алса деп тілеймін. Баласы Әбдірахман бойы менен ұзын, мектеп жасында. Серік пен Жанардың екінші қызы биыл Алла жазса, 2022 ж. мектеп бітіріп, жолы жасыл болса екен деймін. Денсаулық тілеп, Шолпан келінімнің көрер қызығы көп болсын, мықты денсаулық тілеймін!

Көпей мен Шолпанның Айнасы Кеңес ауылында тұрып жатыр. Қарт енесі бар қолдарында. Қозыбай екеуінің екі баласы бар. Балалары мектеп жасында.

Маған қаймақты өлшеп беріңдер

Бақтыбай (Бәтәй дейтін едік) - әкелеріміздің жалғыз қарындасы Салиха апаның баласы еді. Той-домалақ жиындарда адамдарды күлдіріп отырушы еді. Өсті, өнді балаларынан немере-шөбере көріп кетті. Жақсы өмір сүрді деп айта аламын.. Бір қызынан, ұлы Сырымнан айырылып, аза тұтқан күндері артта қалды. Енді Бәтәй көрмеген қызықты, зайыбы Зайкен көрсе екен деймін. Кезінде сауыншы болған, қазір зейнеткер. Зайкен Арап деген

баласымен тұрып жатыр. Бәріне иман байлығын берсін, өмірден өткендерге!

Бәтәйдің кішкентай кезі болатын. Бәтәй үйі - көшенің басында, біздің үй - көшенің аяқ жағында. Бәтәй біздің үйге қонаққа келеді екен. Үйдегі балалар бәрі қосылып шулап кетсе, «Бүйенді» үрлеп қойған көрсете қойса, Бәтәй тыныш отыра қалады екен. Келесі бір келгенде қаймақ үйде үлкен ыдыста болуы керек, содан көп жеп қойып, үйіне барып киімдерін бүлдірсе керек. Содан кейін келгенде «маған қаймақты өлшеп беріндер» дейтін көрінеді. Үйіндегі әпкелері Софья, Маркш жуа-жуа киімдерін шаршаған білем.

Қапиза деген апаны жақсы білем. Асыл (Асылтас) әпкем екеуміздің кіндік шешеміз. Ертеректе өмірден озған. Мен бүгін де дұға оқығанда есіме алып отырамын, иман байлығын берсін! Бұл кісі Несіптің шешесі - Күлшаразбен, Қабдуахит-ағамен бірге туған бауырлар. Қабдуахит-ағаны да көрдім, енгезердей адам болған, ол кісінің баласы өсіп, ұзын бойлы ағаға түрі, тұлғасы келетін. Біздер Шалақынға көшіп келгеннен кейін дүние салды. Баласы Қошан, Айжан деген келіні екеулеп күтті.

Көшіп келгеннен кейін атасын ертіп, сәлем беруге барғаным бар. Ауырып жүрген кезі екен. Содан кейін көп ұзамады. Иман байлығын тілеймін. Өсіптің шешесі Шамшия апаны да жақсы білем, ақсары адам, әдеміше. Лесхозда тұрғанда қайтыс болды, білем. Лесхозға барып артынан көңіл айтуға барғаным есімде. Сұпия қарсы алып еді. Өсіптің Күлімжан деген қызы қайтыс болғанда өзім басқа бір жаназаға кетіп, бара алмадым Алқа-ағашқа. Иманды болсын деп тілек айтамын.

Қошанның келіншегі - Айжан кісіге жақын адам. Өсіп ағаның немерелерін бағып-қағып отыр, бір баласы өнер жолында жүр. Балаларының қызығын Қошан екеуі бірге көрсін. Тағы бауырлары бар. Қошанның олардың амандығын тілеймін. Майраны анда-санда көріп тұрамын. Алманы көрмегелі көп болды. Сол Өсіп ағаның жаназасынан кейін көрмедім, аман болсын басқалары.

Қошанның баласының өнерге жақын болуы Айжанның анасы Күлзи-құдағидан жұққаны бар ма деп қаламын. Ол кісі де Домкультурада өлең айтады екен көптен бері.

Бәтәй мен сабақ үйреткен болып айтып отырғанда, ол ұйықтап отыратын. Өзі ынтызар болмағанды оқытуға, өзі ұмтылмағанды «үйретем» деп әуреге түсуден ештеңе өнбейді. Бұл мақал орынды айтылған сөз. Жақсы оқымаса да, ерте үйленді, немере-шөбересін көріп кетті. Той-домалақ жиындарда адамдарды күлдіріп отырушы еді.

Көп жақсылық көрдім

Үлкен тәтенің 4 баласы бар. Екеуі менің қолымда болды. Ең үлкені - Зияда (Зоя). Зияда мен Лесхозға келгенде, менімен бірге келді. I сыныпты Лесхозда оқыды. Мария Петровна деген мұғалім оқытты. I сыныпқа апарғаным әлі есімде. Монтиып тұрғаны. Сабақты жақсы оқыды.

Осы кішкентай қыздан көп жақсылық көрдім. Бухгалтер оқуын бітіріп, Тимирязевоға хлебзаводта бухгалтер болып істеді. Ал біз ұн жоғары сорт па, I сорт керек пе - ол попуткамен жіберетін. Той-домалақта күні бұрын келіп, көмектесетін. Қазір де солай. Тамақтың түр-түрін дайындай алады.

Жалғыз баласы бар - Расул. Екі немере көріп отыр. Шөбере көрсін! Деніне саулық тілеймін!

Үйлеріне, анасына мен жібермеймін, өздері де барамын демейді, 3-4 айда бір рет барады.

Ұйымдастыратын

Орынтай (Оля) мектеп бітіргенше жанымда болды. Бітірген соң Ыбыраевқа тұрмысқа шықты. Оля мектепте оқығанда сыныптастары – Байтеленов Төлеу, Жумин Нұрлан, Какенов Серік - отын жарып, қар тазалап кететін. Мен күні-түні жұмыста. Мейраш мектепте екі сменада және

мектептің басқа жұмыстары болады, малға қарайды. Сонда Оля сыныптастарын ұйымдастырып, көмегі көп болатын.

Жолдасы - Қарпық – өте жақсы адам болған. Жақсы ән айтушы еді. Домбырамен де, домбырасыз да. Әйтеуір, немересін көріп кетті! Біз Ыбыраевта тұрғанда шөп-сабан келгенде Қарпыққа звондаймыз - «Кел, көмектес!»- деп. Ол



достарын – Еслямов Мәден, Лекеров Шопан, тағы басқа достарын, таныстарын жинап келетін. Бұл кісілер де өмірде жоқ. Иманды болсын!

Әділ, Зәмзәгүлдер келгенде, бірден келетін. Әділ-бажасын өте жақсы көретін. Әділ де оны жақсы көретін! Ол кезде жақсы сигарет жоқ ауылда. Оны білген Әділ Қарпыққа сигаретті блок-блокпен әкелетін. Сонда, Оля айтуы бойынша, Қарпық сол сигареттерін бәрін достарына тарататын екен, өзіне түк қалдырмай. Көңілі сондай еді!

Қандай той жасасақ та, кісі шақырсақ та, Оля мен Қарпық бірінші келіп, көмектесіп, соңғы кететін. Оларға мың рахмет! Қарпық ана дүниенің рахатын көрсін! Оля шөбере көрсін!

Осы тойдың жылқысын сойғанда Оля, Марал, Адай көмектесіп, шай да ішпей кетті. Көп рахмет сендерге!

Мені ұятқа қалдырдыңдар

Одан кейін Ленинге Мәрзия келді. Бір жолы Марзия үйіне барып келерде «үйден бір әтеш ала кел» дегенмін. Сенбі сайын Ақсу, Жаңасу, Еңбек ауылдарына автобус оқушыларды алып кетеді. Жексенбі күні алып келеді оқуға. Мәрзия, келерде, кешігіп шығыпты үйден.

Кешкі мезгіл кезі. Әтештің «кеш болды» деп шақыратын әдеті ғой... Мәрзия, үйге есіктен кірер кірместен: «Мә, әтеш! Мені ұятқа қалдырдыңдар! «Кукареку!» - деп, қайта-қайта айғайлап, мойнынан қысып тұрсам да болмайды. Балалар: «Әй, қайсың тура әтеш ұқсап шақыра алады екенсіңдер!» - деп, қоймайды! Әбден ыза болдым!» - дегені сонда.

Мәрзияның қазақша сөйлеу мәнері - өте биік мақал-мәтелден. Жолдасы Зәкәрия күшті жігіт. Ол дүниелік болып кетті. Иманды болсын!

Баласы Марзияның – Ильдар: «Сендер ойламандар! Менің мамам - құрметке ие, бүкіл аудан адамдары біледі оны, ол бүкіл адамдарды тамақтандырған адам!» - дегені бар бір сөзінде.

Санаспайтын

Құдаларымның бәрі жақсы болды. Алматыдағы құдаларымыз - Мугамет пен Ризвангуль-құдағиым - үлкен адамдар, қажылыққа барған. Құранды оқи алатын еді. Құдағиым Ризвангүл Қадірқызы менің 60-жылдығыма келді. Өзім Әділдің інісі - Ділшат пен Әсиямның үй құрып, той жасағанда болдым. Ол кезде Хұршиданың анасы бар еді, өте жақсы, сабырлы адам болатын. Қазір ол да бақилық болған. Барлығына иман байлығын тілеймін! Ал биыл Әділдің інісі - Әркен мен келіні Роза қызын ұзату тойына шақырған соң, барған болатынмын.

Қостанайдағы құдамыз - Идрисов Нурахмет- ауызын аңса, жүрегі көрінетін еді, марқұм. Жуас адам еді. Қолдағы келінімнің шешесі - Нұрила-құдағиым Рақымжан мен Жаннаның қолында болды. Нұрила-құдағиым сырқаттанып, биыл қайтты.

Орынбасар-құдағиым да кетіп қалды. Жақсы әңгіме құрушы едік... Ал Қазикан-құдамызды біз көрмедік. Біз құда болғанша ол кісі о дүниелік болыпты.

Тупей-құдамды өте жақсы көруші едім. Ол кісі менен үлкен болса да, бетінен сүйетінмін, кездесіп қалғанда.

Майкен-құдаға жан жетпеуші еді. Аз уақыт болса да, анда-санда кездескен де, тойдан кейін өзі звондап, халімізді біліп тұратын, Атасын сұрап. Ал апрельден бастап, қар еріп біткенше, бізге тиыштық бермейтін:«Суға кеткен жоқсындар ма?»- деп, әзілдеп. Мені «Алтеке» дейтін. Мерекелерде «Құтты болсын!» айтатын. Енді мен қызын Әлияны алып отырғаннан кейін мен бірінші звондауым керек қой. Ол санаспайтын.

О дүниелік болған құдаларыма иман байлы,ын тілеймін!

Ұрпағыңмен мың жаса дейді қазақ!

Бәріміз де үмітіміз ақталып, ұрпағымыздың жақсылығын көруді армандаймыз. Халқымызда «О, құдайым бала бер, бала берсең, сана бер» деген аталы сөз бар. Саналы ұрпақ өсіру - әрбір ата-ананың асыл арманы десем, қателеспеймін.

Ғұлама ұстаз Әл-Фараби «дүниедегі ең оңай – кісіге ақыл айту, ең қиыны - өзіңді өзің түсіну» деген екен. Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы - оның тәрбиесі.

Бір адамды көргенде қандай қасиетін айту керек деп сұрағанда, аузы дуалы бір қария: «Жақсылығын айту керек, өйткені жақсылықтың қадамы ұзақ, барар жері алыс» деген екен. Шынында да жақсылық деген ауыр нәрсе, жақсы адам болу қиын екенін ұғамыз.

«Болар бала бесігінде бұлқынады», - демекші,

«Көп сөз көмір, ал аз сөз – алтын»

«Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы»

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең...»

Бала отбасында тұлға болып қалыптасады. Сондықтан махаббат, құрмет, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерге орын берілуі тиіс. Тәрбиенің қазығы ұлттық құндылықтар. Өмірде қуаныш пен қайғының, жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның, бақ пен сордың, ай мен күндей алмасатыны заңдылық. Халқымызда «еркек - үйдің иесі, әйел - үйдің киесі» деген аталы сөз бар. Жаның таза, пейілің кең болсын. Періштенің де бес міні бар демекші, өмір болған соң, тәтті жұтып, ащы түкірген кез болды. «Айырылма үйіріңнен, айырылсаң үйіріңнен, екі қолың кетпес бүйіріңнен» сөзінің жаны бар. Бұл тау тартқан шақта. «Өмірден аларыңды ойлама, өмірге қалдыраңды ойла», - дегені немере-жиендерім. Жандарын жаралап жүрген сағыныштарын, көңіл түкпіріндегі қимастықты жасыра алмайсың. «Алла сабырлының жанында» сөзі рас. Қазақтың әлімсақтан келе жатқан ырым-тыйымына көңіл бөлген жөн.

Егер ұлың келіннің сөзін сөйлеп кетсе, онда көңіліңнің құлағаны, жарық сәуленің өшкені. Ақын Төлеген Айбергеновтың «Маған тіпті сөз келмейтін ұяттардан қызарамын» дегені ойға оралады. Татулық болмаса – келісім болмайды. Айдарлы ұлым, тұлымды қызың болсын... Әрбір адам баласы үшін ана – аяулы жан. Адамзатты мойындатқан ғалымдар да, тарихқа есімі алтын әріппен жазылған ақын-жазушылар да анадан туады. Маңдай-термен келген нанның тәтті болатынын сезіну керек ерте жастан. Ұрпағыңмен мың жаса дейді қазақ.

Бала ырысымен келеді

Бала ырысымен келеді деген! Нақыл сөз тегін айтылмаса керек. Мен осы жұмысты істегенім - Атасының (жолдасым Мейрамның) арқасында, Зәмзәгүл құлыншак арқасында. Оныншы класс бітіргенше үйге алаңдамадым, қарамадым, сендім. Жұмыспен жүрдім. Менен кінә болмасын! «Уколымды да уақытында ала алмадым» демесін деп сенбі, жексенбі күндері де барып уколдарын, системаларын қойып күтіп отыратынмын 2-3 сағаттан.

Суымның тұнығы, сүтімнің беткі қаймағы, тұңғыш қызым дүниеге келгенде шешем марқұм Әзира Әлсейт қызы (енем) көзі тірі. Өзімнің әке шешем Төлеген мен Күлкамила Қожантай қызы да бар еді.

Ыбыраевта, Тұяқ көшесінде үйдің сыртын известпен ақтап жатқанымда, биікте сабымен ұсталып тұрған балағы шығып кетіп, мен шелегіммен ұшып түстім жерге. Есімнен танып қалыппын. Көзімді ашып, есім кірген кезімде ішімді бұл қыз теуіп жатыр: «Е, тірі екенсің ғой!» - дедім ішімнен. Басымнан қан ағып жатыр. Қасымда шешем Әзира, Атасы, тағы көршілер жиналып қалыпты. Шешем Әзира марқұм шақырған болар Атасын. Миым қозғалған сияқты емес. Үйде 1 күн жаттым, бәрі жақсы сияқты. Бұл 20 сентябрь күні 1966 жылы.

27 сентябрь күні сенекті ағартып, «енді жұмыс бітті ғой» дегенде, кешке қарай ішім ауыра бастады. Кешегі

жұмыстан болар деп ойладым. Сол кезде Мәрпуля-апа келді. Не себепті келгені, есімде жоқ. "Қызым, сен больницаға баруың керек, толғақ шығар" деді. Сол «толғақ» дегенін ұнатпадым.

«Зәмзәгүл» деп, атын өзім қойып едім. Бұдан бұрын ішке бармақшы болып, бір шофер келді. Бұл жігіт Мектеп ауылының адамы. Жанында кішкентай Зәмзәгүл деген қызы болған. Сол ат маған ұнады. Шешем Әзира "Сауле" деп атағысы келген.

Зәмзәгүлге 9 ай болғанда екеуіміз бірге садикке жұмысқа-бардық. Зәмзәгүлді садиктің сол кездегі аспазы Артемова Зоя Николаевна жақсы көріп, аяғын басқанға дейін өзі қарады. Тазалықты керемет жақсы көретін. Тамақты күшті дәмді етіп пісіретін еді. Бұл кісі артынан Ново-покровкаға көшіп кетті, әпкелері сонда тұрған. Жасыл «Жигулиі» болатын. Артемов рольде. Көшіп кетсе де, Ыбыраевқа біздің үйге о дүниеге аттанғанша, келіп тұрды. Балық алып келетін. Огородта толған су баллон болатын. Балықтың артығын соған салып жіберетінбіз.

Зәмзәгүл кішкентай кезі, 3 жаста. Үйдің жанында құдық болды. Бұрышында маңайдағылар малдарын суаратын. Соның жанында тереңдеу шұқыр пайда болған. Онда су толып тұратын. Бір жағынан маңай былығып тұратын. Сиырлар көп ол кезде. Бір үйде 2-5 сиыр. Тағы ұсақ мал. Кезекпен құдықтың маңайын жинастыратын. Әсіресе, қыстың күні.

Сол күні Зәмзәгүлді Зейникамал-апа көйлегінің астына тығып қойыпты. Біз іздеп жүрміз Зәмзәгүлді – еш жерде жоқ. Бармаған жеріміз жоқ. Таба алмай, жылап жүрмін – шұқырға түсіп кеткен шығар деп. Бір мезгіл Зәмзәгүл шығып келеді Зейникамал-апа үйінен...

Зәмзәгүлдің бетінде және иығында гемангиома болды. Басып көргенде іші бос сияқты болатын. Ештеме ем жасамадық, бертін келе өзі кетті. Кішкентай кезіндегі фотода көрінеді. Бұл сол құлағанымнан болды деп ойлап жүретінмін.

Алты жасында желтухамен ауырып, больницаға жатқызды. Күнде сағат төрттен кейін барып тұрдым. Енді бір барғанымда укол берген, бинтпен байлап қойған қолын көрсетті. Соны көргенде жылағаным бар. Сонда Зәмзәгүл: "Мама, неге жылайсың?"- деп сұрады. Одан сайын жыладым. Туған күніне 2 кун қалғанда, үйге сұрап алып шықтым. Әдемі іш көйлегін жууға алдык деп, берген жоқ. Әйтеуір, аман-есен жазылып кетті.

Зәмзәгүл үшінші сыныпта оқып жүргенде, Ыбраевта, пеш жаққанда, мұржасы ерте жабылып қалыпты. Түнде Зәмзәгүл маған келіп, «Мама, басым ауырып тұр!»-деді. Тұрсам, бәрін түсіндім. Заматта мұржаларды ашып, есікті ашып, Жомарт, Маратты киіндіріп далаға шығардым. Сөйтіп, бәрімізді Зәмзәгүл-құлыншақ аман алып қалған.

Зәмзәгүл бес жасында Жомарт, Марат, Мұрат үшеуіне «нянька» болып үйде қалатын. Көпен жұмыста. Совхозда бухгалтер. Мұрат үлкен дәретке отырып қойса, бухгалтерияға звондайды екен. Көпенің коллегасы, Тұяқ ауылының қызы Күлбара Әбуова: «Бар, эне, звондап жатыр. Мұрат былықтырып қойған шығар!» - дейді екен.

Зәмзәгүл кішкентайынан алғыр болып өсті. Такпак айт дегенде киналмай айта салатын. Мерекелерде, әсіресе Жаңа жылда бүкіл ойыншықтарды біз алатынбыз. Бір күні 2 бала шай сервиз алды. Мұқанова Зукән келе жатты. Сол кісіге сервиздың біреуін Зәмзәгүлден сұрамай бере салдым. Үйге кіре бере қызым ал жыла! «Ой, не болды?» «Сен менің сервизімді беріп қойдың!» Әлі есімде! Енді бұл Зәмзәгүлдің еңбегімен келуі ғой. Өзімнің қателігімді түсіндім.

1975 жылы бір жыл больницада болғанда Зәмзәгүл 8 ден асқан. Атасы екеуі тамақ ішерде, Зәмзәгүл айтады екен: «Папа, екеуміз бір тарелкадан, бір қасықпен ішейік тамақты», - дейді екен. Қызымды операциямен алған, диагнозы «неполное предлежание деп, одан кейін «двухсторонний абсцесс ягодиц, одан кейін желтухамен ауырып, бір жылдан кейін үйге келсем, екі жасыл эмалированный чайник сәкінің астынан табылды. Атасы тамақ істеуге шамалы болатын. Бір чайникке жұмыртқа

пісіргенде суы бітіп қалады. Сол қалпымен екінші чайникте пісіреді екен. Солай сәкінің астынан табылды.

Әйтеуір, төркіннің бары жақсы. Марат пен Жомарт Аксуда. Марат төрт жаста. Жомарт жетіге толмаған. Бірде Жомарт Аксуда үлкен кесемен айран ішіп тұрыпты. Марал шалбарын түсіре қойыпты. Жомарт кесені тастап жібереді - кесе сынып қалады. Барлығы Жомартқа ұрсыпты. Сонда Жомарт: «Мен емес! Марал ғой!» - депті.

Зәмзәгүл кішкентайынан бастап оныншы класс бітіріп кеткенше сабағы, үйдің тазалығы, бәрі-бәрі осы қыздың мойнында болды. «Киім жаңадан әпер, мынаны әпер» деген жоқ. Оныншы класс бітіргеннен кейін ғана «маған киім әперіңдер» деді ғой.

Мектепті алтын медальға бітіріп жатыр. Дәл сол кезде менің жұмысымды тексеруге Қызылжардан комиссия келіпті: партийный работник Нина Антоновна Теплинская, районнан врачтар бар, көп адам. «Я не буду принимать, у меня дочь Зәмзәгүл на золотой медаль заканчивает деп, кеттім. Манабай мен Күләш комиссияны үйлеріне апарып, қонақ қылғаны есімде.

Сегізінші сынып оқып жүргенде Зәмзәгүл екеуімізді Рақым көрші-аға мотоциклмен Сардонникова дачасына малина жинауға апарды. Біздің шелегіміз толған. Бір кезде жаңбыр жауып кетті. Сол дачаға жақын Ыбыраевтың сауын сиырлары болатын. Жер саз. Көрші аға келе алмайды ғой. Ол кезде сотка жоқ. Сол ауылдың летний сауын лагеріне жетейік деп, келісіп, балшыққа батып-батып, эзер лагерге келдік. Ептеп тоңғанымыз бар. Жаңбыр көп жауды.

Оттың үстінде ошақта бір шелекте су қайнап тұр. Нағашым Зикрин Салтай әлгі шелекке шай салды, сүтін құйды. Шайдың түсі әдемі болды. Бірақ бізге шай бермеді. Абилев Талғар, тағы бір кісі болды. Бір шелек шайды ішті, бітірді. «Нағашы, - дедім, мен Мейрашқа айтамын. Бізге шай іш деп дастархандарыңызға шақырмадыңыз», - дедім. «Ә, мен білмедім! Лөктір бізбен бірге ішетін бе еді?» - дегені. Кеш болды. «К-700»пен үйге келдік Имаков Ахметжанмен.

Одан кейін Сардонникова дачасына тағы келдім. Мәрпуля-апа көкбиемен, самауыр алып әрбіріміздің тамақтарымыз бар. Менде бір литрлік темір ыдыста абрикостан компот болды. Гүлнәр Кабулова бар. Ол үлкен ыдыс корзина алып шығыпты. Түбінде азғантай ғана малина. Ауылға жеткенше жеп келеді, жеп келеді, бітірді. Мен айттым: «Бәрін жеп қойдың ғой!» «Мейлі, мен өзім демалдым, ұйықтадым!» - деді. Үйінің жанында жолдасы марқұм Сәуе Кабулов қарсы алды. «Батырым, тағы бір нәрсе айтып келдің бе?»- деп, екеуі үйіне кіріп кетті.

Шал-ақын ауданына баратын жолда қарақат өсіп тұратын. Жексенбі күні автобуспен барып, шелегімізді толтырып, кешкі автобусты күтіп тұрамыз. Шіркін, қызықты күндер-ай! Өтіп барасың ғой!

Зәмзәгүл оныншы сыныпта: «Мама, мен чик-чик» - деді. Ал, мен келіспедім. Одан кейін екі күн сөйлеспедім. Ол шашын қыйып қысқартыпты. Артынан келістім.

Оқуға түсерде Алматыға екеуміз самолётпен бардық. Екеуміздің де Алматыға бірінші рет келуіміз. Альмишев Алтай-марқұм үйінде тұрақтандық - ауылдыкі, әрі құда. Алтай-марқұм командировкаға кеткен екен. Ол үлкен қызметте ауыл шаруашылығында бас агроном болып істеді. Келіншегі – Роза-мұғалім қарсы алды. Карина туғанына алты ай. Роза, біз келгенде, суға түсіріп жатыр екен баланы. Біз: «Солай, университетке түсуге келдік», - дедік. «Ой, қиын ғой оған түсу!» - деді.

Ертеңіне оқу орнына бардық екеуміз. Барсак - объявление жазып қойыпты. Бірінші - қоғамтану. Зәмзәгүл бір-ақ кітап алып барыпты. Басқа кітаптарын салып жіберейін деп мен ауылға самолётпен қайта келіп, бүкіл кітаптарын почтамен салып жібердім. Менің салған кітаптарым Алматыға жеткен күні Зәмзәгүл бірінші экзаменнен өтіпті. Емтиханды «беске» тапсырғасын, басқа емтихандарын тапсырмайды – өтті! Сөйтіп, қайтадан осы кітаптарды Ыбыраевқа почтадан салып жіберді.

Үйге Ыбыраевқа келген соң палатка құрып, той жасадық. Үшінші күні тойдан кейін Зәмзәгүлді Москваға

шығарып салуға Қызылжарға келдік екеуміз. Түрегеліп тұрып тамақ іштік Қызылжардың аэровокзалында. Сонда бір булочка қалыпты. Соны сөмкесіне өзі салып алған екен. Москваға самолётпен ұшты Қызылжардан. Студент қыз бала барады екен, сол қазақ қыздары «көмектесеміз» деген. Москваға жеткесін ол балалар өз бетімен кетіпті. Зәмзәгүл, әйтеуір, тіл білгеннің арқасында общежитиеге орналасыпты.

«Буфет жабылған уақыт. Сол Қызылжардағы вокзалда екеумізден қалған булочканы жеп, жаттым» - деп хат келді. Ал мен жыла... Не себепті ет, бауырсақ тойдан салмағанымды? Атасы екеумізде студент болдык қой! Москвада аға-жеңгесі күтіп алатындай! Әйтеуір, Алла тағалаға мыңда бір рахмет тура жол сілтеп көрсеткені үшін! Содан Ломоносов университетінде философия факультетінде оқып, кандидат философских наук өте жақсы бағамен бітіріп шықты ғой, шүкір Аллаға!

Балаларым мектепте оқығанда, сынып жиналысына барғанда, маркайып шығушы едім. Жанымдағы әйелдердің балалары тәртіпсіз, сабақ үлгерімі жаман, сабақтан көп себепсіз қалып қояды дейтін кейбіреулеріне.

Бір жиналыста Шекен Қасымович - мектеп директоры: «Сіз айтыңызшы!» деп менің жанымда отырған Карина деген әйелді тұрғызды. Ол кісі асықпай тұрды, асықпай жиналыс басқарып отырған Шекен Қасымовичтың жанына барып, «Осы, - деді, «Шекен Қасымович, мектепте жүгіреді дейсіздер, үйге келсе «тш, тш» деп, «айғайлама, жүгірме» деп отырамыз. Мектепте «тш, тш!» «Сонда ол бала қай жерде жүгіреді? «Үйде айтамыз- айтамыз, бала болған соң ойнап кетеді. Біз болсақ жұмыстамыз, - дегенде, енді ғана уайымдап, «балаларының үлгерімі нашар, оқымайды» естіп отырғандар бәрі ду күлісіп қалды.

Зәмзәгүлдің арқасында жақсы адамдармен кездесіп ел көрдік, жер көрдік. Рахмет жарығым, ұзақ өмір тілеймін отбасыңа!

Ойыншықтай машина

Жолдасы, күйеу баламыз – Әділ - инженер-құрылысшы. Өте жақсы, білімді адам. Жаны ашып тұрады бізге. Қандай той жасасақ, ақшасын да, көмегін де ұйіп-төгіп береді. Той жасамақ түгіл, үйге керек-жарақтарды өзі сұрамай-ақ, әкеліп қояды, холодильник, морозильник дегендей. Бұрынғы кездері, дүкендерде дефицит болған кездерде тойға коробка-коробка арақ, вино, кәмпит, печенье, мата, костюм-шалбар, көйлек алып келетін Зәмзәгүл екеуі, одноразовый стаканчиктерге дейін.

Жомарт үйленгенде «Белый Орел» деген арақ шықты. Сонау Мәскеуден соны неше жәшік әкелгендері, десеңізші! Қайта, халық мәз-мәйрам болып қалды- тойда тек қана сол «Белый Орелды» құнттады.

Қазақша судай біледі. Және айтқанда, қатырып айтады. Бізді бір-де бір ренжіткен емес. «Сіз» деп жүреді.

Бір күні «Әділ ауылға келе жатыр», - деді Зәмзәгүл. Өзі Әнуармен үйде де. «ОКА» машина айдап келе жатыр», - деді. Ондай машинаны естімеген, күтіп отырдық. Әділ жолға жалғыз шығып, біраз бейнет көріпті. Сол машинаны осы жалғыз сонау Челябинь жақтан айдап келіпті. Шаршаған. Келіп, жатты. Келе сала жудық. Күнде-күнде сол ойыншықтай машинаны көруге біздің үйдің маңайына талай-талай кісі келеді. Құттықтайды. Жуамыз.

Сол машинаны Атасы біраз айдады. «Права» керегі жоқ, деп, Манабай: «Қорықпай жүре бер!» десе де, Сергеевкаға сирек кіретін. Сосын права алды.

Атасы Әділді өте жақсы көретін, құрметтейтін.

Әлішер мен Аңсар кішкентай болғанда ауылға алып келді. Зәмзәгул соңыра келеді екен. Біздің ауылда ол кезде қиын уақыт - водопровод жоқ. Бір фляга су – тамаққа да, жуууға да, кір жууға да. Ол, қалалық, үйреніп қалған. Және екі баланы күнде-күнде жуындыру, киім жуу керек. Су алып келу үшін Атасы флягамен ауылдың шетіне барады. Әділ балалармен - қолы байлаулы.

Не керек? Манабай үйіне барғанда, «Сергеевкаға көшсе ғой» деген әңгіме бастапты. Жанына батқан ғой деймін біздің сусыз тіршілігіміз! Манабай, жақсы ой пайда болса, жерге тастамайтын: «Қолдаймын!!!Көшірейік!» -деп, сол устел басынан тұрып, үшеуі (Манабай, Күляш, Әділ) бізге үй іздеп кетіпті. Манабайдың таныстары көп. Бірден «ана үй сатылады, мына үй сатылады» -деп, жол ашып беріпті.

Атасы екеуміз көшкіміз келмеді, рас айтсак. Әсіресе, Атасына әке-шешесі, бауырлары тұрған жер өте ыстық болды. Бірақ, балалардың айтуына көндік – «ауыл жақын, араласып тұрасындар. Және қыста да жазда да қиналмайсындар – су краниктан өзі ағып тұрады»- деді. Солай Сергеевкаға қоныс аудардық.

Балаларын осы Сергеевкада сүндетке отырғызды. Үш баласы бар. Үлкен ұлы - Әнуэр - авиационный институт бітірді. Әлішер РГУФК университетінің студенті. Аңсар да – программист-студент. Жақсы отбасы болып, Москвада тұрып жатыр.

Уайымдамаңыз, далада қалмайсыз

Зәмзәгүл университетте оқып жүргенде Атасы екеуміз Москваға бардық. Самолетпен. Жолда тамақ береді екен. Самолеттен түскенде автобус 25 кісіден алып кете береді екен. Сол Москвада университеттің ішін бәрін көрсетті бізге. Атасы екеуміздің бірінші рет қыдыруымыз - бұл шет елде жүргендей болды. Көп қызық көріп, мавзолейге барып, көрдік. ВДНХға бардық.

Зәмзәгүл ол кезде 4 курс студенті болатын. Бұл 4 ноябрь 1987 жылы. Күн жылы. Жерде қар жоқ. Зәмзәгүл бізге «жататын орын беріледі» деген. Студенттердің барлығының туғандары 7 ноябрь мейрам күндерін пайдаланып, 100 % келіп қалып, факультеттің ұйымдастырушысы бір студентке бір адамға ғана орын беретін болыпты. Сол себепті біреуімізге орын жоқ. Содан Зәмзәгүлдің досы - Ғалия Асаева - бізбен бірге жүрген.

Ғалия маған: «Сізді менің шешем деп айтайық. Мені әжеме бергенсіз деп айтайық», - деп. Сосын мені өзінің шешесі ретінде ұйымдастырушысыға таныстырды: «Бұл кісі - менің туған анам. Қазақта обычай бар. Бірінші баласын ата-аналарына береді. Содан соң мен - әженің баласы болып саналамын, және фамилиям әжемдікі. Сол үшін менің фамилиям - Асаева, ал шешемдікі - Садвокасова». Бірақ әлгі әйел қабылдайтын болмады.

Маған орын жоқ. Бірақ мен Балтабай Наргужинінің адресін алғанмын. Ол Ақ-судан. Енді сол адресіті іздеуге кеттік бәріміз. Біздер ертерек барып қалыппыз. Күтуге тура келді. Сонда Ғалия-қызымыздың айтқаны: «Уайымдамаңыз, далада қалмайсыз», - дегені әлі есімде. Кешкі 6 дан кейін Балтабай келді. Түрі әкесіне келеді екен. Бірден таныдық. «Общежитие деген не деген сөз. Осында болындар», - деді. Екеуміз осы үйде қалдық. Зәмзәгүл мен Ғалия Атасының алған кілтін тапсыруға кетті. Ақшасын төлеген, бірақ бір сағатта ол бөлмеде болған жоқ. Біз екеуміз сол Балтабай үйінде бір жұма болып, жақсы әсермен үйге келдік. Балтабайдың Аня деген зайыбы, ұлты қазақ, біздерді жеті күн күтті. Ол кісі қазір бұл дүниеде жоқ. Иманды болсын!

Қайдағы қонақ...

Әділ әперген әдемі, кішкентай «ОКАмен» талай жерге бардық? Қой бағуға дейін.

Атасы біздің кезегімізді бағып беру үшін ауылдағы бір жігітті жалдаған. Сол жігітке тамақ, қымыз апару үшін Атасы, мен, Әнуар үшеуміз шықтық. Келдік. Атасы сол жігіттің жанында қалды. «Әнуар, жүр! Сенің малтығаныңды көрейін!» -деп, Қарасудың бір шетіне бардық.

Келіп: «Әнуар, сен тұра тұр, терең бе екен? Өзім көрейін алдымен, - деп суға түсіп жатырмын. Суға түсісімен, төмен кетіп барамын. «Әнуар, жүгір! Атаны шақыр, - дедім. Өзім батып барамын.

Атасы жүгіріп келіп, қолымнан тартып жатыр - шығатын түрім жоқ. Бір жағынан күлкім келеді. Атасының шамасы келмеген соң, иығыма келіп қалғанда, өзім тырмаланып ес жыйдым: «Ой, осы мен батып барамын ғой!». Өзім тырмаланып, бұтақтардан ұсталып, әрең дегенде шықтым. Бұл июньнің аяқ кезі болатын. Ескендинова Нағжандар Қостанайға көшетін болып сағат бірге құрмалдыққа шақырған. Көрші Күлпашқа алдында бірге үйден шығайық деп келіскеніміз бар. Қайдағы қонақ! Сағат бір жарымда өзім судан жана шықтым. Байқасам, балалар түсіп жүрген жер емес екен. Әнуарды суға малтығанын көрудің орнына, Әнуар мені батпақ болып, судан шыққанымды көрді.

О жақта нең бар?

Бала бауыр өмірінді жалғайтын ұрпақ сабақтастығы. Ұрпақтар жетсін ғасырға! Кісі бойына ұлы мейірім шапағат алдымен бір Алладан берілсе, одан соң ата-анадан дариды. Бүгінде «қарағым», «шырағым», «алтыным» деген алтын сөздер азайып тұрған сияқты. Ең басты байлығымыз, бақытымыз - осы балаларымыз. Оларды көргенде көз қуанады.

Енді қолымдағы Жомарт әр шай сайын «Аллаху Акбар» айтарда «менің өмірімнің күзі кетіп, қысы келер. Алла Тағала бейнетімізді бермей...» деп айтсам, әрі қарай айтқызыбайды. «Ол жаққа бармайсың, о жақта нең бар, неге айта бересің?», - дейтіні бар.

Жомарт - үлкен ұлымыз. Юридический институт бітірген. Следователь болып істеді. Қазір пенсияда. Келініміз - Райхан.

Жомарт бесінші сынып бітіргенше Жаңа жылға түрлі киім тігетінмін. Жомарт қоян болады, Марат военный киімді ұнататын. Жомартқа ақ матадан костюм тігесің, құйрықты байлай қоясын, бітті - қоян. Үйге қонақтар келсе, стишок айтқызады Зэмзәгүлге. Ал Жомарт соғым сойғанда көріп алған екен. Кісілер отырады да, «ал, соғымды қалай

сояды, Жомарт, көрсетші!» - десе, болды. Тез-тез жіпті қайдан табатынын білмейсің! Өз аяғын өзі байлап, шалкасынан түскенде, адамдардың бәрі күліп қалатыны бар.

Енді біреулері әдейі: «Этәйді ұрамын!»- деп жатса, вилка ала жөнеледі. «Мен саған вилка тығамын!» деп. Ұрғызбайды!!!

Ал енді «өлең айт» десе, қоя береді: «Діңгіл-дінгіл арба, Алқа-ағашқа барма, Алқа-ағаштың қыздарын қатын қылып алма»,- деп. «Ой, мынау не дейді?»- деді Қазанның шешесі. Мен өзімде білмеген екенмін. Қазанның шешесі - Шәмшия-апа Алқа-ағаштың қызы екен. Содан кейін ол өлеңді айтпай қойды. Бұл кезде Жомарт үш жаста болатын.

Кішкентай кездерінде дүкеннен ойыншықтар андасанда әпереміз, оны да көпке жеткізбейтін, бұзып-бұзып тастайтын. Тек Этэй-марқұмның қолдан істеген пистолет, кинжал, грузовая машина, тракторларын ұзақ сақтады. Көп ойнады.

Бір күні жұмыстан үйге келсем, өзі ортада жатыр, киімі қып-қызыл. Маған қарап: «Мама, сәкі майлап жатырмын», - деді. Үлкен 10 литрлік темір банкада томат паста алғанмын. Соны жанына жақындатып алыпты да, кіп-кішкентай қолымен шелекке батырып, сәкіге жаға берген. Үлкен шеңбер жасап алыпты. Енді он килограмм томат пастаның тең жартысы кетіпті.

Тәртіпсіз болғанда «бұрышқа» тұрғызамыз. Жомарт сұранбайды. Тамақ пісіріп жатсам да, қарап қоямын, сұранбайды. Ал Марат кішкене тұрады да «больше не буду, мама» деп, тез шығып кететін.

Бір жылы біздің үйге Ыбыраевта телефон орнатты. Телефонға барып, «алло, алло» деп қызығатын. Бірде балаларды Ақсуға төркініме қоя бердім. Өйткені, жақында Еркін інімнің үйлену тойы болатын еді.

Енді тойға келсек, Жомарт баламыз өзгеріп кеткен, сөйлемейді, ымдап «үйге кетейік», - дейді. «Не болды»,- деп сұрағанда, «Жомарттың тілі анық шықсын» деп тойда қой сойғанда үлкен тәтеміз шекпен Жомартты

қылқындырыпты. «Апа» деп айтпады деп, екінші қой сойғанда екінші рет қылқындырыпты. Қазақта қылқындыру ырымы бар деп еститінмін. Бірақ оны бір-ақ рет өткізу керек. Біз үлкен тәтеге «бұл ырымды өткіз» деп, айтпағанбыз. Ол кісі жақсы болсын деп, өз ойымен істегені.

Үйге келген соң телефонға да бармады. Екінші күні Қызылжарға логопедка бардык. Ол кісі: «Ашуландырмау керек, кітапты дауыстап оқу керек, жайлап-жайлап кетеді», - деді. Уақыт өтіп жатты, ақырын сөзге келіп, бірақ тұтығып ұзақ айтатын болды. Жомартты үйдің жұмысына көп жұмсамадық. Бір жылдан кейін желтухамен ауырып, больницаға түсті. Аман-есен тәуір болып шықты.

Бірінші сентябрь күні мектепке кеткен. Мені мектепке шақырды, бір бала мертігіп қалыпты деп. Учительскийге кірсем, ортада Жомарт отыр! Ал оның алдында мектепке кіре берісте Шарипова Қадиша-апа айғайлап, ашуланып шығып келеді екен. Менімен амандаспады.

Жомарттың жанында Жусиев Есмағзи-аға. Мектепке кіре бере Шарипова Қадишаның баласы - Аманбай лезвиенмен бел омыртқадан кесіп жіберіпті. Костюм, рубашка, майкадан өтіпті, арқасы қан-қан болып отыр. Зашивать еттім де, үйге алып келіп, жатқызып қойдым. Шарипова Қадишаның кетіп бара жатқандағы сөзі «күйдіріп жеңдер, пісіріп жеңдер» дегені не деген сөз деп ойлап едім. Одан да мені көргенде осылай-осылай деп түсіндірмей ме? Шешесі кінәлі емес қой, бірақ Аманбайдың айтқаны, «лезвие өткір ме екен деп көрейін деп едім», - деді. Жомарттың арқасында шрам әлі бар. Қадиша жеңгей Атасын «Бөле, бөле» деп жүретұғын, өйткені шешем Әзира Әлсейітқызы Қабай ауылының қызы болғасын, Қадиша апаның бергін келе кездескенде ештеме айтпағаны түсініксіз. Қазіргі уақытта Қадиша апа да, Аманбай да бұл өмірде жоқ. Иманды болсын!

Бір күні начальный класты бітіргеннен кейін, мектепте ағаштан істелген киімлігіш вешалка құлап кетіпті. Балалар итеріп қалған киімдерін алып жатқанда. Әйтеуір,

трахогы аман. Қызылжарға тағы келдік. 2 шов салды, көзін байлап барғанбыз, тағы бір жұма байлап қой, деді. Жаксы айтуеір, Алланың көмегімен жазылып кетті.

Шекен Қасымович - директор школы. Ол кісінің баласы - Бейбіт екеуі дос болды. Осы екеуі біздің үйде көп болды. Тағы Қарабеков Ағлан бірге оқитын, Исмагулов Дидар бар, т.б. Көп бала жиылып, әрбір үйдің терезесіне тоқылдақ орнатыпты. Енді сіздің үйге қояйық па десе, неге қоймасқа, қоямыз деп, тоқылдатты. Өздері әрмен жерде отырады екен де, сымнан әлсін-әлсін тартып отырады екен. Ол сым да біздің үйдікі, сол сым далада қалмапты.

Сепаратордың обмоткасы күйіп, жанымызда конторға қарай қазіргі Сейдахметов Ойрат пен Багдагүлдің отырған үйлерінде Журавлев деген электрик-инженер тұрды. Сол кісіге апарып бердім, «перемотаю» деген соң сол обмотка ол үйде біраз жатты. Ол кісінің қолы тимей, сол обмотканың сымы көп үйдегі адамдардың тыныштығын бұзған. Кешірім сұраймын, қазір өзі де пенсионер, ол кезде жастық шақ, мен өзім осының бәрін енді біліп жатырмын.

Мен өзім ойлап жүретінмін, біздің балалар тәртіпті, әкесі мұғалім болған соң деп ойлайтынмын. Зәмзәгүлге рахмет, кішкентайынан осы інілерін қарап, бертін келе үйдің бүкіл жұмысын, сабағын кіршіксіз орындағаны үшін. Ал Жомарт баламыздың дұрыс емес қылықтарын енді өз аузынан естіп біліп жатырмын.

Бірде Жомарт пен Маратты қораға жібердік, көмір әкелуге, қолдарына шелек беріп. Бір уақытта Марат баламыз кіріп келіп: «Шығындар, қораларың күйіп жатыр»,- дейді. Жүгіріп, далаға шықсақ, қораның көмір тұратын бұрышы жанып жатыр. Жанымызда қазір Ссралин Жанболат тұрған үйде Гончаренко Иван тұрған. Ол үйде үлкен су құятын чан болған. Сол үйден су тасып, көршілер көмекке келіп, сөндірдік. Сол көмекке келген бүкіл адамдар тамақ ішіп, далаға шықсақ, қора әлі сөнбепті. Қайтадан су тасып, сөндірдік.

Жомарт пен Марат көмір алуға барғанда қорада жарық жоқ. Қабық жағып, жарық қылмақшы болған. Көмір

төбеге сәл-ақ жетпей тұратын қабықты бір темірге өткізіп, жоғары көтерген ғой, көмір жап-жарық болсын деп. Ал олар қабықты төбедегі сабанға (жақын тұрған) тигізіп отыр. Сабанды сөндіргенмен, баяғыдан жиналған көк қайта жанып, сөнбеген, қайта жанғаны содан. Осы жағдайдан кейін бұл екі жігіт ештеме бүлдірмеді.

Сабақтарын жақсы оқыды.

Жаңа жылға қарсы бір екі күн қалғанда Қостанайға келдім. Ауылдың күйеу баласы Аманжол деген жігіттің жеңіл машинамен. Келіншегі – Сауле- Садуақас атаның қызы. Осы қайын жұртына келген ғой. Мен сол баламен Жомартқа ет апарып келейін деп едім, жақсы бала Аманжол «жарайды, таңертең ала кетемін, - деді. Қостанайға келдік Аманжол үйіне. Сәуле-қызымыз қуанып жатыр – «жаңа үйге ауылдан сіз бірінші келдіңіз» деп. Ул. Сейфуллина көшесінде тұрады екен.

Жомартты іздеп келдік. Қыс. Суық. Сәуле биік өкше етік киген. Аяп кеттім! Анаған барамыз – Жомарт жоқ, мына общежитиеге барамыз – «Жомарт деген жоқ» дейді. Үйге келдік. Сәуле шай қойып, ішпеймін дегеніме болмай, бір шәшке ішкізді. Ұйқы болған жоқ. Аманжол үйінде таңертең Сәуле бөлесіне Қайдарға звондап, Жомартты тауып берді. Әлгі біз барған общежитиеде, бірақ жоғарыда екен.

Келдім Жомарттың комнатасына. «Папаны тастап неге келдің? -деп, бала маған ұрсып жатыр. Бұл 31 декабрь күні еді. Жомарт жұмысқа кетті, ет пісіретін кастрюлясы кішкентай екен. Екінші этажға шықсам, ылғи қыздар, кастрюля сұрап алып, шұжықты пісіруге қойдым, құлақнан ысып дайын болғанда, Жомарт келді. Екеуіміз отырып, тілегімді айтып жатырмын:«екеу бол, үйлен, жалғыздық құдайға ғана жарасқан» - Жомартта үн жоқ, тыңдап отыр, ештеңе айтпайды. Ертеңіне үйге кеттім. Звонок, Жомарт звондап тұр. «Не болды? Тыныштық па әйтеуір? «Аман-аман. Папа, мама, мен үйленемін! «Әй, сен кеше мен барғанда неге айтпадың?»- дедім. «Не осмелился!- деді.

«Жомарт үйленгісі келеді, - деп, інім Манабайға звондадым. «Жарайды, бұл жақсы жаңалық кой!- деді. Сәрсенбі күні Атасы екеуіміз Манабайларда. Ол кезде ол - Ыбыраевта директор совхоза, Күләш бухгалтер рабкомитетте. Манабай үйіне келсек Серік пен Мәрзия отыр. Ішімнен ойладым - бұл үйден тез арада шықпаспыз деп. Бірақ олай болмады. Серік тез кетіп қалды.

Ыбыраевтан Сергеевкаға шықсақ, Жанболаттың үйінің алдына екі машинаны қатар қойған. Дастархан жаюлы, бешбармақ, арақ, түрлі-түрлі тағам. Серік Ыбыраев тұр: «Біз сіздерді шығарып салайық!» -деп. Серік, жатқан жерің жайлы болсын! Өмірден өткенше «апалап өтті. Артта қалған Мәрзияң, балаларың, немере жиендерің аман болсын!

Волга машинамен, рольде Мұрат Манабай інімнің жиені, Атасы, Манабай, Күләш Байгереевна және мен қараңғы түскенде құдалардың үйіне Докучаевоға жеттік. Біздерді күтіп отыр екен. Жақсы қарсы алды, қондық. Екінші күні Рақымжан үйі шақырды.

Үйге Ыбырайымызға келдік. Ертеңіне мен түскі тамаққа келіп, газға шайнекті қоя сала, келін алатынымды айтайын, жаңалықпен бөлісейін деп, Жұмабай үйіне бардым. Атасы мектептен әлі келмепті. Сара-апа мен Қапиза-апа шай ішіп отыр екен. Маған бір кесе ғана іш деп отырғызды. Енді үйге келсем, үй көк түтін. Газды тұтатқан сіріңке сөнбей, ішіндегі шырпыларға қосылып жанып, терезенің шторына жақындап, нан жазатын тактайдың бұрышы жанып жатыр. Сөндіріп, енді қарасам, көше жақтан Атасы мектептен келе жатыр екен. Ал, мен болсам қаш, сумкамды ала сала. Нурқанов Марат жаққа қарай зыттым. Үйде тамақ бар деп, ал кешке келгенде ұмытады. Так и было! Атасы «не болды?» деп сұраған да жоқ.

Сөйтіп, Райхан келін қыста келді. Екі күннен кейін кетті Қостанайға. Сол кездері айлық ақшамызды төрт-бес айда жинап бір-ақ беретін. Ақшамызды жинап, Жомарттарға квартира алдық улица Таранадан. Қазір осы Райханым күтіп отыр.

Батыр болып туды

Марат 22 декабрь 1970 туған. Туғандағы салмағы - бес килограмм болды. Туғанда ақушер әйел «богатырь» родился деді. Босанбай тұрып бұрыннан білемін ғой, қаншама босанатын әйелдерді әкеліп, ақушерлердің қолына табыстайтынмын. Енді сол роддомға кіріп, звонок соқпай кіріп, шешініп жатырмын. Арғы жақтан «біреу өзі келіп, шешініп жатыр дегені естілді. «Бұл мен ғой,-дедім. Ақушерка - зор денелі Валентина деген орыс әйел еді. Жақсы адам.

Марат бір жасқа толғанда оқуға Қызылжарға бір айға кеттім. Балаларды Ақсуға апарып тастап. Ауылда күтетін кісілер бар. Үлкен тәтенің жақсы қарайтыны белгілі. Ол кезде «бара алмаймын, бала кішкентай» деген сөзді айта алмаймыз. «Барасың», бітті. Жиналып кетесің. Онда общежитиесі бар. Таңертең теориясы, түстен кейін - практика. Қаланың әр жеріне барамыз.

Марат бірге толғасын, садикке барды. Колясканы шанаға қоямыз. Маратты отырғызамыз, кейде Жомарт екеуін отырғызамыз. Зәмзәгүл өзі коляскадан ұстап, жүгіріп отырады.

Маратпен Жомарт садикке бір жылдай ғана барды. Содан кейін үйде қалдыратынбыз. Зәмзәгүл бес жасында Жомарт, Марат, Мұратқа қарады. Ползункилерін дайындап кетеміз.

Ұлым Марат мектепті өте жақсы бітіріп, Москваның «Горячкин атындағы институт инженерів сельхозпроизводства бітірген. Бірақ бітіріп келгеннен кейін, Алматыға әскерге кетті. Борышын өтіп болғаннан кейін, бізге звондады, «үйге келейін бе?» деп. Біз айттық: «Жұмыс болса, қала бер» деп. Сонымен инженер баламыз военный работник болып кетті. Қазір пенсияда. Зайыбы Жанар.

Марат үйге келгенде, ұйықтамайды. Үйдің жұмысын бітіріп кеткісі келеді. Таң атпай тұрып алып, самауыр қояды. Самауырдан шай ішкенді жақсы көреді.

Марқұм Сара-апаға «мисс Тұяқа» деп, ат қойған. Үйдегілер бәріміз білеміз, кім келе жатқанын: «Мисс Тұяқа келе жатыр!» дегенде. Сара апамыз «көзім көрмейді дейді, кәмпиттің шоколадың қалай тандайды екен», - деп, жүретін.

Бір күні үлкен тәте мен Марат шай ішіп отырыпты. Үлкен тәте терезеден мұрты бар кісі өтіп бара жатқанын көріп: «Осы мұртты неге қояды екен? Жек көрем мұрт қойғандарды!» - депті. Сонда Марат, өз мұртын сипалап, «Қиын болды ғой!»- депті.

Жанар келінім - мұғалім болып жұмыс жасайды. Қазіқан қызы. Біз құда болғанда, бұл кісі өмірден озған екен. Құда түсерде, Орынбасар құдағиға келдік әңгімелесуге. Ол кісі Киров деген ауылға кеткен екен. Күттік. Келді. Қарсы алды. Темірғали мен Фаридан-құдағи тойдың күнін белгілеп қойыпты. Той болатын күні Мараттар үйден ерте шықты.

Немереміз Мадина медколледжді, университетті үздік бітірген. Биолог мұғалім. Сабинка алтын белгімен мектеп бітірді. Университетте оқиды. Мәржан мектепте үздік оқиды. Жандос мектепте де, үйде де ерке жігіт.

Сумканы әкетті

«Балаға үміт арту - әкенің қарызы, ақтау - баланың парызы», - дейді қазақ халқы. Балаға үміт артқан ұл-қыздарымыз ұлы мақсатқа ұмтылсын, жұмылып елге көркеюіне өз үлестерін қосса дедік. Тәрбиелеуін халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ «Адамның бақыты – балада» деген. Баладан немере тәтті деген тағы бар. Өйткені, немере - ең бірінші ұрпағының жалғасы. Аллаға мың да бір рахмет, шүкіршілік етесің, соларға қарап-әулеттің ертеңін көз алдына елестетесің. Олардың сәби күлкілері риясыз сан түрлі қылықтары жаныңа күш-қуат әпереді. Таза періштенің көңілімен айтқан әр қылықтары, сөздері қызықтың қызығы.

Мадинка екі жас болмай мен Ыбыраевқа алып келгенмін. Алматыға барып, өздері «алып кет» дегенсоң,

Мадинканы алып, поезға міндім. Поезд қозғалды. Қол былғап, Жанар, Марат қалды. Мадинка қолымда, жылап келеді. Содан попутчиктардың біреуі қолынан алып еді, жылауын қойды. Сосын менің қолымнан жетектеп проводник жаққа келдік. Ол жақта мұрты бар, әкесі сияқты бір жігіт ұйықтап жатыр екен. Бетін газетпен жауып алыпты. Сол кісі бізге әжептәуір көмектесті.

«Папаға барайық», - деп, мені сүйреп әкеледі. Ол әлі тұрмапты. Енді тағы бір келгенімізде ол тұрған екен. Мадинка: «Кеттік. Ол папа емес,- деді.

Содан кейін үйге келдік. Бірден Атасына жүгірді. Жұмысқа кетемін. Келерде «МАМБА» сатып, ала келемін. «МАМБА» бар ма?» - деп сұрайды. Мен «жоқ» деймін. Ол мені отырғызып, қарайды, лифчиктың сыртынан ұстап. «Ба, Ба», - дейді. Ол «МАМБА» бар» деген сөзі. Р-ға тілі әлі келмеген.

Жаздың күні болатын. Қойдың кезегі келіп, жексенбі күні болатын. Осы тұяқ көшесі қойды бөлек бағамыз. Қабайлар бөлек. Школ жактағылар жеке-жеке бағады. Кезек айына бір рет келеді. Қойшы – Атасы. Тамақ дайындап, сумкаға салып, Жоламанға бардым. «Атасына түскі тамағын апарып келші», - деп.

Ол келіп, сумканы алып кетіп, бара жатқанын Мадинка көріп қалыпты. Жүгіріп келіп «әже, сумканы әкетті, - деді. Мен оған түсіндіре алмадым. Сумкамен Жоламан кетіп барады. Соңынан Мадинка екеуіміз келе жатырмыз сумканы құтқаруға. Қойға Жоламан да жетті, артынан біз де жеттік. Енді үйге кетейік десем, Мадинка: «Жоқ, мен қой бағамын», - деп, қойларды қуып, біраз жүрдік қойдың соңында.

Дастархан жәйіп, қойшы, қойшыға тамақ жеткізген Жоламан, Мадинка бәріміз далада тамақ іштік.

Ыстықтадым

Тағы бір кезек келді. Атасы әлгі кішкентай сумкаға газет салады. Бутылкада суы бар. Танертең салқын деп тері

зелеткесін киіп кеткен. Түсте тамақ апару керек. Мадинка, Сабинка үшеуіміз келдік. Каша рисовая, құймақ, жұмыртқа, компот абрикосовый дастархан жайып бәріміз тамақ іштік. Қойлар жатыр. Өттең, сол кезде соткамыз болса, кәртішкеге түскен болса, кәзір қарап отырар едік. Ыдыстарымызды жинадық. Бір қой қоздапты. Сетка алып барғанмын. Соған қошақайды салып алдым. Күн ыстық болатын.

Атасы айтты: «Мына зелеткені ала кетіндер, маған енді керегі жоқ», - деді. Жүктеріміз көп. «Сабина, сен арқаңа жамылып ал», - деп, зелеткені соған бердім. Сабина «ыстықтадым» деп, жолда тастап кетіпті. Оны үйге келген соң «зелетке қайда?» десем: «анда қалды», - деп отыр. Артынан келген ізімізбен барып алып келгенім бар.

Төрт күн ғана қалды ғой

Мұрат Ыбыраевта орта мектепті алтын белгімен бітірді.

Военный университет бітірді. Қарағандыда тұрады. Зайыбы Жанар - мұғалім. 3 баласы бар. Үлкен ұлы - Әмір. Университет бітіріп, Алматыда магистратураны үздік бітірді. Асылхан - студент. Ақылбек мектепте оқиды.

Мұрат Қарағандыда жұмыс істеп жүрді. Үйге келгенде «үйлен-үйлен» деп айта беретінбіз. «Өзі Қарағандыда қыз жоқ па, өзі» дейтінмін. 1998 жылы Атасы пенсияға шыққанын тойладық. Той аяқталған кезде Мури звондады, үйленетінін айтты. Сонда Зәмзәгүл мен Мараттың төрт күн қалған кететіндеріне. Балалар «біз тойды өзіміз көтеріміз» деп, келісті.

Бірінші құдағиға звондап, сөйлестім. «Енді біреулерің құдалыққа келіндер», - деді. Бәріміз ұйғардық - Атасын жіберейік деп. Сол күні екі-үш сағаттан кейін Атасы Қарағандыға жолға шықты. Чемоданға плюш, пиджак, кэмпит салдық. Атасы тойдан кейін шаршаған, жолда ұйықтамаған. Барғасын «Жалғыз неге келдің?» - депті. Давлениесі көтеріліпті, мұрны қанапты. Мен бірге барар

едім тойға. Төрт күн ғана қалды ғой. Әйтеуір, құдағиға рахмет келіскені үшін!

Тойға дайындалдық. Ең бірінші - жылқы керек. Таңатар Кельдигуловтың машинасына Жұмабай, Марат, өзім міндім. Көктерекке бардық - жоқ, Алқа-ағашқа бардық – жоқ. Көрші ауылдарды аралап жүрсек, сондағы кісілер айтады: «Бізге неге келдіңдер? Өздерінде Файзоллада бар, Тұяқбаевта бар!» Тұяқбаев Қонысқа келсек, ол кезек бағып жүр екен. «Ия, менде бар. Екі жыл құлындамаған бие», - деді. Жұмабай: «Жақсы екен. Осыны алайық!» - деп, алдық. Биеміз өйдағыдай, семіз болды. Бағасы жиырма мың. Ең бірінші бас келген соң бәрі болады ғой, қалған тамақтар, овоцтар да сәтті келді.

Мурикерді Пескиден күтіп алу керек болды. Марат «келінімді грузовой машинамен әкелмеймін», - деп, Қайролла қажы-ағаның жаңа, түсі қызыл «Жигулиін» сұрап, сол «Жигулимен» әкелді. Келінімнің аты Жанар екен. Құдағи, құдағидың бөлесі, қайын сіңлісі, досы Майра келді. Майра бүгіндері жоқ, иманды болсын! Еті тірі адам еді! Өлең айтатын, толық адам еді. Тойды өткізіп, құдаларды Пескиге дейін Марат Қазбек досымен «Газель» тауып, апарды. Өздерімен бірге бір қой сойып салып жібердік.

Атасы екеуіміз Қарағандыға этәйдің бірінші немересі - Әмір туғанда бардық, үлкен секті сойып, т.б. шашуымыз бар. Шайда Жанар «грильж кәмпит салды. «Жанар, балам, қайдан білдің менің «грильж кәмпитін жақсы көретінімді?» - дедім. Содан бері өздері келерде обязательно грильж әкеледі және түрлі салаттар дайындап әкеледі. Мынаны сентябрьде, ананы ана уақытқа ашу керек деп айтып кетеді! Көп рахмет! Құдағиға рахмет - менің немерелерімді бағып жатыр ғой! Осы Күлмәрәй құдағидың аркасында дүкеннен аяққа киетін танкетки алмаймыз - бірнеше түрін берді, тоқығаны да бар.

Бізге бұйыртсын деп, жүрдім

Екінші рет Қарағандыға Руслан үйленерде Атасы құдалыққа «Жаңа-арқаға» дейін барды. Ал мен тойға бардым. Бұл келінімнің аты – Әлия. Келгеннен бері менің туған күніме музыкальнй подарок жібереді телерадиодан! Қуанып мен отырамын, рахметімді айтып, аман-есен болуларын тілеп!

Той үлкен бір ресторанда өтті. Ол кезде Майкен-құданың ағасын сол тойда көрдім, Әлияның нағашы-атасын да көрдім. Ол кісі дәл музыка ойнап жатқан жерде отыр екен. Жақын келіп амандасқаннан кейін: «Аға, ана жаққа барайық» - десем, ол кісі: «жо, жоқ, мен музыка тыңдап отырмын», - деді. Бұл кісілер де бұл өмірде жоқ! Иман байлығын берсін!

Әлия қыз кезінде Руслан екеуі Ыбыраевқа келгенде, алыстан көргенде, маған ұнап қалған. Руслан таныстырмаса да, мен сырттай батамды беріп «бізге бұйыртсын» деп, жүрдім! Әлия Майкенқызының анасы - Ақжарқын ұстаз болған, көпті көрген кісі. Шешесін көріп, қызын ал деген мақал осыдан қалған шығар. Тәрбиелі де тәртіпті бүкіл келіндерім! Аман болсын бәрі де!

Майкен Хасанұлы ертеректе өмірден өтіп кетті. Майкен-құда бұрын Ерлан деген баласынан айырылып қалды авариядан. Қайрат-Гүлнұр құдағиымды алақандарына салып, бағып отыр.

Есімде Руслан бірінші сыныпқа өту үшін комиссиядан өткені. РайОНОдан мұғалім, мектеп завучы, Жменько Валя – садиктің бастығы, профсоюз, барлығы 8-9 адам. 1-классқа, орыс мектебіне апарар алдындағы экзамені. Апарушы – мен. Ал Русланға тауықтарға жем беріп тұрған ақ халатты әйел адамды көрсетіп, «Мынау кім?» - деді. Садикте Исмағұлов Баянның әйелі - Мария жұмыс істеген. «Это - тетя Маша», - деді Руслан. «Бітті, мы прошли», - деп, баланың қолынан жетектеп кете бердім. Осылай Руслан баламыз орысша оқуға, 1-сыныпқа алынды.

Руслан Қостанайда Жоғары милиция мектебінде оқыды. Зайыбы Әлия банкте жұмыс істейді. Диас мектепте. Асқар да оқушы. Әдия садикке барады.

Біраз қыдырып келдім

Гүлжан-қызымның жоғары білімі бар. Шал-ақын ауданында старший инспектор. Жолдасы Ғали екеуі бірге жұмыс істейді. Ұлдары – Максат, Асхат – үздік оқушылар. Алихан садикте. Қолынан бәрі келеді! Керемет ұйымдастыру қабілеттері бар! Және бізге ылғи жан ашып тұрады! Жүгіріп келіп, тойдың түрлі-түрлі жұмыстарын істеп кетеді! Ақылы көп!

Кәмшат-қызымның да жоғары білімі бар, абыройлы облыстық кітапханашы. Қызылжарда тұрады. Кәмшат өз еңбегімен биік жетістіктерге жетіп жатыр! Облыстық кітапханаға Кәмшатты районнан шақырып алыпты. Жақсы еңбек ететінін біліп! Оны басқалардан естідік. Өзі – өте карапайым, айта қоймайды өзі туралы.

Биыл жол түсіп Гүлжан қызым мен күйеу бала Ғалилардың арқасында біраз қыдырып келдім. Руслан, Әлиялар бешбармақ пісіріп, дайын отыр екен. Қайрат-құда біздерді күтіп, Жаңа-арқаға алып кету дайын тұр. Мури ертеңіне Жаңа-арқаға келінім Жанарды, Ақылбек екеуін Алматыдан күтіп алып келетін болды. Біздер 2 машинамен шықтық, күн ыстық, июльдің он алтысы. Мені Қайрат-құданың машинасында кондиционер бар деп отырғызды. Русланның машинасында Кәмшат, Гүлжандар. 2 машинамен жарысып келе жатырмыз. Жол жақсы, Қызылжар мен Шал ақын ауданының арасындай жер деген. Жаңаарқаға 2 сағаттан артық жүріп келдік.

Келе жатып, Қарағандыда тұратын Әлия-келінімді аяп кеттім де, «Қайрат!»- дедім. Осы Жаңаарқада сіздерді кім ұстап тұр, бәріңіз Қарағандыға неге көшіп келмейсіндер?» - деп қалдым. Қайрат-құдада үн жоқ. Келдік. 3 сағаттай жүрдік, білем. Өзім шаршадым, жәй отырып. Манты, дастарханда кесе қоятын бос орын жоқ.

Кеш болды, паркке бардық. Мақсат, Асхат, Алихан, Диас, Асқар-ағатайым, Адия немерелеріме керегі осы екен. Халық өте көп, түрлі-түрлі ойындар. Балаларға күшті болды.

Менің кеткім келіп 12де үйге Талғат күйеу баласы әкеліп тастады. Ертеңіне таңғы шайдан кейін Майкен-құда мен Ерлан-құданың басына барып, дұға оқыдық. Тағы 2 машинамен районның көрнекті жерлерін араладық. Ақжарқын ұстаздық еткен мектебінің жанынан өттік. Қымыз құйып тұрған қызды көрдік. Біраз қыдырып, үйге келдік. Дастархан жаюлы, үсті толып тұр. Шай іштік, қымыз ішіп жатырмыз. Сол шайдың үстінде кешегі жолда айтқаным үшін Қайрат-құдадан кешірім сұрадым. Майкен-құданы, Ерлан-құданы тастап, үйлері, жайлы салынған ешқайда кетпейтіні түсінікті болды.

Түскі бірде Мури Жанар да келіп қалды. Бешбармак келді, қымыз, жеміс жидектері арылған емес дастарханнан. Жан жақтан Майкен-құданың қарындастары келді жолдастарымен. Жақсы отырыс болды. Кешке қарай есіктің алдына далаға дастархан жайып, шашлык жедік.

Аяқтала бере Жомарттан хабар келді – Райханның анасы қайтыс болыпты. Қарағандыдан Мури Астанаға әкеліп, поездға отырғызып кетті. Жаназасына үлгердім.

Балаларға бақыт тілеп отырдық

1974 жылы Нұрлан туғанда Көпен үйде болды. Осы жылы Этэй мен Көпен 2 баламен болек шықты. Кейін этэйлер жаңа үйге школ жаққа көшті.

Бұл үйде олардан кейін Абай Жұмабаев пен Күлмэрәй тұрды. Оның алдында Зейникамал шешеміз тұратын. Зейникамал шешеміз Әсия қолдан суп пісіргенде нанды жайып ұзыннан кеседі екен. «Әсия далаға шыққан кезде әлгі кескен лапшаларын мен тағы ортасынан кесіп-кесіп қоямын, - дейтін. Жарықтық, иманды болсын!

Нұрлан үйленерде Көпен-келінім, Жанар-келінім Ыбыраевқа келді тоймалға қой керек деп. Атасы ертерек

дайындап қойған ірі, ақ, сеп-семіз қой бар да. Ертең ұят болмасын деп.

Содан кейін бізге той бұйырмады. Бірақ іштей тілеп отырдық балалар бақытты болса екен деп. Гүлнәрдің шешесі звондап: «Сендер тойда болмайтынын білгенде, мен тойды болдырмас едім! - деді. Біздер рахметімізді айттық. Құдағиымыз – Жанболған - өте ақылды адам еді. Биыл өмірден өтті. Қолында мәпелеп өсірген немересі Ерболдың мектеп бітіргенін көре алмай кетті. Дамир немересінің жоғарғы оқу орнын бітіргенін де көрген жоқ. Түпей-құдамыз да дүние салған. Бұл кісілер шөбере-шөпшек көрген, көп жасаған адамдар. Жатқан жерлері жайлы, иман байлығын тілеймін! Ұрпақтарына құдамыз бен құдағиымыздың жасын берсін деймін!

Мен қалада больницада бір жыл жатқанымда жұмыстан кейін Нұрлан баламыз бен Гүлнәр-келін әрбір апта сайын келіп тұрған. Үлкен рахмет. Дамирінің қызығын көрсін! Сергеевкаға келе қалса біздерге келмей кетпейтін.

Бұларды Мұрат пен Ботакөз де қарсы алып, бажалар жақсы араласып жүр. Бота - менің коллегам. Больницада көріп қалса, амандасуы түзу, кабинетіне шақырып алатұғын. Менің жолымды берсін дейім Ботаға. Мұрат - электрик. Біздің үйге келіп, көмек бергені де есімде. Ерболы өсіп, өніп, соның қызығын көрсін!

Балаларыма тілейтінім мықты денсаулық, келіншектері көмек беріп қай жұмыс болмасын, Алла күш қуат беріп, аман жүрсе екен дейімін.

Тілек

Кім мәңгілік бұл жалғанда?

Шіркін, уақыт бір орында тұрмайды, таңның қайырлысын, күннің нұрлысын берсін, ақ таңмен бірге жақсылық, сәттілік, табыс, береке, бірлік несіп етсін! Туысқандар аман болсын! Туысқаным бір қамалым. Сол қамалды құлатпаңдар! «Туысқанмен тату бол» - деген бір сөз - әкем Төлеген аманаты.

Әрбір атқан таңым үшін, қолдағы барым үшін
Аллаға мың рахмет! Тілеген дұғаларым жетелейді биікке!

Адамның ойлағаны емес, Алланың қалауы болады!
Дін түспеген жүрек, күн түспеген түнек, Аллаға рахмет!
Бәрібір қонақ екенбіз. Жазылған маңдайға құдіреті күшті!
Құдай барлығымызды үрейден аулақ, сасқалақтағанда
сабыр, қиналғанда қисынын тауып шығатын ақыл мен
парасат берсін!

Бұрын, жұмыс істегенде үйде отырмайтынмын.
Шаршамайтын едім. Қазір жұмыс жоқ. Бәрін есіме алып,
Ыбыраевтың адамдарын есімс алсам, көбі жоқ. Арасында
бір мезгіл ойлап қоямын, жалғыз қалғандаймын. Күнде-
күнде жатарда өзім оқып, бәрін жинаймын! Асықпай,
ешкімді дұғадан қалдырмауға тырысамын. Ал төсекке,
жастыққа басымды қойып, телефоннан әдемі дауыспен
нақышына келтіріп оқылатын дұғалар – «Ықылас» сүресі,
«Фалях» сүресі, «Нас» сүресі, т.б. 3 реттен айтқызып,
бетімді сипап, ол дүниелік болғандарға иман тілеп,
балаларыма, немерелеріме амандық тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ел бірлігі
сақталып, жеріміз тозбай, тамырын тереңге жайса - соған
Алла пана болсын! Кәрілер жастардың алдында болсын!
Артымызда жастар өсіп, өркендей берсін! Немерелерім
аман болып, шөбере сыйласын! Еңбектері жемісті болып, 17
немерем мен бір шөберем Нариман көбейе берсін, өсе
берсін! Енді немере-келіндерімді көргім келеді. Алла сол
күнге жеткізсе деймін!

Алтын Төлегенқызы Сәдуақасова

Қысқаша

ТАРИХ ИЕСІ	1
ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒУ	3
ТУҒАН ЖЕРІМ	4
АҚ-СУ.....	4
АНАМ КУЛКАМИЛА.....	6
ҚАРАҒАЙ МЕКТЕБІНДЕ.....	9
ДӘРІГЕР БОЛУДЫ АРМАНДАДЫМ.....	12
ЛЕСХОЗ.....	14
БІР ЖЫЛАҒАН ДАУЫС ЕСТІЛЕДІ.....	15
ӨҢГІМЕЛЕСУ.....	16
ӘЗИРА ШЕШЕМ.....	16
АТАСЫ. МЕЙРАШ.....	19
ӘТӘЙ.....	26
БҮКІЛ ӨМІРІМДІ ХАЛЫҚҚА АРНАДЫМ	29
ҚОРЫҚПАЙ КІРІСЕТІНІМ БАР.....	29
ӨМІРЛЕРІН САҚТАП ҚАЛҒАН КӨП.....	31
ОРЫСША КҮШТІ СӨЙЛЕЙ АЛМАЙМЫН.....	33
ТІСТІ ОРНЫНА САЛЫП ҚОЙ!.....	35
МАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АҚШАСЫН КЕТІРМЕ.....	36
БАЛАЛАР АУЫРСА.....	37
АЛЛА САҚТАЙ КӨР!.....	38
ӘР ТҮРЛІ ШАҚЫРУЛАР БОЛДЫ.....	39
ЫБЫРАЕВ АУЫЛЫ	41
ЖЕКСЕНЫ ДЕГЕНДІ БІЛМЕЙМІН.....	41
БІРГЕ ТУМАСАҚ ТА, ТУҒАНДАЙ БОЛҒАН.....	42
БӨЛЕМ.....	48
ҚОЛЫНДА ҮЛКЕН БАЛТА.....	49
ЖОЛЫНДЫ АҚТАП ҚОЙДЫМ.....	51
АМАНДАСҚАНДА, ҚАТТЫ ҚЫСАТЫН.....	52
КӨРШІЛЕР.....	52
БАЛАЛАРЫН КӨРГЕНДЕ - ЕРЕКШЕ ҚУАНЫШ.....	55
ӘКЕЛ, ТЫҒЫП ТҰРСЫҢ!.....	58
Ә, МІНЕ, ЖАЗЫЛЫП КЕТКЕНІМ!.....	59
КАБИНАСЫНАН ТҮСЕ АЛМАДЫ.....	60
КЕСЕ ҚОЯТЫН ЖЕР ҚАЛМАЙТЫН.....	61
БӘРІН БІЛЕТІН.....	61
ӘЙ, ҚАЙЫРШЫ, СУМКАҢ ТОЛДЫ МА?.....	62
ПОГРЕБИНЕ ТҮСІП-ШЫҒУЫ.....	63

Елі Жаңажолдан.....	63
Ініңді көбірек айтасың.....	65
СӘДУАҚАСОВТАР ӘУЛЕТІ.....	67
6 ТЕНТЕК.....	67
Үлкен төте.....	70
Көзімнің жасын төгіп.....	75
Басқаша көзқарас танытты.....	78
Күнде-күнде келіп тұрды.....	83
Бәрімізге ат қойды.....	84
Депутат інім.....	84
Атасы көпейді жақсы көруші еді.....	86
Маған қаймақты өлшеп беріңдер.....	87
Көп жақсылық көрдім.....	89
Ұйымдастыратын.....	89
Мені ұятқа қалдырдыңдар.....	91
Санаспайтын.....	91
ҰРПАҒЫҢМЕН МЫҢ ЖАСА ДЕЙДІ ҚАЗАҚ!.....	93
Бала ырысымен келеді.....	94
Ойыншықтай машина.....	100
Уайымдамаңыз, далада қалмайсыз.....	101
Қайдағы қонақ.....	102
О жақта нең бар?.....	103
Батыр болып туды.....	109
Сумканы әкетті.....	110
Ыстықтадым.....	111
Төрт күн ғана қалды ғой.....	112
Бізге бұйыртысын деп, жүрдім.....	114
Біраз қыдырып келдім.....	115
Балаларға бақыт тілеп отырдық.....	116
Тілек.....	117
ҚЫСҚАША.....	119

